

815093
11

Ғалым Қадірәліұлы

35026
И

АҢСАҒАН МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Қызылжар қаласы
2001 жыл

Ғалым Қадірәліұлы

АҢСАҒАН МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Қызылжар қаласы
2001 жыл

84.5 K612
v. 14

"Асыл мұра" әдеби-ғылыми орталығының
ұсынуы бойынша басылып отыр.

Рецензент: **Әскер Әбілқайыров**, белгілі журналист.

Редактор: **Амантай Арықбаев**, белгілі журналист, Облыс
әкімшілігінің жауапты қызметкері.

Ғалым Қадірәліұлы. Аңсаған менің ауылым.
Қызылжар, 2001, 120 бет.

35026

Бұл кітапта облысымызға танымал ұстаз Ғалым Қадірәліұлы
туған ауылы, оның көрнекті адамдары, ағартушылық қызметі
жайында сыр шертеді. Сонымен қатар ата-тегінің шежіресі де жа-
зылған. Кітаптың танымдық, тәрбиелік мәні зор.

ISBN 5-7667-8609-3

012
© Қызылжар, "Асыл мұра" орталығы.



ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!

Кімнің болмасын туған елін, өскен жерін, ауылын аңсауы заңды құбылыс. Алайда, жүректен ұшқындаған сағыныш сезімін өрнекті сөзбен жеткізу екінің бірінің пешенесіне жазылған сый емес. Десекте, өздеріңізге ұсынылып отырған «Аңсаған менің ауылым» атты осы шағын кітабымды кіндік қаным тамған еліме, жақсылығымды асырып, кемшілігіме мұңайып жүретін ауылдастарыма деген жүрекжарды ыстық лебіз, көрікті көкей сазы ретінде қабылдарсыздар.

Кең жұртшылықты аса қызықтыра қоймаса да, бұл еңбек осы жинақта есімдері аталған жақын жұрағаттарым, ағайын-туыстарым және балаларым мен немерелерім үшін естелік-кәде жүгін толық көтереді деп сенемін.

Өткен күндерден белгі ретінде ізгі ниетті көздеген алғашқы қолтумамды түсіністікпен қабылдаған әр оқырманға нұрлы да сырлы болашақ тілеймін.

**Ғалым
ҚАДІРӘЛІҰЛЫ**

АЛҒЫ СӨЗ

Ғалым Қадірәліұлы облысымызға танымал зиялы азаматтардың бірі. Саналы өмірінің 35 жылдайын бала оқытуға, мектеп жұмысына бағыштаған Ғалекенді облыстың төрт бұрышында білмейтіндер кем де кем. “Мұғалім – мектептің жаны” деп Ахмет Байтұрсынов айтқандайын ССРО-ның және Қазақстан Республикасының “Білім беру үздігі” Ғ.Қадірәліұлы оқыту-тәрбие саласының ыстығы мен суығына бірдей шынығып, “ұстаз” деген қызығы мен қиындығы мол, ауыр да болса, абыройлы еңбек төрінен көрінген білікті маман, кәсіпқой мұғалім, талапты ұйымдастырушы.

Ғалекен осынау еңбек жылдарында алдынан дәріс алып, тәрбие мектебінен өткен өз оқушыларын дәйім білімқұмарлыққа, отансүйгіштікке, қазақтың төл дәстүрлеріне, беріктікке баули жүріп, жас ұрпақ санасына ұлттық намыс, азаматтық парыз сияқты биік адами қасиеттерді бойларына сіңіруге өрелі білімі, өнегелі ісімен шуақ шашқан ұлағатты ұстаз.

Ғ.Қадірәліұлы зейнетке шыққан жылдан қоғамдық істермен айналысып келеді. 1995 жылы ол Е.Бөкетов қорын ашып, мұражай ұйымдастырып, жерлес академиктің есімін мәңгі халық жадында сақтауға мол еңбек сіңірді. Сондай-ақ Ғалекеннің тікелей басшылығымен

осы 2001 жылдың сәуірінде Қызылжар қаласында облысымыздың ардақты азаматтарының еңбектерін халық қазынасына айналдыруды мұрат тұтқан «Асыл мұра» атты ғылыми-әдістемелік орталық құрылып, жұмыс істей бастады.

Ғ. Қадірәліұлының адам қызығарлық көп қырының бірі - ізденімпаздығы, тынымсыздығы. Ол мектеп директоры бола жүріп, жұмыстан бос уақыттарында қолына қалам алып, өзі аралас-күралас жүрген білім-мәдениет қайраткерлері, өнегелі ел азаматтары туралы естелік жазуды әдетке айналдырған. Көңіліндегі көрікті ойларын қоса жазған ол естеліктердің кімге болсын, әсіресе, жастар үшін танымдық және тәрбиелік мәні бар қазына десек артық кетпейміз.

Қолдарыңызға ұстап отырған бұл жинаққа Ғ. Қадірәліұлының әдебиет әлемінің ғұламалары С. Мұқанов, Г. Бельгер және көрнекті ғалым-жазушы Е. Бөкстов сияқты есімдері бүгіндері шартарапқа белгілі мақтаулы жерлестеріміз туралы толғақты ойлары енгізілген. Қаламгердің жинақтағы өзінің кіші Отаны – Шал ақын ауданындағы Кеңес Одағының батыры Ы. Ыбыраев атындағы шағын ауылдың (Бостау) адал еңбеккерлеріне деген ыстық сезімі де шынайы және шырайлы өрнектелген.

Сөз соңында Ғалекені тырнақалды еңбегіңіз көпшілік игілігіне айналып, шығармашылық шабытыңызға қанат бітірсін дейміз.

А. Арықбаев

1. БІЗДІҢ СӘБЕН



Сабит Муканов

Үкітай Рамазанов

Сәбенді жақсы білгенмен дәл жақын келіп, ауызба-ауыз сөйлесудің сәті бірер рет қана түсті. Ол кісіні “білем” дейтінім – мектепте жүрген кезімізде “Менің мектептерім” (“Өмір мектебі”), “Жұмбақ жалау” (“Ботағоз”), “Мөлдір махаббат” кітаптарын сүйсініп оқитын едік. Сәбеннің жазған шығармаларының басқа жазушылардікіне қарағанда тілі жеңіл, мазмұны тартымды көрінегін. Әрі, бір жағынан ондағы оқиғалардың көпшілігі Омбы, өзіміздің Көкшетау, Қызылжар төңірегін қамтитын. Әлбетте Әлти, Торсан билердің болғаны рас. Кітаптарда аталған жер аттары әлі күнге сақталған, шығарма кейіпкерлері Арғын мен Керейден шыққан адамдар. Сәбеннің әдеби мұрасының біз үшін құндылығы да, міне, осында. Марқұм Е. Бөкетов Сәбеннің “Жұмбақ жалауын” мектеп қабырғасында жүр-

генде орысшаға аударған екен. Өкінішке орай, сол қолжазбасы жоғалып кетіпті. Кейін С.Мұқановтың өлеңдерін, әңгімелерін, түрлі зерттеулерін, басқа романдарын оқыдық. Сөйтіп оның еңбегі арқылы көп нәрсені біліп таныдық.

Алпысыншы жылдардың бас кезінде Сәкен Сейфулиннің Қарағандыда өткен торқалы тойында Сәбит Мұқанов баяндама жасады. Міне, осы жолы Сәбенді бірінші көруім еді. Той тарқағаннан кейін Сәбең Долинка (Қарағанды маңы) деген қалада тұратын Қабыкеш ақсақалды тауып алады. Біз де сол үйде едік. Бұл кісі біздің жерлесіміз, Сердалы қажының баласы. Оқығаны да, тоқығаны да мол, белгілі шешен, шежіреші адам еді. Атығай-Қарауылда Сердалы қажының кезінде білмейтін адам болмапты. Одан туған Қабыкеш те әке жолын қуып, молдалық құрып, дін уағыздаған адам. Сәбиттің мұндай адамдарды мүлт жібермей сөйлесіп, өзінің “керегіне жарататындығы” танданарлық жәйт емес. Ол ас піскенше Қабекеңмен оңаша болмеде әңгімелесіп, өзіне қажетін жазып үлгерді. Дәм үстінде ойын-күлкі, әзіл-қалжыңмен араластыра белгілі “асату” рәсімін жасай отыра бағанағы әңгіменің желісін жетілдіре, толықтыра түсті. Қабыкеш ақсақалға әлсін-әлсін сұрақтар жаудырып, негізгі әңгімені нақтылай түсті. Бұл жерде әңгіме белгілі адамдар, батырлар жайында өрбіп жатты. Сөйтіп алғашқы кездесу осылай аяқталды.

Алпысыншы жылдардың екінші жартысында Сәбит Мұқанов біздің облыс бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Сайлау алдында ауылдарды, қаланы аралап, оқу орындары мен мекемелерде болып, сайлаушылармен кездесу өткізді. Сол жолы облыстық қазақ мектеп-интерна-

тында да болып, мұғалімдер ұжымымен, оқушылармен кездескен болатын. Мектеп директоры Ғалым Хамзин, директордың орынбасары Бәрменбай Темірболатов және мен болатынбыз. Кездесу соңында директордың болмесінде аздап дем алғаннан кейін біз: “Ағай уақытыңыз болса дәм дайындайық, қонақасы ішіңіз”, - деп өтініш жасадық.

-Жоқ, әдейі дәм дайындамандар. Уақыт тығыз. Дегенмен “қуыс үйден құр шықпа” деген ғой, интернаттың компотының дәмін татуға болады, -деп қалжыңдады Сәбең.

Біз сол сәтте асхананың аңшысын қуырып, компотын, қуырдағын, тағы басқаларын дайындатып өзімізше сый-сыяпат корсеттік.

-Осы жасымызға дейін талай басты мүжідік, содан шыққан мүйіз қайда? Мына тағамдарың дәмді екен, - деп ол балаша қуанған-ды. Оның қарапайым, кішіпейіл адам екендігін осы жерде тағы бір байқадым.

Әзіл-қалжыңға толы әңгімені шебер айтатын, айналасын думандатып отыратын адам екен. Бірер сағат ішінде әжептәуір әңгіме айтып, бәрімізді бір сергітіп тастады. Солардың есте қалған бір-екеуін айта кетейін.

Біріншісі – Жамбылмен кездесу жайында.

-Жамбыл жайлауда, тау боктерінде, киіз үйде тұрды, - деп бастады сөзін Сәбең. – Көп жылғы өлеңдерінің қаламақысы келіп қалған соң жиналып Жамбыл атамызға тарттық. Аса қашық жер емес, лезде жетіп бардық. Мен машинадан түсіп, үйге кірдім. Қалғандары машинада қалды. Мені Жөкең “Балуан” дейтін. Күреске түсіп балуан атанбасам да, денемнің сомдығы, толықтығы, жиын-топтағы батылдығым, жылпостығым, бойға біткен қасиеттерімді бағалаған болар, Жамбыл мені өле-өлгенше солай атап кетті. Үйге

сәлем беріп, кіріп келдім.

-Уа, Балuanым, амансың ба? Қайдан жүрсің?

-Сізге келдік. Сүйінші, ақша әкелдік.

-Қайдан? Кім жіберіпті?

-Сталиннен! Сталин жіберіпті.

-Қанша жіберіпті?

-Отыз мың.

-Әкелші көрейін. Әй, болса болар, болса болар, - деп ол ақшаның бумаларының қалыңдығын сау-сағымен олшеп жатты. - Ал қасыңда кімдер бар?-деді.

-Мұхтар, Ғабит, Күләш қана, басқа ешкім жоқ.

-Ал, жарайды, бүгін бір тоқтының реті келіп тұр, түссін, бәрін де шақыр,-дейді Жәкең.

“Мүншама ақша келіп тұрғанда Жәкеңнің аузынан қой емес, тоқты шыққаны несі, сараңсың-ау, шал!”-деген ой келді ойыма. Айтқан тоқтыны сол күні жеп тындық...

Сәбеңнің екінші әңгімесі қазақтың әлемге әйгілі балуаны Қажымұқанмен кездесуі жайында.

-Бірде үйімізге қонақ шақырып, жиын откізбекші болдық,-деді Сәбең. - Соның жабдығымен дүкенге шықтым. Көшелердің бір бұрылысында Қажымұқан кездесе кетті. Бетаузы шалбарланып, шымыр, тығыз денесі босаңсып, жүқара түскен екен. Құшақтасып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін: “Қажы аға, кор-мегелі көп болды. Кездескеніңізге қуанып қалдым. Кешке біздің үйге келіңіз, басқа да қонақтарым бар”,-дедім.

-Жарайды, келемін, - деді Қажымұқан.

-Арақ-шарап жағына қалай қарайсың?-дедім.

-Арақты қойғам. Бірақ сыра-мыра жұтатын жағдай-ым бар.

-Сыра болғанда оның мөлшері қандай?

-Біреп шелек алсаң, жетіп қалар.

Сойтіп дүкеннен керек-жарақты алып келіп, семіз қой сойғызып, қазанға сала берген сәтте Қажымұқан елден бұрынырақ келді. Қойдың күйрығын көріп:

-Мына күйрықты әкеңе ас бермессің, боліп-жармай тұтас сал қазанға, - деді. Өлшеп жібергенде қойдың күйрығы 18 кило тартты.

Әлхал, қонақтарым түгел жиналған соң 20 литр бөшкені сырасымен балуанның қасына апарып қойдым. Манағы күйрықты тұтасымен табаққа салып, алдына жеке тарттым. Қойдың күйрығын шеміршегіне дейін жеп, екі шелек сыраны тоңқарып жүре берді балуаның. Шіркін, асылым-ай!

Собит Мұқановтың ұлылығын да, қарапайымдылығын да бірге жүргендер, қасында болғандар біледі. Сол жолы мен депутаттыққа кандидат Сәбеңе қала бойынша жұрт сенген окілі ретінде бірге еріп, академик-жазушының өмірі мен шығармашылық еңбегін, қоғамдық істерін көпшілікке таныстыруға араластым. Әлі есімде энергетиктердің Мәдениет сарайында, бүгінгі С.Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрында сайлаушылармен кездесу кеші өтті. Осы кездесуде мен де сөз алып, ойымды алқалы ортаға ана тілінде – қазақша жеткіздім. Ал, менен басқаларының бәрі орыс тілінде сөйледі. Сөзімді аяқтаған кезде Сәбең орнынан көтеріліп, бетімнен сүйді, құшақтап арқамнан қақты. Кештің соңында үлкен қонақасы беріліп, бас тартылды. Дастархан басында отырғандардың бәріне де Сәбең өз қолымен ет асатты.

“Асату” демекші, ол кісі ауылда, қалада, Алматыда болсын ет асатуды бұлжымайтын әрекетке айналдырса керек. Кейін Сәбеңнің ет асатуы ел арасында аңызға да айналып кетті. Бірде Мәскеуден келген сыйлы қонақ-

тардың бірін асата-асата жақсылап сыйлап жіберсе керек. Кейін ол кісі Қазақстанға үлкен басшы болып орналасады. Қарсы алу жиынында сол бастық Сәбит Мұқановты коргенде “тағы да асату болады екен ғой” деп күрсінген екен. “Асату” желінбей қалған май аралас етті сыйлап жегізу ғана емес, оның шын мәнінде қазаққа қатысты, ұлттық, тәрбиелік маңызы, мәні бар жойт екенін түсіну қиын емес, әрине.

“Қазақша-орысша фразеологиялық сөздікте” (Алматы, “Мектеп”, 1988ж) 186 ақын-жазушының еңбектерінен нақыл, ұлағатты сөздер алынған. Сол сөздікте Сәбит Мұқановтың көптеген қанатты сөздері орын алған. Мәселен “Сегіз қырлы” дегенді былай ажыратады: ол ақындық, әншілік, серілік, балуандық, күлдіргіштік, шешендік, өткірлік, тапқырлық. Маған Сөбеңнің сөзді, мақалды, уақиғаны түбіне дейін егжей-тегжейлі түсіндіріп беруге тырысатындығы сүйінтеді.

Әрине жазушының өзінің сөз мәнері, басқаларды қайталамайтын өзіндік өрнегі болады. Сөбеңнің мына сөздерін басқа жазушылардан кездестірмеген сияқтымын. Олар: “Сатып алған жылқының күйрығын майлау”, “Мұрнын көкке көтерген тәкаппар”, “үя бұзар, шідер үзер тентек” тағы сол сияқты.

-Тағы бір көңілде жүрген ойымды жасырмай айта кетейін. “Әкем өмірі ит мініп, үйрек қамшылап өткен тақыр кедей еді”, -деп суреттейді өзінің шыққан тегін Сөбең. Осы кедейлігін кеше бетке ұстап айтса да, академик жазушы болғанын мақтан ететін. Ғұлама жазушының осы бір астарлы сөздерін кейбіреулер мақтаншақтыққа жоритын. Кешегі кедей бүгін академик болдым дегеннің не артығы бар?! Тіпті басқа ұлттарды былай қойғанда Сөбеңнің теледидардан, радиодан сөйлеген сөздерін сынап, мін тағып жүрген өз ағайын-

дарымызға не айтарсың! Ондай адамдар, меніңше, Сәбенді танымайтындар болса керек. Енді біреулер 37-нің ызғарлы кесепат күндерінде Сәбең өз қаламдас жолдастарын “көрсеткен”, “ұстап берген” деген лақап таратуда. Бұл да жабылған жала, деп білемін. Жиырмасыншы ғасырдың қасіреті ХҮІІІ ғасырдағы “ақтабан шұбырындыдан” кем түскен жоқ. 37-нің аласапыранында баласына әкесін “куә бол” деп кінәлатқанда кім-кімді ұстап бергенін дәлелдеп беру оңай болмас. Бұған кінәлі тек сол кездегі солақай саясат деп білеміз.

Сәбит Мұқанов Сарыарқа өңірінің жыршысы, Арғын мен Керей аталарымыздың ұрпақтарын өз шығармаларының арқауы еткен жазушы, үлкен ғалым. Ата-бабаларымыздың көне тұрмыс-салтын, мәдени дәстүрін соңғы ұрпаққа жеткізген жазба әдебиет алыптарының бірі. Ол қарапайым, түсінікті жазады және оның ойының тереңдігі, философиялық дәрежесі, құндылығы жағынан ешкімнен де кем емес.

Саясат шокпарынан алдымен таяқ жейтін өнер адамдары мен ғалымдар. Өмірден ерте кеткендерді былай қойғанда, кезінде Мұхтар, Қаныш, соңғысы Ебіней сияқты абзал азаматтар да сол сұрқия саясат кесірінен жазаланбаса да, қудаланды. Оның шарпуы Сәбенді де құтқармады. Лайым ол заман енді келмекке кетсін. Ендеше дау-дамайды қойып ұлылардың ұлылығын айта білейік. Сәбит Мұқанов сынды жерлес, академик-жазушының асыл мұраларын мәңгі бағалай білейік.



2. ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗ ЕДІ



Ебіней Бокетов

Қай қырынан қарасақ та алмас қылыштай жалт-жұлт етіп, жарық жұлдыздай нұрын шашып өткен біртуар ұлдарымыз, асылдарымыз аз болмаған. Өткен солардың біразының ғұмыры қысқа келеді. “Білінбей өтіп жатыр уақыт жылжып”, - деп Сегіз сері айтқандай, қызыл-жасыл дүние өтіп жатыр. Солардың ішінде асылы, тұлғалы жерлесіміз, академик Ебіней Ары-

станұлы Бөкетов пайғамбар жасына да жетпей дүние салғаны өкінішті-ақ.

Сөз алдында Ебекеңнің жұмбақ болып жүрген аты-жөнін ажырата кетпекпін. Себебі бұл кісінің аты мен фамилиясы қазаққа ұқсамайды дегенді, әсіресе жастар жиі айтып жүр. Ебекеңнің тетелес інісі (бұлар бес ағайынды) Қамзабайдың айтуынша ұлы атасының есімі “Бокет” деп аталған, ал Ебінейдің шын (азан шақырып қойған) аты – Ебінғабиден болыпты. Алып-қаш деген шағын таза қазақ ауылында туған, ол ауылда мешіт болған. Осындай ортада туған нәрестенің атын мүсілманша қоймау мүмкін емес. Бірақ жаппай жаңа үкімет орнату, колхоздастыру (ұжымдық) шаруашылығына көшіру кезінде, кілең сауатсыздық жағдайында баланың тууы туралы куәлігін толтыруда жіберілген қателе есеп жоқ. Ал орыс арасында тұрған қазақтардың аты-жөні орысшаға айналып кеткені таңқаларлық іс емес. Сайып келгенде Ебекеңнің барлық іс-қағаздары: аттестаты, дипломдары т.б. Букетов Евней Арстанович түрінде толтырылған. Яғни Бөкетов-Букетовке, Ебінғабиден-Евнейге баламаланып, өзгеріп ауысып кеткен. Мұндай жағдай осы күні де екінің бірінде кездеседі.

Бөкетовтар жанұясымен елуінші жылдардың екінші жартысында таныса бастадық. Бір ел, бір тұқым, бір ауданнан болсақ та алғашқы кездесулеріміз көмірлі Қарағандыда болды. Өйткені мен Қарағанды пединститутын (физмат факультетін) бітіргеннен кейін (1959ж.) сол қаланың бір мектебінде мұғалім және директордың орынбасары болып қызмет істедім. Пәтер алғаннан кейін әке-шешемді, іні-қарындасымды сол жаққа көшіріп алдым. Бәлтай апа (бес ұлдың анасы) Бөкетовтар отбасының түтінін тура ұстап, бес ұлды

оқытып, адам қылып қатарға қосқан еді. Олар Ебіней, Қамзабай, Жартас, Шабдан, Есләмбек. Біз Ебінеймен кейін таныстық, бұрын сырттай ғана білетінбіз. Қамзабаймен бұрынырақ танысып, араласып-құраласып жаттық. Әке-шешеміз Бәлтай апамен жақсы көңілдес болып, шай-пүй ішісіп, әңгіме дүкен құрысатын.

Бұл жанұядағы Қамзабайдың орнын ерекше атауға болады. Ағасы Алматыға оқуға кеткенде шешесін, інілерін асырап, жастайынан еңбек етіп, оқу орындарын ылғи сырттай оқып бітірді. Сол біз араласқан кезде Қамзабай Қарағанды қаласында бір құрылыс басқармасын басқарды. Тұрмысы да, дәрежесі де еш адамнан кем болған жоқ. Қамзекеннің туысқа, жерлестерге дегенде жүрегі елжіреп тұрады. Көкшетау, Қызылжар жігіттерінің ақылшы ағасы, қарағайдай қамқоршысы болды. Ойын-тойымызды Қамзекен басқаратын. Өзінің кітабында жазғандай әкесінен ерте қалып, өмір тауқыметін ерте көргендіктен бе екен, еңбекқор, икемделгіш, сезімтал, пысықтық қасиеттері басқа жерлестерге қарағанда әлдеқайда жоғары тұратын. Қамзабайдың тағы бір ерлігі Ебекен қайтқанда, оның атын мәңгі сақтау жөніндегі еңбегінен көрінеді. Зиратының басына ескерткіш орнатты, қолжазба түрінде қалған еңбектерін жинап, баспадан өткізіп жатыр. Университеттің, көшенің атын беру, Қор ашу т.б. мәселелерге тікелей араласты.

Әлі есімде Бәлтай апа ақ жаулығын киіп, ақ сәл-десін одан жоғары орап алып, той боларда елден бұрын келіп қайырлы болсын айтатын. Таза мәсі, әдемі қамзолымен отырғанда төрдің көркі болатын. Ол кезде Қарағандыда мұндай киім кию деген еш адамда жоқ еді. “Әй сен қашан үйленесін”- деп, бойдақ жүргендерімізді “тергеуге” алатын. Сөйтіп елдің сұр бой-

дактарын санап, есептеп отыратын. Ебіней Алматыда қызмет істеп жүргенде осы анасына қажет болмаса да 50 сом ақша салып тұратын. Бұл кішігірім қызметкердің жалақысына тең еді сол кезде. Анаға деген қамқорлықты осыдан да байқауға болады. Апайдың мінезі ауыр болса да, жүзі жұмсақ еді. Сөйлеп кетсе, алдына жан салмайтын шешен, анау-мынауды тәубесіне келтіретін батыл адам болатын. “Алып анадан туады” дегендей Ебіней Бөлтай апаға тартқан-ақ!

Алпысыншы жылдың ақпан айы еді. Ебіней Бөкетов Қарағандыға ауысып келейін деп жатыр дегенді естідік. Қызметі химия-металлургия институтының директорлығы. Келіп орналасысымен әдейі іздеп бардым. Кезегім келіп қызмет бөлмесін ашсам, тордің төрінде ұзын бойлы, толық, зор денелі, батыр тұлғалы адам отыр екен. Мұндай денелі алып адамды Қарағандыда сирек кездестіресің. Ебіней орнынан түрегеліп, қолымды ұстағанда мен оның иығынан ғана келдім-ау деймін. Созді Ебекеңнің өзі бастады.

-Аты-жөніңді айта отыр, - деді күлімдеген көзі, көктем таңындай жайдары жүзімен, жылы ұшырай қарап.

Мен жөнімді айтып, өзімді қысқаша таныстырып өттім.

-Енді шаруанды айта отыр.

-Шаруам онша көп емес. Бар болғаны сізге сәлем беру.

-Онда саған көп рахмет! Дегенмен тегіннен тегін келмеген шығарсың? Өзің қай тума боласың, жөніңді айтшы.

-Руым Атығай. Оның ішінде Бәйімбетке жатамыз. Осында тұрамын. Қызметім ұстаздық. Сіздің жанұямен араласып тұрамыз.

-Облысың Солтүстік Қазақстан болсын. Сонда қай

аудан, қай ауыл?

-Кәдімгі өзіңіздің Сергеев ауданы, Ыбыраев атындағы кеңшар, Ленин ауылы.

-Манадан бері соны айтпайсың ба. Бағанаты мен Лениннің арасы ұмытпасам 30 шақырым болуы керек. Мен де Бәйімбетпін. О, браток болдың ғой! (Бұдан былайғы жерде мені “Браток” деп кетті).

Сөйтіп, бірінші кездесуден-ақ Ебекең де, мен де мәз-мәйрам болып қуанысып қалдық. Ебекең жас жағынан он бір-он екі жыл менен ересектеу.

Бірақ күрбы-құрдастай араласып кеттік. Менің үйлену тойымды (алдынан өту, құдалық рәсімдерін) бастан-аяқ өзі басқарды.

Ебекеңнің қызықты қасиеттерінің бірі - қызметтен қолы босай қалса, әсіресе демалыс күндері әңгіме іздеп үлкендерді жағалауы. Оның ішінде менің әкем Қадірәлі (ескі оқуы бар, әңгімешіл) және Сердәлі қажының баласы Қабыкеш молда (әрі акын, әрі шежіреші – білгір) болатын. Осындай қариялармен кездесіп, әңгіме тыңдау Ебінейдің әдегіне айналған.

Алпысыншы жылдардың орта кезі. Кеншілердің мәдениет сарайында Сәкен Сейфулиннің 70 жылдық торқалы тойы аталып өтті. Үйіліп-төгіліп астанадан, шет жерлерден ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері келді. Олар С.Мұқанов, М.Қаратаев, Б.Момышұлы, Ғ.Орманов, Т.Жароков т.б. Сәкен жоніндегі өз ойларын ортаға салды. Сол тойда Сәкеннің жұбайы – Гүлбахрам, інісі – Мәжит, қызметтес досы – З.П. Катченко қатысты. Осы тойда қарағанды жұртшылығы атынан Ебіней Бөкетов сөз сөйледі, ұзақ сөйледі. Алдымен орысша, одан соң қазақша айтты. Бір қызығы мінбеге шығып сөйлегендердің бәрі дерлік (тілі келсін, келмесін) орысша сөйлеп жатыр. Ебекең сөйлегенде

жұрт таңқалып, түнеріп тұрған қалың бұлт ашылып кеткендей болды. Қалың жұрт ду қол шапалақтап жіберді. Екі тілде ағылып, ақтарылып сөйлегенде жұртшылық өте риза болды. Ебекең тамаша азаматтың еңбегін, халқы үшін жасаған ерлігін айтты. Сөкен армандаған Арқаның бүгінгісін, болашағын айтты. Міне, осы кеште Е.Бөкетовтың үлкен ғалым, тамаша әдебиетші, жезтаңдай шешен екендігіне тағы көзімізді жеткіздік.

Ебекеңмен 1983 жылдың қараша айында соңғы рет кездестім. Ол кезде Қызылжар қаласындағы қазақ мектеп-интернатында директор болып қызмет атқарамын. Мектеп директорларының демалысы әдетте қазан, қараша айларында өтеді. Мектепте оқуды бастап, күрделі жөндеуден өткізіп, қысқа дайындап барып дем алу әдетке айналған. Бірге оқыған жолдастар, қайын жұрт, аға, іні-қарындастар болған соң Қарағандыға жылына бір рет соқпай болмайды.

Жылдағы әдетім бойынша алдымен Ебекеңе кіремін. Бұл кезде ХМИ-ге қайта оралған еді. Көңілі қаяу, үнжұрғасы түскен қалпын көрдім. Кездескеннен-ақ жүрегім аттай тулады.

-О, браток, келіп қалдың ба? — деп бұрынғыдай қарсы алды мені.

-Ебеке, жас жігіттей жіңішкеріп, жасарған түріңіз бар, - дедім мен.

-Қызметті ауыстырғам, браток. Қолым босырақ, спортпен айналысамын. Жаңа көмір-мұнай лабораториясымен шындап кірісіп жатырмыз. Осы Кәдескен (менің әкем жөнінде айтып отыр) осында көшіп келгенде неше жаста еді? — деп тосыннан сұрақ қойды.

-Алпысқа толып, демалысқа шыққаннан соң көшіріп әкелдім, - дедім мен.

-Япырмай, сол кезде біз оны шал деп жүруші едік, бүгінгі бізден ол 2-3 жастай ғана үлкен екен ғой, - деді Ебекең.

-Иә, солай, - дедім мен.

Сол сұрақтың мағынасын кейін түсіндім. Бұл Ебінеймен соңғы кездесуім еді. Содан бір ай өткен соң, яғни 1983 жылдың желтоқсан айында ол дүние салды. Қызмет, дәреже, байлық адам басына торғай сияқты қонып, торғай сияқты ұшып кетуі хақ. Оны Ебекең жақсы білетін адам. Бірақ не үшін кінәлайды, қуғындайды деген ренішті сұрақ нәзік жүрегін маза-лайтын. Бұл да тоталитарлық кезеңнің салқын ызғарының әсері болатын. Өзін-өзі күндейді деп Абай айтқандай, ұлы адамның ұлылығы біреулерге “кедергі” болатындығы сөзсіз. Мәселен, Мұхтар да, Қаныш та түрмеде отырған жоқ, айдауда да болған жоқ, бірақ қуғын-сүргіннен шет те қалған жоқ. Ілияс, Сәкен, Мағжан, Үкілі Ыбырай сияқты арыстарымыз атылып кетті. Ебінейдің олардан періштелері артық па еді? Оның да қақпанға түсуі таңданарлық жәйт емес. Тасы өрге домалап, атағы жер жарып, әйгілі бола бастаған ғалым, әдебиетші Ебіней Бөкетовты көре алмай жала жапқан өзәзіл анонимшіктер, жымысқы өсекшілер, пасық пасквилшілер бұл кезде де табылып жататын.

Бірақ шындық, ақиқат әрқашан жеңеді. Өтірік пәлсіннің беті ашылып, ондай пасықтарға күл пашылды.

Кезінде К.Е. Ворошилов Қазақстанға келген сәтінде шеткері отырған екі адамға қарап: “Қазақстанда аса ардақтайтын екі асыл адам бар, олар Қаныш Сатпаев пен Мұхтар Әуезов”, - деген екен.

Дәл осындай сөзді ел басшысы Н.Назарбаев айтты: “Кезінде біз екі академикті бағалай білмедік, олар Қаныш Сатпаев пен Ебіней Бөкетов”.

Ебіней Бөкетов өмірден 58 жасында кетті. Бірақ артында ұланғайыр ғылыми және әдеби мұралары қалды. Ебекеңнің өмірі келешек ұрпаққа үлгі, мұралары рухани қазына болып қалары сөзсіз.

Ебіней Арыстанұлы Бөкетов көп қырлы күрделі тұлға. Оның барлық қыры мен сырын түсіну, сыйпаттап жазу әсте мүмкін емес. Олай жасау үшін Ебікеңнің өзіндей адам болу керек. Қамзабай Бөкетов сексенінші жылдардың басында (Ебекең қайтқан соң) өзінің ағасы үшін терін төгіп, қаншама еңбек етті. Ғалымдар армиясының көмегімен әділетсіздіктің бетін ашты. Соның нәтижесінде Ебекеңнің жарық көрмеген еңбектері жарыққа шықты. “Аяулым еді, асқар тауым еді” деген тамаша кітап жазып, Ебекеңнің балалық, жастық шағын, одан кейінгі жарық өмірін елге паш етті. Әттең ол кітап “Друг мой, брат мой” деген атпен орысша жазылып шықты. Ебіней Арыстанұлының ғылым саласындағы ұлан-ғайыр табыстарын оның сүйікті шәкірті академик Виталий Павлович Малышев өзінің “Поступью командора и пророка” деген кітабында айқын суреттеп жазған.

Ғалымның Алматыдағы, Қарағандыдағы әріптестері, шәкірттері, Қызылжардағы ескі достары, жақын туыстары, замандастары екі тілде (орыс мен қазағы, кәрісі мен немісі) бірігіп естелік кітаптарын шығарды. Сол авторлардың көбі елімізге әйгілі адамдар: Ә.Тәжібаев, Қ. Салықов, М. Сәрсекеев, А. Брагин, З. Қабдолов, М. Әлімбаев, Ж. Бектұров, Е. Зікібаев, М. Елеусізов, Ә.Байешов, Шоға Уәлиханов т.б.

Қызылжар қаласында облыстық ғылыми-техникалық кітапхана А.Е.Бөкетов атында. Осы кітапхананың ғимаратында Бөкетов қоры және мұражайы орналасқан. Мұнда ғалымның ғылыми, әдеби мұралары –

кітаптары жинақталған. Соңғы екі-үш жыл ішінде академиктің сонау елуінші жылдардан бергі газет, журнал беттерінде жарияланған (әдеби, сын, аударма) мақалалары т.б. жинастырылған. Мектеп оқушылары, студент жастар, жас ғалымдар Ебскеңнің еңбектерін оқып, үйреніп, зерттеп, баяндамалар, рефераттар, курстық жұмыстар, дипломдар жазып, мұражайды толықтыра түсуде. Жуырда ғана қаладағы “Красноармейск” көшесі Ебіней Бөкетов атымен аталатын болды.

Е.Бөкетов ғылыммен түбегейлі айналысты, әдеби еңбектері де, күнделікті тұрмысы мен өмірі бәрі де ғылымға арналды. Мәселен, әдеби шығармаларының өзегі Абай, Шоқан, Қаныш, Мұхтар, Ишанбай мен қатар Менделеев сияқты орыс ғалымдары болып келеді.

Ғалымдардың ең басты міндегі шаруашылыққа тиімді жаңалықтарды іздеп тауып, оларды өндіріске енгізу болып табылады. Қазақстан Ғылым Академиясы Қарағанды химия-металлургия ғылыми-зерттеу институты (ХМИ) қайнаған өндірістің, буырқанған байлықтың дәл ортасында орналасқан алып ғылыми лаборатория еді. Бұл институттың тағдыры да Қаныш Имантайұлы Сәтпаевпен тығыз байланысты болатын. Енді ғана көтеріліп келе жатқан институтты басқару ісі жас ғалым Ебіней Бөкетовке тапсырылған еді. Одан үміт күттіреді деп қана емес, үлкен сенім де бар екенін білді Қанекен. Әйтпесе сол кезде Алматыда доктор да, академик те аз болған жоқ. Сәтпаев баулыған бала күс қыран болып аспанға самғады. Ғылым докторы, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, академикі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты деген дәрежелерге ие болды.

Ертеде қазақтар Орал тауының етегіне малын жайып, көшіп-қонып жүргенде қазан-ошағын, құрал-жабдықтарын орыстардан мал беріп сатып алған. Тұрмысқа керекті заттарды ол кезде зауытта құйып, ұсташылар соғатын. Олар темірді балқытып, соғып керекті бұйымдарды сататын. Орал маңы тұнып тұрған темір-байлық. Сол байлық кейін Қазақстаннан да табылды. Соғыс жылдары көшіп келген зауыттардың жабдықтары Теміртауда металлургия зауытын ашуға көп септігін тигізді.

Теміртау – бұрынғы “Жауыртау” атанған жер.

Жауыр таудың жұлығын

Сүйіп Нұра өзені.

Күннің тартып жылуын

Жатқан ағып кезі еді, - деп Тайыр Жароков айтпақшы жауыр аттың арқасы сияқты айғыздалып (тақырланып) жатқан кішігірім шоқыларды қазақтар “Жауыртау” деп кеткен. Бұл жерде темір кені жоқ. Тек Нұра суын тоқтатып, көл жасау үшін Жауыртаудың бауыры ойпаң болғандықтан лайықты деп табылған. Ол көлдің жиегінде келешекте электр станциясы мен зауыт салынды.

Қажетті су Ертіс, Нұра өзендерінен алынады. Жауыртаудың жұлығын сүйіп жатқан Нұра өзені тоғандалып, Самарқанд су қоймасы үлкен көлге айналды. Елуінші жылдары осы көлдің жағасында Қарағанды металлургия комбинаты салынды. Онымен қатар сәулетті жаңа Теміртау қаласы бой көтерді. Жауыртау “Теміртау” атанды. Зауыттарға, қала халқына тәулігіне 1 млн. тонна су қажет. Бұл мөлшердегі суды Нұра өзені көктемде ғана бере алады. Сондықтан тарихта теңдесі жоқ, сирек кездесетін Ертіс-Қарағанды каналы салынады. Оның ұзындығы 490 км. Ертістен

Қарағандыға дейін 22 күшті насостардың көмегімен су деңгейі жоғары 500 метрге көтеріліп жеткізіледі. Бұндай алып құрылыстарды ұйымдастыратын Қаныш Сәтпаев екендігі белгілі.

Осындай ірі құрылыстардан, техникалық жаңалықтардан Ебіней Арыстанұлы да шет қала алмағаны сөзсіз.

Қостанай жеріндегі Соколов-Сарыбай, Лисаков кендерінің ашылуы ені 20 км., ұзындығы 100 км-ге жететін ұлан ғайыр өңірді алып жатқан кенді жеңіл қопарып алуға табиғат өзі дайындап қойғандай. Темір қабаты жер бетіне жақын жатқандықтан топырақ бетін сыпырып тастап техникамен машиналарға, вагондарға оңай артып жіберуге болады. Ақмола-Қарталы темір-жол қатынасы да осыған көмектесем деп жанасып тұрғандай. Бұл кеннің Қарағанды зауыттары үшін пайдалы екенін де дәлелдеген осы ХМИ-дың ұжымы, Ебіней Арыстанұлының да үлесі аз емес.

Иә, Отанымыздың, Орталық, Солтүстік өңіріндегі қайнап, асып-тасып жатқан ең байлығын игерді де, пайдаланды да бүкіл Одақ.

Қарағандыдағы химия-металлургия ғылыми-зерттеу институты академик Бөкетов басқаруымен қандай жаңалықтар ашты?

-Екібастұздың арзан көмірін пайдалану әдісі, Жезді мен Атасу кендерін қорытудың жаңа, тиімді әдісі ХМИ-де ашылған болатын. Институт берген ұсыныстардың нәтижесінде Балқаш комбинаты, Пышма (Свердлов облысы) электролит зауыты, Павлодар ферробалқыту, Қарағанды синтетикалық каучук, Шымкент фосфор зауыттары Одаққа миллиондаған сомның пайдасын келтірген еді,- деп жазады Ебекең.

Егер алпысыншы жылдардың басында ХМИ тәжі-

рибені Ақтөбе, Застафон (Грузия), Павлодар қалаларындағы зауыттарда жүргізіп, жақсы нәтижелерге жетсе, алпысыншы жылдардың аяғында ашылған жаңалықтарын өндіріске енгізу Қарағанды, Нижнетагиль, Ижевск зауыттарында жүзеге асты. Соның нәтижесі болар, Қазақстан Ғылым Академиясы ХМИ-дің жұмысын жоғары бағалап, оның ашқан жаңалықтары жаппай өндіріске енгізілсін деген қаулы қабылдайды (президиумда).

Бөкетов бастаған ғалымдар мен инженерлердің бір тобы Балқаш мыс қорыту комбинатында жасаған тамаша тәжірибелерінің нәтижесінде ашқан жаңалықтары үшін мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Әдетте, бір өндіріс екіншісін тудырады. Көмір, мыс, темір өндірісімен қатар Қарағандыда химия өнеркәсібі де тез дамыды. “Химияның бір ғажабы жоқты бар етіп, керексіз қоқысты іске асыра алады”, - дейді Ебекең. М.Горькийдің бір сөзі бар: “Химия ғажабтар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз үшқыр ойының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласында тапқан”.

Ебіней Бөкетовтың қоғамдық өзекті мәселелерге араласпағаны кем де кем-ақ шығар. Солардың бірі табиғат қорғау, яғни экология проблемалары. Бұл жерде Ебекеңнің бей-жай қалмағаны былай тұрсын, ол ғалым ретінде үлесін қосып және үгітін де жүргізіп кетті. Яғни табиғат – ана, табиғат – бала, табиғат – орман, су, ауа, тіршілік аясы. Барлық тіршілік табиғаттың мөлдірінен ғана жүтса, тәні де, жаны да сау болады. Ебекең осыларды айта келе: “Табиғатты жайлы қалпында ұстауға адамның күдіреті жете ме?” – деп сұрақ қояды да, оған тиянақты, сенімді жауап та береді.

Адам баласы табиғаттың дүлей күштерін бағын-

дырып, пайдаланып жатыр. Гидроэлектростанциялары салынуда, шөл және шөлейт жердің таңдайын жібітіп каналдар жүргізілуде (Ертіс-Қарағанды, Қаракұм т.с.с.). Бәрі дұрыс. Ал бірақ тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Қазақстанның көп жері нысапсыз жыртылып тасталды. Соның салдарынан ағаштар қурап, өзендер тартылып, көлдер сарқылып барады. Қопарылған тас, алынып жатқан құм, ойраны шыққан карьерлер мен кені қазылған үңгірлер жер бедерінің сәнін кетіріп тұр. Құрып бара жатқан Арал арнасы бәрі-бәрі көз алдымызда. Міне табиғаттың тепе-теңдігі осылай бұзылады. Ол ол ма, ұзын-ұзын трубалардан зауыт мойындарынан үшқан зиянды түтіндер ауаны, суды ластауда. Сол түтіндермен бірге азот, күкірт, көмір қышқылдары, күйе, тозаң т.б. газдар шығып жатады. Ал шындығына келгенде, солардың бәрі асыл, қымбат керекті заттар екен ғой.

Адам өміріне қатер төндіретін зиянды жағдайларды адам өзі жасап жатыр. Жасыл ормандар мен өсімдіктер, жануарлар азайып, адамның денсаулығы төмендеп барады. Ауа мен су бүлінгеннен кейін көмірдің қос тотығы көбейіп, Жер планетасы бірте-бірте жылынып келеді. Табиғатты қорғау – адамды қорғауға ауысып отыр. Жер бетінің бір бөлігіндегі өзгеріс бүкіл планетамызға әсерін тигізуде. Мәселен Арал теңізінің тартылуы, Семейдегі және т.б. жерлердегі атом жарылыстары, атом станцияларының қопарылыс беруі бәрі де табиғатқа жасалынған тағылық.

Ал Жезқазған кенінен аса қымбат ренийді бөліп алғанда сол кеннің 3-ақ проценті ғана іске асады. Лениногор полиметал комбинатында селен мен теллур элементтері түгелімен іске асырылмай сыртқа шығып жатады екен. Соколов-Сарыбай кенінен тек темір ғана

ажыратылады, ондағы мыс, мырыш, қорғасын, күміс, алтын, күкірт, кобальт элементтері ысырап болып, қоқыс балшықтың арасында қалады. Атасудан келген кенді домна пешіне салғанда германий металы текке кетіп жатыр. Лисаков кенін Қарағанды металлургия комбинатында қорытқанда 48 пайыз темір алынады. Ал ол кеннен фосфор, ванадий, глинозем алуға болар еді.

Еліміздегі үйіліп жатқан темір-терсек, метал сынықтарын, машина, механизмдер қалдықтарын дер кезінде жинап алсақ онда жүз мыңдаған тонна көмір т.б. отындар үнсізделер еді.

Жер байлығын пайдалану үлкен проблема болып келеді. Мәселен шахталар, зауыттар, үйлер, жолдар салуда, кен қопаруда, жердің құнарлы қыртысы (қара топырағы) сыдырып тасталады. Енді ол жердің құнарлылығы, бұрынғы қалпына ешқашан келмейді.

Е.Бөкетов табиғатты қорғау үшін алдымен ауаны, сосын суды, жалпы кеңістікті зиянды газдардан тазартуымыз керек, сол үшін күресуіміз керек деген қағиданы айта келе ғылыми тұрғыдан дәлелдеген ой тұжырымдарын ұсынады.

Қазба байлықтарын қопарғанда топырақты тау-тау қылып үйіп тастамай орнын тегістеу қажет.

Кенді қорытып, не ажыратқанда құрамындағы заттарды керексіз деп лақтырып тастамай, оларды түгелімен іске жарату керек. Сонда қалдық болмайды, орта ластанбайды.

ХМИ зерттеулерінің нәтижесінде мәселен, Өскемен қорғасын-мырыш кенінің 20 түрлі затының 17-сі іске асырылады, ал одан 28 түрлі зат өндіріледі. Сондықтан қалдық өте аз.

Қарағанды қаласының маңындағы шахталар жа-

былғаннан кейін тау-тау болып үйілген қалдықтарды, ғалымдардың ұсынысымен құрылыс жұмыстарына кеңінен пайдаланылды. Соның нәтижесінде жер беті тегістеліп, метан газының иісі кетіп, қала ауасы тазарғандай болды.

ХМИ ғалымдарының зерттеуі арқасында зауыт мұржаларынан шығып жатқан зиянды көмір тотықтарын карбит пештерін қыздыруға, ал кальций тотығын металл зауытында күкірт қышқылын ауаға жібермей ұстап қалатын сүзгі ретінде пайдалануға болатындығы ХМИ-де ашылды.

“Энергия көзі — газ, мұнай және көмір. Осыларды жағу арқылы жарық, жылу, тоқ аламыз. Бірақ бұлар қымбатқа түсіп отыр. Жиырма бірінші ғасырда энергияны желден, ағын судан, теңіз толқынынан, күн көзінен т.б. табиғаттың дүлей күшінен алармыз. Бұл мәселе келесі ұрпаққа жүктеліп отыр”,-дейді Е. Бокетов.

Ебіней Арыстанұлы Бокетов алдымен ғалым. Сондықтан да бар іс-әрекеті, ғылыми еңбектері, әдеби шығармалары ғалымдар, ұлы адамдар жөнінде болады. Ресейдің физика, химия саласындағы ірі-ірі ғалымдарымен тығыз байланыста болады. Кеңес Одағы Ғылым Академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері, физикалық химия институтының директоры Виктор Иванович Спицынмен достық қатынаста болды. Бір-біріне хат жазысқанда Вике (Викторды) және Еке (Ебінейді) деп кеткен көрінеді. Негізгі пікірлері ғылым, ғылыми зерттеулер болып келеді. Ебекең көмір химиясы жөнінде көп ақылдасып, көп пікір алысады.

Дегенмен көмірден мұнай өнімдерін алу мәселесін Ебекең өз жолымызбен шешуіміз керек деген пікірде қалады. Түрлі қиындықтардан кейін бұл лаборатория

да ашылады. Оны басқару дарынды жас ғалым Болат Ермағанбетовке тапсырылды.

Ебекең тау-кен институтында оқып жүргенде, аспирантураға түскенде, кейін осында қызмет істегенде Пономарев, Бричкин, Гульницкий секілді ғұлама ғалымдардан дәріс алды. Олар бір кездері, соғыс уақытында Ресейден көшірілген интеллигенция өкілдері болатын. Кейін кемеліне келіп, білімі молайған кезде Одақтың асқан академиктері, бетке ұстар ғалымдары Келдыш М.В., Александров А.П., Фрумкин А.И. тәрізді адамдармен араласып, терезесін теңестіргендей болды. Одақтық конференциялар, ондағы жасалған баяндамалар, ашылған жаңалықтар Е.Бөкетовты көтермей қойған жоқ. Академик А.И.Фрумкин: “Қазақстанда электрохимия мектебін шын мағынасында Бөкетов мектебі десе де болады”, - деген еді. Бұл үлкен баға, үлкен дәреже!

“Шамның жарығы түбіне түспей, маңына түседі” дейді халық. Ебекеңнің ер жетіп, есін білгелі көргені атақты Қаныш Сатпаев. Ебекең мұндай ұлы адамды бір сәт есінен шығаруы мүмкін емес. Бұл жерде Қанекең Ебінейді қалай білді деген сұрақ туары сөзсіз. Бұл сұраққа мен өзімше жауап берер едім. Ебіней Арыстанұлы жас кезінен алғыр, жетік болды. Мектеп қабырғасында жүргенде В.Маяковскийді, С.Есенинді жатқа айтып жүреді. С.Мұқановтың “Жұмбақ жалау” романын қазақшадан орысшаға аударарды. Студент, аспирант кезінде көптеген кинофильмдерге, пьесаларға (соның ішінде Қырғызстан елі де бар), әдеби шығармаларға, аудармаларға талдау жасап, сын мақалалар жазады. Сол кездері Алматы жұртшылығының көзіне ілігеді. Қанекең мұны да байқаған болуы керек. Кейін кандидаттық дәрежесін қорғағаннан кейін, ин-

ститут басшылығын алған соң (директордың орынбасары) ғылыми жұмыстары да көріне бастаған. Бір ғажабы баспа бетінде, конференцияларда сөйлеген сөздері де елді елең еткізуші еді.

-Менің ХМИ-де директор болып істегеніме алты-ак ай болған, Қанекен телефон соқты, - деп бастады бір әңгімесінде Ебекең. – Менің Алматыға жедел келіп кетуімді өтінді. Әңгіме Жездінің марганец кенін іске асыру жөнінде болатындығын ескертті. Алматыға келіп, ақсақалдың кең кабинетіне кіріп, амандықтан кейін бірден істің мән-жайына көштік. Мен өз ойымды айттым. Ол оны толықтырып, түзетіп отырды. Ол әртіннен ойлайтын адам, ғылымда бәрін қамтуға, төмемдауға болмайды, тек болашағы мол істі сезе білу керектігін ескертті осы жолы президент...

Ебекең айтуына қарағанда, Қаныш Сатпаев сөзі де, ісі де жинақы, тиянақты болып, тіпті үкіметке жазылатын қағазға дейін ұқыптылығын әр кез көрсетіп отырады. Тынымсыз еңбекқор адам.

Соғыс жылдары Никополь марганец кені жау қолында қалғанда Магнитогор болат қорыту комбинатында қиындық туады. Сол кезде Қ.И. Сәтпаев Жезді кенін пайдалану мәселесін ұсынады. Сол кенді қорытудың, пайдаланудың жаңа технологиясын ХМИ-ге тапсырады. Ұсыныстар, кездесулер мәселенің түйінін байқап, шешу, даналық ойлар Ебекең үшін үлкен бір мектеп болды.

Отыз жасында өтіп кеткен Шоқан қазақ халқының ғылымға үлкен үлес қоса алатындығын дәлелдесе, осы заманда өмір сүрген Қаныш халқымыз дүниежүзілік ғылымға да сүбелі үлес қоса бастағанын көрсетіп кетті.

Қанекеннің ұстазы академик М.А.Усов. Баянауылда

болғанда М.А.Усов Қаныштың зеректігін байқап, Томскіге шақырады. Сөйтіп Томск тау-кен институтының геологиялық барлау бөліміне оқуға түседі. Бұл жерде ұрпақтар жалғасы сияқты ғалымдар жалғасы жөнінде айта кеткен жөн. Мысалы Шоқанның атақты досы Г.И.Потанин Канекең оқуға барарда бір-екі-ақ жыл бұрын Томскіде қайтыс болады. Потанин Г.И. Шоқанның өмір тарихын, ғылыми еңбектерін жинастырған. Ал, Г.И. Потанин, В.А.Обручев, М.А.Усов мейлінше дос болған. Қазақтың тұңғыш инженері Ә.Ермеков те (екіншісі Қаныш) Томскіде оқып, Усовтың тәрбиесінде болған. Ұлыларды ұлылық, ғалымдарды ғалым жалғастырады. Шоқан мен Қаныш ұлттық ғылымның екі ғұламасы. Арасын дәнекерлеген орыс ғалымдары еді. Шоқан Уәлиханов, Г.И.Потанин, В.А.Обручев, М.А.Усов, Қ.И. Сәтпаев араларындағы дәстүрлі үндестік, шынайы достық байланыстарда бір заңдылық бар сияқты. Сол заңдылық жібiнiң бiр ұшы Ебіней Бөкетовке де тиіп жатқан жоқ па?!

Орталық Қазақстан шексіз бай өлке. Алдымен Қарағанды қаласын өнеркәсіп, мәдениет, ғылым орталығы ету, химия-металлургия институтын ашу, одан соң Ғылым Академиясының бөлімшесін ашу жөніндегі Қ.Сәтпаев ойларын Ебекең ойдағыдай орындады. Ондағы мақсат Орталық және Солтүстік облыстардағы дарынды жастарды ғылымға тарту болатын. Бұл мақсатты Е.Бөкетов ойдағыдай жалғастырды. Ғылымның бұлағын өзен етемін деген ғұлама ғалым Канекеңді кейбір тоғышарлар өз мүддесіне икемдейміз деп тырысады. Солармен күресемін деп, тәрбиелеймін деп жүріп, сол тоғышарлардың қамауына да түсіп, қиыншылық көрген кезі де болды.

Ебіней Бөкетовтің жүріп өткен жолы айқын. Әр

адамның басында кездесетін қиыншылық та, жақсылық та, дәреже де баршылық. Сол жолдың тамаша жылдары, өмірінің жарқын беттері Қарағанды қаласында өтті. Ширек ғасырдай ғана уақыт ішінде ақылы асып, кемеліне келіп, асыл арманына жеткендей болды. Бірақ армансыз адам болған ба. Осы кезеңнің соңғы сүреңсіз күндерін естен шығарып тастай аласыз ба?

Табаны күректей он екі жыл ХМИ-ді басқаруға кетті. Бұл ғылымның шыңына шығуға кеткен пайдалы, жемісті жылдары деп есептеу керек.

Қарағандыда мемлекеттік университет ашу (республикадағы екінші) мәселесі қойылғанда оны кім басқарады деген пікір туғаны сөзсіз. Оған Ебіней Бөкетов лайық делінгені де шындық. Бұл Ебекеңнің өскені ме, әлде сол дәрежеде қалғаны ма? Ол жағын Ебіней де, оны ұсынған, қолдаған адамдарда ойлаған жоқ. Ал мына ХМИ не болады? Оны енді кім басқарады? Бұл мәселеге келгенде ешкім де қинала қойған жоқ. Бұл институтта 12 жыл ішінде Ебекең тәрбиелеген ғылым докторлары жеткілікті еді. 3. Молдахметов, Ж.Әбішев сияқты дарынды шәкірттері баршылық болатын. Мен жастарға сенемін дегендей Ебекеңнің орнын басатын жастар аз емес.

-Мен өмір бойы құрылыспен айналысып келемін, сондықтан мені құрылысшы десең де болады. Тау-кен институтын, ХМИ-дің жаңа ғимаратын, Қарағанды университетінің жаңа шаңырағын көтердім, солардың басы-қасында болдым, – деп, Ебекең мақтанышпен айтып отырушы еді.

Сол университеттің басшысы болып тағайындалғаннан кейін құрылыс, кадр, материалдық база сияқты күрделі мәселелермен қатар жастарды тәрбиелеу ісін

де естен шығарған жоқ. Оқу орнының табалдырығын алғаш аттаған студенттермен жүргізген алғашқы әңгімесі, жүрек жарды сөзі, «Алтын босағаны аттағанда» (Жалын журналы 1976) мақаласы жастар үшін үлгілі өсиет сияқты. Сол мақалада былай делінген:

«Жас достар! Жастық жалын, кәрілік күл деген. Мен ескінің арты болсам, сендер жаңалықтың алды боласындар. Алдарыңда арман аялаған алуан сырлы өмір жатыр... Міне, бәрің қарсы алдымда гүл жайнап отырсындар. Байқасам он жеті мен он сегіздің тізгінін енді ұстаған өренсіңдер... Әрқайсыларың әлі-ақ асқаралы азамат болып шығасындар. Әрқайсымыз ата-анаға, ауыл-аймаққа, ағайындарға қарап өссміз. Өсе келе ұлы адамдардан: Абайдан, Шоканнан, Мұхтардан, Қаныштан үйренеміз, соларды оқимыз... Біздер аға ұрпақ өкілдері өзіміздің өмірлік ғибратымызды жастарға айтуға күлшынып тұрамыз. Бұнсыз болмайды. Үлкенді тыңдау, үлкенді сыйлау өте қажет. Жастықтың даурықпа даңғойлығы мол болады. Өзін асыра бағалаймын деп, кеуде қағып жүріп, адасуға, жеңілеттікке ұрынудан сақ болуларыңды қалаймын...».

Міне, Ебекеннің алғашқы сөзі осылай басталатын. Мамандық таңдаудың қиындығын, алғашында алданып қалмауды, асқақ арман үшқыр қиял сезіміне бөленген жастарды ақылға шақырады. Дөрекілік, даңғойлық, дарақылық мінездерден арылу үшін үлкендердің жарасымды әзілін, жанасымды мінезін т.б. жайлы қасиеттерін үйренуіміз керек...

«Біз әлі жаспыз, біздің университет қабырғаларында әлі өзінің атақты түлектерінің суреттері іліне қойған жоқ. Бірақ сендердің араларында да болашақ ғұламалар, атағы жер жарар азаматтар, Қарағанды университетінің болашақ мақтаныштары отырғанына

сенімім зор», - деп Ебекең сөзін аяқтайды.

Бірде Ебекең жарты ғасырлық торқалы тойы қарсаңында тілшілер М.Халиоллин мен А.Сейдімбеков той иесімен сұхбаттасқан екен. Әдеттегідей сұрақ және жауап. Сұрақтарды да, оған жауаптарды да біріктіріп, қысқаша жеткізейік.

-Ғалым болғысы келетін жастарға не айтар едіңіз?

-Қазіргі жастарға көңіліңіз тола ма? Оларға разысыз ба?

-Сізді не толғандырады?

-Аударма жөнінде не айтасыз?

Жауап: асыл тастан, ақыл жастан дейді. Ғылымға күлаш ұрған жастарға жемісті еңбек, сәт-сапар тілейміз! Табиғаттың әлі ашылмай тұңғиығында жатқан ақиқатын іздеп табу жолы ғылыми ізденіс. Ғылым алдымен адалдықты, ерлікті, жүректілікті тілейді. Ондай адам жалған қағиданы жеңіп, адал шындықтың бетін ашады. Одан соң ғылым деген орасан еңбек, қайтпас қайсарлық, ұлан-ғайыр күш-жігер. Отызында жауға шаппаған жігітке қырқында қырып келдім десе де сенбе деген екен. Ғалым адамның жан-жақты болғанын қалаймын. Әр нәрсені іліп-қақпай бір бағытта ғана творчестволық жұмыспен айналысқаны нәтижелі болады. Бірақ әдебиетті, өнерді сүймеген адам шын мәнісінде ғалым болады деп айту қиын. Әдебиет пен өнер адамды тоғышарлықтан, пасықтықтан тазартатын бірден-бір дәру, рухани азық. Абайды, Пушкинді білмеген ғалым да өмір сүрер, бірақ ол адам мәдениетіміз бен ғылымға үлкен үлес қосады деп айту қиын. Ондай адам шарапатты, кеңпейіл, кең өрісті адам бола алмайды.

Қазіргі жастар бұрынғыға қарағанда білікті, білімді, бет әлпеті де, дене бітімі де сұлу, қарасаң көз тоярлық.

Ал бұрынғылар, бізден әрідегілер, сауатсыз болды, көп қиыншылық көрді. Яғни зорлық-зомбылық, аштық, қудалау, соғыс дегендерді көзімен көрді. Олар өмірдің ең ауыр жүгін арқалады. Соны біз білуіміз керек.

Ал, енді одан әрі Ебекең Қаныш Сәтпаев жөнінде еңбек жазып, толғану үстінде екенін айтады.

-Қанекен сияқты ұлы адамдардың ішкі сырын, ой астарын түбегейлі тұтасымен жеткізу былай айтқанда астамшылық болар ма екен.

Дегенмен шешінген судан тайынбас, өз ойымды жеткізуге тырысармын,-деп Ебекең өзінің қарапайымдылығын да көрсетеді.

Енді аударма жөніндегі ойын да айта кетейік. «Өлеңді аударған автордың бәсекесі, прозаны аударған автордың құлы» деген сөз бар. Дегенмен қайсысы болсын аудармашыға оңай шаруа емес. Екі тілді де тез меңгеру, екі елдің де салт-дәстүрін бірдей білу қандай қиын болса, дарынды ақынды, шебер жазушыны қаз қалпында аударып шығу одан да зор қиыншылық. Бұл жерде әңгіме аударманың түпнұсқаға жақындауы жөнінде болып отыр. Ал, аударманың бір ғажабы тілді байытуға, басқа елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін тануға үлкен рухани көмек. Мәселен орыс тілі арқылы Еуропа мәдениетін, араб тілі арқылы Шығыс мәдениетін таныдық. Мысалы Абай Пушкинді, Лермонтовты, Бунинді аударғанда өзінше — абайша аударды. Қасым Аманжолов, Ілияс Жансүгіров ақындарымыз Пушкинді, Некрасовты, Твардовскийді асқан шеберлікпен, шабытпен аударған. Үлкен ақынды үлкен ақын ғана аударар алады деген қағида бар. Дегенмен Абайды орысшаға ешкім аударар алған жоқ. Орыс тілінде Абай жоқ,-дейді Ебекең.

Ебіней Арыстанұлы негізінен ғылым жолында су-

сындап өткен адам. Жастарды да сол ғылымға тартты. Жастар жөнінде, олардың келешегі жөнінде тың және шын сөздерін айтып өткен. Мәселен оқуға түсу – мамандық таңдаумен сәйкес келіп жатпайтындығын сөз етеді. Кейбіреулер жалған елеске еліктеп Шерлок Холмс пен Мэгрэ сияқты боламын деп заң факультетіне, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы жазушы боламын деп филологияға арыздарын беріп, түсе алмай қалған не сан. Ал құдай сәтін салып түсіп кеткендердің бірер курстан кейін шығып қалғандары да жетерлік. Сөйтіп уақыттың текке өтіп кеткенін ондайлар сезбей де қалады. Шынына келсек сайыс, жарыс, конкурс жағдайында мықтылар ғана жеңеді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей оқуға бағы жанғандар ғана түседі. Ебекеңнің қынжылатын жері физика, химия, биология сияқты табиғаттану ғылымдары факультеттеріндегі конкурстың аздығы. Сондықтан осы ғылымдардан хабары жоқ жастар оңай түсіп кетеді. Олар бұл оқуды бітіре алмайды, өйтіп-бүйтіп бітірген күннің өзінде ондайлар ғылымға қандай үлес қоспақ?

Қазақ жастарын ғылымға тарту мектептен басталу керек. Әлі күнге дейін ғылымға құштарлығын арттыратын ғылыми-көпшілік фантастикалық шығармалар ана тілімізде өте аз. Қ. Сәтпаев, А. Жұбанов, Ә. Марғұлан, О. Жәутіков сияқты ғұлама ғалымдарды насихаттау, еңбегімен таныстыру асты-үсті жүргізіледі. Жас ғалым қызылжарлық Марат Айтқожин биология ғылымындағы үздік еңбегі үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты болды. Оның не ашқанын жерлестері білеміз деп қынжылғандық сыңай білдіреді Ебекең. Иә, өзекті мәселелер өзекті өртейді. Соның бәрін жасырмай айтып кеткен ағамызға мында – бір рахмет!

Ебіней Арыстанұлы Бөкетов жерлес-ағамыз, отан-

дық ғылымға молынан үлесін қосып кеткен адам. Біз оны мақтан етеміз. Шіркін осындай ұлдар – жарқыраған жұлдыздар елімізде туа берсе ғой!



Бокетов мұражайында



3. ГЕРА

(Жазушы досым хақында)



Герольд Бельгер

Алматыға жол түсіп бара қалсам бұрынғы Калинин (бүгінгі Қабанбай батыр) көшесіндегі тоғыз қабатты үйге соқпай кете алмаймын. Ал соқпай кетсем, бір жұмысым орындалмағандай, алаңдаумен боламын. Сол үйдегі бір пәтерге кірсең болды, алдыңнан ақ

жарқын жігіт елпендеп есікті айқара ашып, мәз-мейрам болып қарсы алады, төбесі көкке жеткендей қуанады. Екеуміз де бір-бірімізге бастан аяқ қарап, бір шолып өткеннен кейін ғана тілге келеміз.

-Иә, қалай? – деп бұл жолы әңгімені Герольд бастады.

-Бала-шаға, ауыл-аймақ, денсаулық, қызмет жайы?...

-Бәрі де бір қалыптғы,- дедім мен, уақытты көп озырмай, әдеттегідей оны көбірек тыңдайын деген оймен.

-Ғалеке, сұрақтарыма жауапты қысқа қайырдың ғой. Елден кісі келгенде жақсы жаңалық естуге ынтығамыз, - деп бір жағы қалжыңдай әңгіме өуенін ағыта жөнелді.

Япырай, Герольдтің қазіргі мінезі, жүріс-тұрысы бала кезіндегіден айнымайды, тіпті өзгермеген. Сөзден де, істен де, оқудан да алдына жан салмайтын саңлақ, алғыр жан болатын. Мектепте оқып жүргенде табандарына шаң жүкпайтын жүйрік, қыс болса шаңғыдан түспейтін желаяқ болатын. Шаңғы демекші, ақ түнек боранда бір күні шаңғы жарысына қатысамын деп зиян да шеккен: аяғын суыққа шалдырып, ауыр науқастанып та қалды. Әйтеуір, сәтін салып, дәрігер әкесінің көмегімен жазылып кетті.

Бұл күндері Герольд алпыстың орта шеніне шығып отыр. Сонда да қимылы ширақ, беті әлі ажарлы, көзінің оты ұшқындап тұрған жігіт қалпында.

-Қалай айтсам екен: Герольд Карлович дейін бе, әлде бала кездегідей Гера болсын ба?- дедім мен сөз басында.

-Маған бөрібір, өзіңе қайсысы ыңғайлы болса, солай атай бер.

-Жарайды, Гера біз елде, Петропавлда, ал өзін үлкен жерде – астанада тұрасың, оқу-тоқуың мол, шет елдермен де байланысың бар көрегенді азаматсың.

Сондықтан, алдымен жаңалықтарды өзіңнен естіік...

-Соңғы кездегі елеулі оқиғаларды айта кетейін - деп бастады сөзін Гера. Жуырда шығармашылық сапармен Францияда болып қайттық. Менің кокейімде жүрген бір жәйт Абайдың Батыс классиктерімен байланысын зерттеу еді. Оның ішінде Абай мен Гетенің байланысын нақты тарихи деректер арқылы анықтау. Әрине, жүрген сапарларымнан кұралақан қайтып жүргенім жоқ. Оның барлығын тізіп айта беру жөн болмас, сондықтан мен мына оқиғаны пайымдай кетейін. Франциядан оралған соң, Мұқтар Әуезовтың 90 жылдық тойын атап өту үшін оның туған жері Семейге бардық. Қазақтың қонақ-жайлылығын өзің білесің, ол жағын айтпай-ақ қояйын. Сол тойға жер-жерден ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері көп жиналды. Салтанатты мәжілісте шешендердің дені орысша сөйледі. Ал жиналған халықтың көпшілігі қазақтар. Жазушылар одағы атынан сөз маған берілді. Мұқтар ағаның творчествосы және оның дүние жүзілік әдебиетте алатын орны туралы қазақ тілінде айтып бердім. Ауызының суы құрып тындаған жұртшылықтың риза болғандығы сонша, сөзімді аяқтасымен мені мінбеден көтеріп әкетті.

-Адамның ең қызықты, балдай тәтті кезі – оның балалық шағы ғой. Біз ес біліп, кәмелетке толғанша ауылда болдық. Тай-құлындай тебісіп, бірге өстік емес пе? Мектепте бірге болдық, бір сыныпта оқыдық. Айырмашылығымыз - сен бір сыныпты аттап өттің. Сол күндерден қандай із қалды деп ойлайсың? – дедім мен.

-Әрине, бәрі есімде. Қабай-Тұяқ болып “соғысатын” едік қой. Мен – Тұяқ, сен – Қабай. Сонда кейде Қабай, кейде Тұяқ жеңетін. Мен алдымен аудармашы болдым, бұл күндері жазушымын. Есейген шағым қалада өтсе де, ауыл өмірін жазамын. Көптеген әңгіме,

очерктерім, “Тас өткел” атты кітабым және баспаға берілген еңбектерім соның айғағы. Жас, сезімтал кездегі жүректе қалған әсерімді кітап бетіне түсіру менің мақсатым болды. Ауыл адамдары алтын азаматтар ғой. Із қалдыру деген осы да.

- Иә, Гера, менің аталарым – Сералы, Әбілмажын, Ерғали сияқты қарапайым адамдарды қастерлеп олардың бейнелерін асқан шеберлікпен оқырман қауымға жеткіздің. Сенің сол кітаптарыңды, орталық газет-журналдарға шыққан тамаша әдеби, ғылыми еңбектеріңді үзбей оқып тұрамыз. Соларда терең мағына, философиялық ойлар, асқан біліктілік пен әдеби шеберлік бар екендігі байқалады. Сені бүгін бүкіл орыс, қазақ, неміс халқы танып отыр. Ауылды ұмытпағаныңа мың да бір рахмет! Мен білетін тағы бір қасиетің бар, атап айтсақ: мектепте жүргенде Гера, сен әдеби кітаптарды жылдам оқушы едің ғой.

-Ие, мен жасымнан әдеби шығармаларды, соның ішінде классик ақын-жазушылардың еңбектерін өте көп оқыдым. Әрине мен машина емеспін, құпиям сол – әр автордың негізгі, түйінді жерін дөп басып тиянақты оқитынмын да, ал аса маңызды емес тұстарын тастап кетіп отыратынмын. Ол кезде бір түнде немесе бір күнде анау-мынау кітаптарды оқып тәмамдап тастайтынмын.

1983 жылы орталық газеттердің бетінде “Үш тілді бірдей емген” деген көлемді мақала шықты. Онда Г.Бельгердің орыс, қазақ және неміс тілдерін жетік білетіндігі, творчестволық еңбегінің шарықтауы шеберлікпен суреттелген еді.

-Жазып жүрген әңгіме, очерк, повестеріңнің деңі орысша шығып жатыр, ал қазақ тілінде неге жарық көрмейді? – деп тағы бір сауал қойдым мен.

-Рас, мен аудармашы ретінде қазақ жазушыларының

орысшаға аударумен шұғылдандым. Сыни, әдеби мақалаларды немісше де жаздым. Қазақ жазушыларын орысшаға аудару кімге де болсын пайдалырақ. Өйткені оларды Қазақстан ғана емес, басқа республикалар да танитын болады. Ал орысшадан қазақшаға аударатындар бізде аз емес, ондайлар баршылық, ал керісінше аударатындар – тапшылық. Мәселен, қазақ халқын Украина, немесе Германия оқырмандары жақсы білсе, оның несі айып?...

Бельгердің Алматы қаласында “Ұлтаралық қатынастар мәдениеті” т.б. тақырыптардағы республикалық әдеби, ғылыми – баспалардағы жиындардағы ойлары кімге де болсын үлкен әсер қалдырары сөзсіз. Өз өмірін баяндай келіп, ол: “Ұлттық ерекшеліктің басты мәнісі – оның тілінде... қазақ мектебін бітіргеніме мен ешқашан өкінген емеспін және өкінбеймін де”- дейді Гера.

Одан соң Герольд Карлович тіл мәселесіндегі сүреңсіз жағдайларды да сынайды. Олар: қазақша-орысша сөздіктердегі кемшіліктер, ондағы сөздердің дәл аударылмауы немесе орыс сөзін сол қалпында аударусыз жаза салу, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың ауыр жайы, қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту барысы, т.б. проблемалар. Тілді үйрену, оның әдістемесін қалыптастыру үшін Ы.Алтынсаринге, М. Әуезовке жүгінуге тура келеді дейді. Қазақтың тіл байлығына мынадай мысал келтірген: Шекспир мен Байронның өз творчествосында пайдаланған лексиконы 15 мың сөзден тұратын болса, М.Әуезовтың “Абай жолы” романында 17 мың сөз қолданған, Еуропада түйенін 3-ақ аты болса, қазақта оның 80 баламасы бар. “Вид” деген орыс сөзінің біз білетін 25-тен аса қазақша синонимдері бола тұра, оның “вид” болып қалдырғандығына сын айтады.

Сонау Еділ бойындағы Саратов облысынан қыркыншы жылдың басында немістердің бізге келуі дәмтүздың татуы ғана емес, тағдырдың сол кездегі тәлкегі десек дұрысырақ болар. Бұл жерде әділетсіздіктің тарихын қопарып жатуды мақсат етіп отырған жоқпыз.

Бельгерлер жанұясының біздің ауылға келуі біз үшін үлкен қуаныш дер едім, ал олар үшін қаншалықты із қалдырғаны өздеріне аян. Әйтеуір ауыр жылдар еді ғой. Бұл жанұяның көшіп келгенін еміс-еміс білсем де, ұлты неміс екенін аңғармадық, әлі мектепке бармаған жас бала едік.

Неміс деген халқың өнерлі, еңбекқор деп әркім айтушы еді, сол рас екен. Карл Федорович Бельгер (Гераның әкесі) әскери фельдшер, арнаулы орта білімді маман болғандықтан ауылдағы дәрігерлік бөлімнің меңгерушісі болды. Бұған дейін мұндай емделу орнын, тіпті дәрігер болып істеген маманды көрген жоқ едік. Ауыл ішінде бақсы – балгерлер ғана ауруларды емдейтін. Қазақтың қара емін қолданып Жайлаубай атамыз талай адамды ажал аузынан арашалап қалғанының куәсі болғанбыз. Ал есімізді біліп, оң-солымызды танығаннан бері көрген жан арашасы – докторымыз Карл Федорович болатын. Оның ел ішіндегі еңбегі ұланғайыр десек артық кетпейміз. Халық Бельгер деген фамилияны “балгер”, “білгір”, “дөктір” деп түрлендіріп айтатын. Оның тіпті Карл Федорович деген шын аты-жөнін ешкім мүлде аузына алмайтын. Тағы бір қызығы ол сол қиын кездің өзінде жанұялық ұлттық аспаптар ансамбліні құрды.

Біздің төңіректегі еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін Карл Федоровичтің шипалы қолы тимеген адам кемде-кем-ақ шығар. Ол бір үйдің ішінде тұрып, сол үйдің ішіндегі дәрігерлік бөлмесінде ауруларды емдейтін. Отбасында олар өзара ана тілінде – немісше

сөйлесетін. Бізбен орысша тілдесе, ал кәрі-кұртандармен шама-шарқынша қазақша ұғынысуға тырысатын.

Оның зайыбы – марқұм Анна Довыдовна жұбайының қасында медбибі болып қызмет істеді, рас ол қазақша сөйлей алмайтын. Екеуі де ел алғысына бөленген абзал жандар-тын. Кезінде осы асыл адамдардың құрметті демалысқа шығу рәсіміне де қатыстым. Табақ-табақ ет асылып, қазан-қазан сары бауырсақ пісірілді. Елдің адамдары жүйе-жүйесімен тойға шақырылды. Кәдімгі казаки дәстүрмен думан-той өткізілді. Сөйтіп қарапайым неміс отбасының ел арасында биік құрметке бөленгендігінің куәсі болдық. Әрине, бұл да жақсылықты жақсылығынан тапқандығы. Бельгердің жанұясында бір ұл – Герольд, үш қыз – Эльма, Роза, Алма болды. Олардың бәрі де қазақша білім алды. Қазірде Герольдтің бір қызы бар, Зайыбы Рая – мұғалім.

Герольд мектепке 1943 жылы барды. Мен де сол жылы оқуға бардым. Жас шамамызда айырмашылық шамалы еді. Сондықтан бірге ойнап, бірге өстік. Соғыс жылдары соғыс ойынын ойнадық. Қабай, Тұяқ, Жәнібек деген үш рулы ауыл еді. Сол аталған рулардың солдаттары болып соғысатынбыз. Ал қыс болса үсте жылы тон, аяқта жылы пима болмаса да үйкүшік боп үйде отырмайтынбыз. Сол бір қиын жылдары әр сыныпта бес алты ғана бала болатын. Тіпті көршілес Көктерек, Алқағаш, Қаратал ауылдарын айтпағанда, осы ауылдың ересек балаларының көбі (жоғары сынып оқушылары) мектепті тастап кетті. Қаражаттың жоқтығы, тұрмыстың төмендігі әсерін тигізбей қойған жоқ. Төменгі сыныптарда екі сынып біріктіріліп оқытылатын. Олардың арасында жасы жағынан біршама ересек балалар да болатын. Көп ретте жас мұғалімдер

үлкен балалармен әзілдесе отыратындықтан сабақ кейде байқаусыз тез өте шығатын. Мұғалімдердің дені қыздар мен әйелдер еді. Кей кезде мұғалімдер түрлі себептермен шығып кетуге мәжбүр болатын, ал оның орнына қаталдау мұғалім келіп “тәртіпсіздерді” сабақта алатын жағдайлар болып тұратын. Гера сабақ айтқанда жолдастарын да, мұғалімдерді де аузына қарата-тын. Ал, әңгіме айтқанда айызды қандыратын. Одан қай пәннен қай уақытта болмасын сұрасаң, үнемі жауабы дайын тұратын. Кәдімгі кеңестік мектептің тәрбиесінен өткен Гераның өмірбаяны міне осындай қарапайым еді.

Әлі есімде, Гера жоғарғы сыныпта оқып жүрген кезі. Әкесі Карл Федорович сол кездегі аудан орталығы Марьевкеден әдеби кітаптарды жиі әкелуші еді. Ол тұста шаруашылық орталығында кітапхана деген болмайтын. Тек мектептегі шамалы кітапхананы пайдаланатынбыз. Бұндағы кітап қоры Гера сияқты кітапқұмар оқымпаздарға жеткіліксіз-тін. Сондықтан бірқатар кітаптарды, кей ретте аудан орталығындағы кітапханадан жаздырып алуға тура келетін.

Гера сияқты “тажалға” кітап шақ келмейтінін оның өз аузынан талай естідім. Сол кездің өзінде тек қазақ, орыс классиктерінің еңбектерін оқып қана қоймай, шет елдердің (батыс, шығыс) әдебиеттерін құныға оқитын.

Герольд Бельгердің алғыр болып жетілуіне тағы бір себеп — тамаша ұстаздардың әсері еді. Жылкелді Мұқанов, Мария Петровна Егорова сияқты әдебиет пәндерінің білгір мамандарының мол шарапаты тигені сөзсіз. Бұны Гера өз еңбектерінде бірнеше рет жазды да. Ол мектепте өте үздік оқыды, үнемі оқу озаты болды. Герольд Бельгердің осы күнге дейінгі барша өмірі саяси оқиғалармен бірге біте қайнап келеді. Дегенмен,

адам өмірінде қиын-қыстау кезеңдер кездеспей қоймайды. Өкініштісі – Гера сол кезде қазақ орта мектебін үздік бітірсе де, ерекше аттестат пен медаль ала алмады. Себеп – ол жер аударылған неміс жанұясының баласы еді. Сол себепті алғашқы жылы ол жоғарғы оқу орнына да түсе алмады. Гераның айтуынша оның сәті келесі жылы ғана түсіп, ол Кеңес Одағының батыры, соғыс ардагері Мәлік Ғабдуллиннің қолдауы арқасында ғана Алматының педагогикалық институтына қабылданады. Араға төрт жыл салып Гера сол институттың тіл және әдебиет бөлімін бітіріп шығып, еңбек жолын орта мектепте мұғалімдіктен бастайды. Кейін іздене, оқи жүріп аспирантураны тәмамдайды.

Гераны ауыл адамдары “мың болғыр бала, үлгілі бала” деп жас кезінде-ақ мақтаушы еді. Бұл күндері жұлдысы оңынан туып, еңбегі жанған ол көпке танымал белгілі азамат. Бұрын барлығы әу бастан әке-шешенің оған оң бағыт беріп, тәлімді тәрбие беруінен, мектептің педагогикалық ұжымының оның табиғи зеректігін дұрыс дамытуынан және оның өзінің еңбекқорлығынан деп білеміз.

“Адамның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күлу керек”, – деп, Абай атамыз айтқан болатын. Сондай халық таныған жақсының бірі – Герольд Бельгер. Оны жұртшылық, бүкіл Қазақстан, алыстағы, жақындағы шет елдер жақсы біледі.

Ол өзінің еңбек жолын мұғалімдіктен бастаса, бұл күндері неміс, қазақ, орыс жазушысы. Герольд Бельгер қазақтың көрнекті жазушыларының еңбектерін түпнұсқадан ала отырып, орысшаға аударуда. Ол неміс жазушыларын да аударады. Белгілі әдебиет сыншысы, зерттеуші.

Герольд Бельгер 15 кітаптың авторы. Сондай-ақ неміс жазушыларының еңбектері бойынша 12 кітап

кұрастырған, 200-ден аса қазақ, неміс жазушыларының еңбектерін орысшаға аударды. 500-ден аса әдеби, саяси сын мақалалары газет пен журнал беттерінде жарияланған. Оның “Тас өткел” кітабы, алғашқы по-вестері, әңгімелері біздің ауыл туралы болғандықтан маған ыстық көрінеді.

“Тете мен Абай” деген кітабы қызғылықты да тар-тымды шыққан. Онда терең ой, үлкен философиялық мағына жатыр. Батыс пен Шығыстың екі ұлы ойшыл — ақындарын зерттей келе, оларда үндестік бар екенін ғылыми негізде дәлелдейді. Герольд Бельгердің парла-ментіміздің депутаты болып сайлануы да тегіннен-тегін емес. “Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар” дегендей кешегі арамыздағы Гера бүгін саяси қай-раткер дәрежесіне дейін жетті. Өзінің ақ ниетін, асыл сөзін баспа бетінде, радио мен теледидар, әдеби шы-ғармалары арқылы халқымызға анық та, ашық жет-кізіп келеді. Жақсы істер мен жаңалыққа жаны құмар талантты азамат қазір де тамаша іскерлігімен танылып келеді.

Герольд Бельгердің қоғамдық қызметі бастан асып жатыр. Ол халықаралық жазушылар Одағының Қазақ-стандағы орталық клубының (атқару комитетінің) мүшесі. Ол Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі. “Жеті атасын біл-ген ұл — жеті жұрттын қамын жер” деген мақал бар. Герольд - неміс халқының төл баласы. Ендеше оның өз халқына да қызметін аямауы заңды. Астанадағы неміс орталығын ұйымдастыруға да көп күшін жұмсады. Неміс театры, неміс баспаханасы, неміс басылымдары, неміс телерадиохабары т.с.с. ұлт мәдениетін көтеретін түрлі ұйымдарды, ұжымдарды өзі басқара отырып, белсене араласты. Бұның өзі неміс халқы мен қазақ халқын жақындастыра түсуге көмегін тигізері сөзсіз.

Рас, Герольд мектеп бітіргеннен кейін елге сиректеу келетін болды. Бұған әке-шешесінің Ташкентке көшіп кетуі және шығармашылық, қоғамдық, жұмыстарының көп болуы да себеп болуы мүмкін. Алайда, мен оны ұмытпақ емеспін. Сәті түскен сайын, үзбей үйіне соғып тұрамын.

Ие, уақыт зымырап барады. Герольд Бельгер асқаралы жас — алпысқа толып, үлкен асудан өтті. Ол соңында үлкен із қалдырып, қарапайым мұғалімнен ірі аудармашы, көрнекті жазушыға дейін өсті. Ол бүгіндері “Парасат” орденінің иегері, республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері. Республика жазушылар Одағының Б.Майлин атындағы сыйлығының, Президенттің “Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығының” лауреаты.

Міне, орта бойлы, ақ сары, иі жұмсақ, иман жүзді, ақ жарқын мінезді адам Герольд Карлович Бельгер осындай. Үйіне жиі келетін маған ол үнемі есігін айқара ашып, “О, бауырым” деп мәз болып қарсы алады. Сондағы айтатынымыз да, бір-бірімізден сұрайтынымыз да ауыл жайы, астана жайы, саяси ахуал, еліміздегі халықтар арасындағы қатынас т.с.с. Герольд Бельгер мен үшін асқар тау, ақыл-дария ғұлама жан. Сөз соңында Гера дос, саған құдайдың нұры жаусын, еңбегің жемісті бола берсін деймін!



4. АБАЙ ЖЕРІНЕ САПАР

Жол түсіп әйгілі Семей жерінде болып қайттым. Семей жері Ертіс озенінің жиегіне орналасқан, ертеден сауда орталығы, сауда керуенінің жолы, әлемге әйгілі Абай, Шәкәрім, Мұқтарды туғызған жер. Ұлы Абай жоніндегі ойымыз кеңейіп, көңіліміз толып қайтты. Семей қаласында және Семей облысында Абайға байланыстының бәрін көздің қарашығындай, көненің көзіндей сақтай білген екен.

Ұлы ақын-ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы Абай Құнанбайұлының есімін мәңгі сақтау үшін 1940 жылы көкек айының 16 жұлдызында ҚазақССР Халық Комиссарлар Советі Семей қаласында оның әдеби-мемориалдық мұражайын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдаған. Сол жылы ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесі қарсаңында мұражай ашылған. Бұл Қазақстан тарихындағы тұңғыш мұражай еді.

Мұражай алғашында Байысов одан соң Молдабаев деген кісілердің үйінде орналасады. Абайдың бұл кісілермен жақын ара қатынасы болған еді. Бірақ ақынның өмір жолын, қоғамдық қызметін, творчестволық еңбегін кең көлемде көрсету үшін аталған үйлер тар болады. Сондықтан 1967 жылы мұражай қаланың ортасындағы еңсесі биік, бөлмелері кең, Абай дәуірінің архитектура стилімен салынған үйге көшірілген екен. Бұл үй орыс көпесі Роман Ершов деген кісінің үйі болған.

Мұражайдың кіре берісінде Абайдың мына бір шумақ өлеңі жазылыпты:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

1883 жылы Семейде өлке тану мұражайы ұйымдас-
тырылады. Қазақ халқының экономикалық тіршілігін,
мәдениетін, тұрмысын, әдет-салтын, қол өнерін бейне-
лейтін бұйымдармен жабдықтау мақсатында Абай ал-
пыстан астам экспонат жинап, Н.И.Долгополов (Се-
мейге саяси іспен жер аударылып келген орыс зиялы-
сы) арқылы мұражайға өткізген. Солардың бұл мұра-
жайда сақталғаны мыналар болды: кебеже, ет табақ,
жез мойнақты торсық, піспек, күмістелген құты, күміс
кесе, белбеу, айбалта, шоқпар, тоғыз құмалақ, қылқо-
быз, сыбызғы, домбыра. Ал Абайдың сүйікті жары
Әйгерімнің әдемі әшекейлі ер-тоқымы мұражайдағы
этнографиялық заттардың құрамына кіріп тұр.

Мұражай экспозициялары дәуір-дәуірге бөлініп,
түрлі залдарға қойылған. Онда әкесі Құнанбайды,
мейірімді анасы Ұлжанды, сүйікті әжесі Зерені бейне-
лейтін гравюраларды, Абайдың балалық шағын көрсет-
тетін суреттер мен скульптураларды байқауға болады.
Музейде Абай дәуірін сипаттайтын этнографиялық
және архив материалдары, шығыс классиктерінің си-
рек ұшырасатын басылымдары, батыс философтары-
ның шығармалары, ақын замандастарының естеліктері,
суреттері, фотографиялары, мүйістері кеңінен көрсет-
тілген.

Қоянды жәрменкесіне сауда-саттық үшін ғана емес,
оған он саусағынан өнер тамған шеберлер, от ауызды,
орақ тілді шешендер, ақ саңлақ жүйріктер, ақын-
әншілер, балуандар өз өнерін паш ету үшін келеді.
Қысқасы елдердің сүт бетіндегі қаймақтары: күміс
көмей, жез таңдай, төрт аяғы тең жорғалар жиналады.
Аталы сөз естіп, өнерлі жігіттерді хан көтеріп алу
қазақтың ежелдеп қанына сіңген қасиеті емес пе.
Осыған орай Абай да бұл жәрменкеден құр қалған ба?
Жоқ. Абай жүздескен әнші-күйші Тәттімбет, Біржан,
Әсет, Шөже тағы басқалар жайында да тарихи дерек-
тер бар. Ерлікті, елдікті жырлаған Шортанбай, Дулат,

Бұхар сияқты жыршы жырауларды Абай терең зерттеп, кемшіліктерін сынағандығы да байқалады. Мұражай экспозициясында Абайдың білімге, ғылымға күштарлығы, талпынысы тамаша суреттелген. Мәселен Абай он жасында Семейдегі Ахмет-Риза медресінде оқыған. Сонда жүріп Шығыс әдебиетінің классиктерімен, ертедегі Грецияның ұлы ойшылдарының еңбектерімен танысады. Сайып келгенде араб, парсы, түрік, татар тілдерін жақсы меңгеріп шығады. Лобановский 1887 жылы қарындашпен Абайдың суретін салады, бұл сурет мұражай экспозициясында сақтаулы.

Абай шығармалары шет халықтары тілдерінде де басылған. Ақын творчествосы жайлы кітаптар, М.О. Әуезовтың еңбектері, оның абайтану ілімінің негізін салушы екендігі кең орын алған. “Ақын сезімі – ел есінде бөлмесі” – соңғы бөлме. Мұнда Абай жолын куған ақындар, артистер, композиторлар бейнеленген.

Абайдан қандай ұрпақтар бар?

Абайдың 7 немересі Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Ақыш деген немересі (Тұрағұлқызы) 1991 жылдың ақпан айында 89 жасында қайтыс болған. Алпаш Оспанова (Мағауияның немересі) Алматы қаласында тұрады. Ұлы Отан соғысына қатысқан Абайдың бұдан басқа да шөберелері баршылық.

Абайдың өлеңдер жинағы алғаш 1909 жылы Петербургте, одан соң 1922 жылы Ташкентте басылып шығады (Түркістан баспасы). Абайдың аталған еңбектері және ол жөніндегі тарихи деректер Ленинград, Ташкент, Омбы, Москва, Тюмень, Тобыл қалаларындағы кітапханалардан, мұражайлардан Қазан қаласында 1933 жылы латынша басылып шыққан еңбегі табылыпты.

Қазақстанның белгілі прозаигі, сыншысы және аудармашысы, неміс-қазақ жазушысы, жерлесіміз Герольд Бельгер “Гете және Абай” деген (эссе) кітабын

шығарды. Бұл кітабы жазушының көп жылғы екі халықтың (неміс және қазақтың) ұлы адамдарының үндестігі жайындағы зерттеулерінің нәтижесі деуге болады. Гете Абайдан көп бұрын өмір сүрді. Бірақ олардың тағдыры да, ойы да, творчестволық ұлылығы да бір деңгейден көрінетіндігін Г.Бельгер ғылыми негізде дәлелдей білген. Сондықтан ол Абайтану ілімін зерттеушілердің бірі болып есептелініп отыр. Демек, оның творчестволық еңбегі, кітаптары, түсірілген кинофильмдері мұражайдан лайықты орын тапты.

Семейде Абай атындағы алаң бар. Ол алаңда мүсінші Д.Г.Эльбакидзенің қоңыр граниттен жасаған Абай ескерткіші тұр. Басында қазақ тебетейі, үстінде қазақтың мол шапаны, сол қолында кітап, оң қолы кеудеде, Ұлы тұлға бейнеленген.

1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуына арналып Абай комплексі жабдықталды. Мұражайдың экспонаттары ақынның жақын туыс жанашырлары, достары мен замандастарының қолынан алынған заттар. Олар араб, парсы, түрік және орыс тіліндегі еңбектерінің басылымдары, ақынның өзі ұстаған мүліктері.

“Абай кешені” жастарды тәрбиелеуде, ұлтымыздың әдет-ғұрпын сақтауда, ана тілін дәріптеп, оны терең түсініп үйренуге аса бір баға жетпес құрал бола алатындығына әбден сенуге болады.

“Абай жеріне екінші мәрте келдім. Семейдесе еске алдымен тағы Ұлы Абай есімі түседі. Ал сонан соң жаныңды түршіктірер “Полигон”, “Атом”, “Жарылыс” ойға оралады. Сонда ұлы Абай есімімен осы дүлей үрейдің қатар айтылуына қайран қаласың.

Осы тұста көңілімді құлазытқан жайлар бар. Мен мінген “Семей-К” деген пойыз облыс орталығынан іңір қараңғысында шығып, оңтүстік-батысқа жол тартты. Не бары төрт-бес вагон тіркеген ықшам пойыз іші жылы, әрі таза. Отыратын орындықтары былайғы көзі-

міз үйренген вагондардағыдан өзгеше, соған қарағанда шет елден алынған вагон ба дедім. Жолаушылардың көбі әскери адамдар.

Вагон терезесінен түн күшағындағы төңірекке көз саламын. Тек ай сәулесімен аппақ мамық қар жамылған ұшы-қиырсыз дала, биік белдер, түлкі бөріктей шоқия қалған төбе-төмпешіктер пойызбен жарыса ілесіп келеді. “Япыр-ау осыдан бұрындары бұл жердің дүмпуі бүкіл дүниені дүрліктіріп еді-ау. Енді моп-момақан болып жатуын-ай!” деген ой келді. Табиғат мүлгіп, жым-жырт қана, бір сырын ішке бүгіп жатқандай. “Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап”- деп, ұлы Абай жырлағандай – ақ тыныштық. Әрине, “қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” демекші, өлгені өліп, тірі қалғандары тіршілік қылып жатқан жер ғой бұл.

Аймағы – аңызбенен ертегі, жыр

Ұлыларды туғызған өлкеміз бұл.

Түлетіп еңбекпенен, өнерменен

Үш алыптың өміршең өркені жүр,-

деп ақындар жырлағандай, бұл күндері Абай, Шөкөрім, Мұқтар ұрпақтары осы өлкені мекендеп отыр. Тағдырдың тәлкегі ме – кім білсін, өткен ғасырдың соңғы қырық жылындай уақыт бойы халқымызды соғыссыз қырып, майдансыз опат қылған кесапат емес пе атом полигоны. Кесапат дейтінім, қазақтың көнбістігінен аналардан сырқат, кемтар балалар туып, ауруға шалдығып атом зиянын шеккені.

Ия, осы жылдары атом полигонында төрт жүзден аса сынақ өткізіліп, күш қуаты орасан жарылыстар жасалған. Радиация тарап, ауа бүлініп, жер нәрі солып, өсімдік-тіршілік залалданғаны анық. “Бізде бәрі тамаша, бәрі адам игілігі үшін жасалып жатыр!” деп соғыстындар осы сорақы қылмысты жасырып келгені жанды аяздай қариды. Сонда қай халық құрбан болған?

Әрине, көбінесе аңғал қазақ!

“К” пойызы жүрісін барған сайын ширатып, мидай даламен әлі жүйткіп келеді. Тоқтайтын аялдамалар да, отырып жатқан жолаушылар да аз. Алған бетіміз батыс болса, Абай ауданы біздің сол қанатымызда қалып барады. Тура жүрсек абай ауылының шекарасын ендігі қиып өткен болар едік. Бірақ біз өйтпей, жанай өтіп барамыз.

Абай жері – Жидебай қорығы ойға қайта-қайта орала береді. Турасын айтсақ, жайнаған өңірді өлі өңірге айналдырған, адамын ауруға шалдықтырған, жәндігін қырған, шүйгінін залалдандырған атом полигоны осы ауданда. Аудан орталығы – Қарауыл селосы. Елуінші жылдардың орта кезінде (онда студентпіз) мына жағдайды ел аузынан естіген едік. Семейде жарылған атом бомбысының дүмпуінен Қарағанды облысының Қарқаралы және Егіндібұлақ аудандарының ат үстінде жүрген малшылары аттан құлап түсіпті. Сол жарылысты көзімен көремін деген бір үлкен бастық көп кешікпей дүниеден өтіпті. Кейіндері Қарағанды облысының Шақан қаласындағы кеншілері де жер астына түскенде Семейде жарылған бомбының дүмпуін жердің дірілдеуінен сезіп жүреді екен. Расында да сол қуатты жарылыстарды шектес Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары да сезеді. Сонда ауамен тараған радиациялардың, басқа да улы заттардың, тіпті ғылымға әлі белгісіз зиянды бөлшектерінің қазақ даласының кіндігін қалай шарпығанын ойлап көрші, қалай жаның түршікпес екен.

Абай ауданы – Шыңғыс атырабы (Шыңғыс ханның атымен байланысты), Шыңғыстау аталатын өлке. Биіктігі теңіз деңгейінен бір мың метрден аз-ақ асатын Шыңғыстау шығысынан батысына қарай бұратылып, екі жүз шақырымға тарта созылып барады да, жол-

жәнекей сілемдерге бөлшектеліп, сол арқылы атақты Тарбағатай тауларына жалғасып кетеді. Осы Шыңғыстау бөктерінде данышпан Абай, дана Шәкәрім, мұхиттай Мұқтар дүниеге келген. Тасында тарихтың таңбасы бар, ойы мен қыры ескерткішке толы, аңыз-шежіреге бай ұлы өлкеде үш алыптың ата тегі ғана емес, әмсе қазақтың ғұмырнамасы түзілген. Сол жерде өткен ғұламалардың ұрпақтары тірлік кешуде. Жаз бойы суы лайланбай, тасы молдіреп көрініп жататын “Кіші Қасқабұлақ” басында Абай туған. Осындай көз жауын алатын сұлу жерді, шежірелі өлкені күлтөбе қылғанына енді қабырғаң қалай қайыспайды?

“Ештен де кеш жақсы” демекші халқымыздың абзал азаматы, асыл перзенті Олжас Сүлейменовтің тікелей қолға алуынан және де Мәскеудің октем-зорлығынан құтылудан соң ғана Семей полигонында атом бомбыларын сынау тоқтатылғаны белгілі. Уа, қасиетті қарт Шыңғыстау, шырылдаған жан айқайыңды айдай әлем естіпті. Бауырыңды жұлынкұртша тескен атом жарылысы тоқтады, енді етегің шүйгінге, қойының гүлге толсын. Бұлағың тазарып, дидарың оңалсын.

Ұлы Абай аруағын мазалаған, мазақ қылған жарылыс үні ошкені барша алаш баласын қуантады.

Семейден “К” станциясына дейін 150 шақырым екен. Түсетін жерге он шақырым қалғанда тексеру басталып, төлқұжатымызды алып, келген мақсатымызды анықтады. Уақытша рұқсат қағаз жазып берді. Сөйтіп, барлығы – бес-алты сағатта “К”-ға да жеттік. Осы “К” дегені не нәрсе деп ойлап отырған боларсыз. Соны біз де білмей дал болғанбыз. Баксақ “Конечная” деген екен. Әскери адам солай деді. Ал бұл өңірді жетік білетіндер: “Олар жалған айтады, “К” деген Курчатов қаласы деп анықтап берді ақырында. Бұл қала ол кезде құпия болған еді. Қазақстан картасына түспеген.

Қала әдемі салынған екен. Тұрғындардың басым


көпшілігі әскерилер. Маңында ешқандай полигон да, жабдықтар да, әскери техника да көзге түспейді.

Сондықтан әскерилерден және осы өңірдің кейбір азаматтарынан басқа адамдар оны білмейді де. Басқаша айтқанда, қазақ даласындағы Мәскеу иелігі. Қожайын өзі болғасын да Мәскеудегі әскери мырзалар ойына келгенін істеп, қазақтың қасіретін қаперіне алмастан атом бомбасын осы жерден басқарып, дүркін-дүркін жарып отырған.

Қаланың дәл орталық көшесінде, атом полигоны штабы ғимаратының алдында академик Курчатовтың ескерткіші тұр екен. Биіктігі орасан. Сарыарқаның төбесінен төніп тұрған қара құбыжықтай көрінеді. Ескерткіштің негізі қаланған қара таста мына жылдан ана жылға дейін осында тұрып, қызмет атқарды деген жазу бар. Аяғына дейін оқуға дәтім шыдамады. “Неге келдің, халқыма қаншама қасірет шектірдің, қарғыс атқыр!” деген ыза мен кек бойымды билеп, тітіркендіріп жіберді.

Бұл опатты ауыздықтау оңайға түскен жоқ. Мәскеудегі мырзалар дербестік алған егеменді елімізге иелік еткісі келіп, кенеше жабысып-ақ тырысты. Бірақ қазақ халқы енді оянды. Ол да өз үнін батыл естіртетін дәрежеге жетті. Сол үнді алғашқы болып айдай әлемге естірткен Олжас еді, оны халық қолдап, соңынан ерді. Сол үнді бүкіл өзге дүние де қолдағаны қазақтың бақыты емес пе?

Абай елінің, Абай жерінің жайы осындай екен.



5. ЖАЙЛАУБАЙ

Балалық шағымда қашан да өзіне жақын тартып, баласындай үнемі тең сөйлесетін ақылшым Жайлаубай ақсақалдың өзгеге үксай бермейтін ерекше бейнесі есімде жақсы қалыпты.

Соғыстың аз-ақ алды. Ағаштан ат мініп, ойын қуып жүрген қара табан біздер үшін ең қызықты орын – ұстахана. Мұнда күніне екі-үш мәрте бас сұқпасақ, ішкен асымыз бойымызға жүкпайтын. Онда қашан келсек те пысылдаған көріктің қасында, жайнаған қызыл шоқты көсеіп бір дәу қара торы кісі тұратын. Рас ол тумасынан жирен адам, алайда от пен шок қызуына қақталып, қарайып кеткен. Жағына пышақ жанығандай жүдеушең бетін шокша сақалы одан бетер сопайта түскен. Дегенмен шомбал денесі жұп-жұмыр және жып-жылтыр болатын. Ол бір қолымен көрікті басқанда бұлшық еттері бұлт-бұлт етіп, толқындай ойнап тұрады. Сырттай қарағанда дәу қараны сырнайшы ма деп қаласың. Сырнайдың жіктеріндей көріктің жиырмалы қатпарлары бірде ашылып, бірде жабылып, ән әуелетіп тұрғандай көрінетін. Дәу ұста екінші қолымен қысқыштағы темірді жұмсарғанша қыздырады да балғамен соққылап, жаншып жұқартады. Өнделген темірді суға сүңгітіп жібергенде ол шыжылдап, буы бүрк ете түседі.

Шіркін, осы дәу қара Жайлаубай атаның ұсталық шеберлігі талайдың аузын аштырып, көзін жұмдыратын. Мұнда арба, шана және басқа құрал-саймандар мен ұсақ-түйектер жасалатын. Осы тәпелтек балшық үйде шаруашылыққа қажетті темір-терсектің не бір түрі кәдеге жарап шығатын. Қысқасы, Жайлаубай ата темірден түйін түйген алтын қол шебер.

Жәкеңнің өз кіндігінен бала жоқ еді. Содан болар бала десе ет-жүрегі елжіреп тұрады. Олармен құрбысындай тең сөйлесіп, ара-тұра қалжындасып ойнауды сүйетін. Біздің ауыл және сол төңіректегі бүтін ел Жәкеңді ерекше құрметтейтін. Себебі оның он сау-сағынан өнер тамған шеберлігімен қоса қолы шипалы тәуіп те. Табиғат берген сол қасиетін ол баршаға аямайтын. Сондықтан жұрт оны туыс болмаса да, туыстай, қазақ болмаса да, қазақтай көреді. Бала кезімізде біреудің баласы ауырса “Жайлаубайға көрсет” деп жататынын талай естігенбіз. Сонда үлкен де, кіші де пір тұтқан бұл кім сонша деген ой да келетін.

Жайлаубай атаның бірге отасып, бірге жасасқан қосағы — Балшекер. Балшекер әженің мінезі ауыр-тұғын. Бірақ балаларға ол да аса жақын адам. Ол кісі балаларға ұрысып-зеку дегенді білмейтін. Балалардың мұндай адамды иектеп алатын әдеті емес пе. Анадайдан келе жатқан Балшекер әжені көрсек әдейі тоқтап, амандасып өтеміз. Сонда әжеміз таяғын көтеріп, бір мөз болып қалады.

-Жігіт болындар! — деп батасын беретін.

Кейде қаймағы болса бір-бір жалатып жібереді. Ал қаймақ қою емес, сұйық болса ұрттатып та алатын.

Жайлаубай атамыз біздің ауылға қайдан келген? Ұлты кім? Көзі тірісінде бұл жағын онша ойлана қоймадық. Қазақ туысындай болып кеткен адамға сен кімсің демейді ғой. Жәкеңнің құрдас-замандастары ерте дүние салып, ал өзі қартайып, бір ғасырдай жасады.

Жәкеңнің біз білетін кезі есейген және қартайған шағы. Ал балалық шағынан біз бейхабармыз. Ғұмырының денін біздің ауылда өткізген.

Ел басына түскен қиыншылықты бірге көріп, ауыр-

тпалықты көппен бірге өткерген. Қыс отырып, жаз көшіп жүрген көшпенді кездердің бір күнінде ауылда әлдеқайдан келген бір бозбала пайда болады. Өңі де, сөзі де қазаққа ұқсамайды. Кейін білдік оның ұлты орыс екен.

Алып-қашты сөзге қарағанда бұл бала сонау Петекеу (Қорған облысындағы Петухово станциясы) жақтағы Құтырлаған деген жерден келіпті-мыс. Құтырлаған деген – бүгінгі Екатериновка емес пе? Ол бүгінгі Жамбыл ауданында. Сонда Жайлаубайдың шыққан жері аса шалғай да емес.

Кейіндері із-түзсіз кеткен інісін іздеп екі ағасы келеді. Бірақ бала оларға ермей, қалып қояды.

Елде Баржақсы деген ағайынымызда бала болмапты. Содан ол осы Жайлаубайды бала етіп, асырап алады. Азан айтқызып, қайтадан Жайлаубай деп ат қойғызады. Мұсылман баласы қылып, сүндетке отырғызады. Сөйтіп орыстың Жорасы мұсылман болып, Жайлаубай атанып шыға келеді.

Жайлаубай молданың алдынан дәріс алады, арапша хат таниды. Ораза ұстап намаз оқиды. Табиғатынан зерек, сондай-ақ әрнеге құмар адам болады. Ол жастайынан емдік шөптерді іздеп зерттеуге әуестігімен де танылады. Содан ел ішінде ұжымдық шаруашылық құру кезінде белсенділігімен көзге түсіп, ауылнай сайланады, елді басқарады. Орта жастан асқан соң ол кісі, әсіресе, кішкентай балаларды емдеуге кіріседі. Ол кезде кірне ауруы жиі кездесетін. Оны Жәкең қазақша еммен емдеп тез айықтырып жіберетін. Ол үшін түрлі шөптерден, сары май мен қой майынан, бұрыш араластырып емдік дәрі-дәрмек жасайды. Ол өкпе ауруына да осындай дәрілерді пайдаланады. Дәрігер жоқ кезде

ауыл адамдары Жайлаубайдың шипалы қолына қатты сенетін.

Жайлаубай атаның үйленуі де жеке әңгіме. “Мұртына қарай - іскегі, сабасына қарай – піспегі” демекші, алдында мыңғыртып отырған малы жоқ Баржақсының баласына кім қызын берсін. Құда түсіп, той өткізерлік шамасы болмапты.

Біздің елдің жайлауы болған - Жаманкөлде Мәмбет деген кісінің Балшекер деген қызы ауырып, сол төңіректе апармаған тәуібі болмайды. Сол науқасты Жайлаубай қарайтын болады. Қыз жынданып ауырған екен. Жәкең оны топыраққа көміп емдепті. Шипасы тиіп қыз жазылып шығады. Содан сол қыз Жайлаубайға тұрмысқа шығады. Бірақ туыстары, ағайындары бұған намыстанып, “Қалыңсыз қыз алатын ол кім?” деп Балшекерді торкіні алып кетеді.

Балшекер үйіне барған соң тағы ауырып жынданады. Шарасы таусылған Мәмбет қызын Жайлаубайға қайта алып келіп: “Құдай алдында сұрауы жоқ, осы баламды саған тапсырдым. Обалдарыңа қалмайын, бақытты болыңдар!” - деп батасын беріпті. Сөйтіп Балшекер дертінен айығып, әбден құлан-таза жазылады, Жәкеңе қайта қосылады.

Балшекер оннан аса құрсақ көтеріпті. Бірақ солардың бірі де тұрақтамаған. Тағдырдың жазғанына мойынсұну – мұсылман халқының әдеті. Балам жоқ деп қабақ шытпастан бір үмітке сеніп ғұмыр кешті олар. “Жарты күн ғұмырың болса – күндік мал жи” дегендей, Жәкең сол қартайған шағында да күнделікті тірліктің күйбеңінен қалмайын деп, өз шаруасын тындырып келді. Табан ақыны маңдай тер мен тауып, қартайғанда да ешкімге ауыртпалық салмады.

Әрине, біз Жәкеңді орта жастан асқан кезінен біле-

міз ғой. Ол ат жақты, ұзын мұрын. қой коз, қою сақалды, сары адам еді. Жанары өткір, бірақ жүзінде мейірімділік тұнып тұратын.

Мына бір оқиға әлі күнге есімде. Қыстың қамымен отын, шөп даярлап, Есілдің қураған талына дейін жинап алып жатқан кез. Сол күздің жайма-шуақ бір күні қос өгіз жегілген арбаға шөп артып келе жаттық. Тоғайдың бір тарын қылтасынан өте бергенде, дөң жақтан біреудің аты үркіп, жалт бергенде арбасы аударылып, өзі қос өгіздің алдына ұшып түсті. Жайлау-бай атамыз. Қолтығынан демеп тік тұрғыздық та арбасына көтеріп апардық.

-Халыңыз қалай? Еш жеріңіз ауырған жоқ па?

-Өзінің аяғы қалай мықты, өзін көтеріп тұр ғой, – деп қалжындап балаша күледі. “Өзімнің аяғым” дегеннің орнына “өзінің аяғы” – деп сөйлейтін марқұм. Ондай “шала” сөздері көп болатын.

Мінезі кең адам ғой, әудем жер аттай алмай тұрса да қалжыңын қояр емес. Атын ұстап, арбасына отырғызып, жолға салғаннан кейін үйіне жүріп кетті. Асау аттын тізгінін тартқанына қарағанда сексеннен асса да әлі қаруы қайтпағаны аңғарылады.

Жөкең бірде қатты науқас деген соң халін білуге бардым. Тоқсанды алқымдаған кезі еді.

-Жәке халыңыз қалай? Шүкір сіз бе?

-Өз қорасының төбесімен өзі жүріп келе жатқан, құдай ұрған бір тесікке кездесіп гүмп құлаған. Сосын өзінің басын жарған, қабырғасын сындырған, сипалаған-сипалаған қатын болмаған...

Бет-аузы таңулы, көздері ғана жылтырайды. Малға шоп салам деп жүргенде қораның төбесінен құлап түсіп, мертігіп қалыпты.

Атамыз Шеген ағайын-туысты жинап жел диірмен

орнатыпты ауыл ортасына. Бұл істі басқарған Жайлаубай екен. Құдай сәтін салып, жел диірмен бүкіл төңіректің ұнын үтетін үлкен өндіріске айналыпты. Шеберлік ісіне ыриза болған Шеген атамыз Жайлаубайға төрт өгіз сыйлапты.

Атамыздың артына қалдырған мұрасы: диірмені, сегіз бөлмелі ақ үйі, азды-көпті малы әкемізге бұйырмай конфескеленеді. Содан үйді балалар оқытатын мектепке (қазіргі Мектеп ауылына) беріпті, диірменді ұжымдық шаруашылыққа өткізіпті. Бертін, елуінші жылдарға дейін сол диірмен ауыл ортасындағы донде қалқиып тұрушы еді. Біз балалар құлағын бұрап, жел тұрған күні кіндігіне отырып, бірнеше рет айналып шығатынбыз. Көмелетке толып, мектеп бітіріп, басқа жерге оқуға түстік. Қайтып оралғанда жел диірменнің өзі жоқ, орны жатыр. Жайлаубай ата да, Балшекер әже де жоқ, үйінің есігі шегелеулі, түтіні сөнген, жабық жатыр.

Ол кісінің салған диірменінің ырыздығын бүкіл ел көрген. Сол кезде кейбір іші тар пасықтардың қырсығынан Жайлаубай атамыз жазаланып та кете жаздаған. Әйтеуір қайырымы мол бабаларымыз ақ-қараны айырып, Жөкеңді арашалап алып қалыпты.

Тың котеру дүрмегі басталған кезде Жөкең дүние салды. Қабай зиратына жерленді. Одан көп кешікпей Балшекер әжеміз де дүниеден өтті. Міне, менің ойымда осындай адамдар жайлы естеліктер қалды. Бірақ сол бейнелер ұмытылмастай болып қалды.



6. ЖЫЛҚЫ - АТА МАЛЫМЫЗ

Қазақ халқы жылқыны басқа малға қарағанда жоғары бағалап, аса құрмет тұтқан. Содан болса керек ұл туса “ат ұстар” деп қуанады, ақылды, шешен небір жайсаң адаммен мәслихаттас болса “ақ саңлақ жүйрік екен” деп көтермелейді. Ең жақын туысы көптен хабарсыз кетсе “ат ізін салмай кетті-ау” деп ренжиді. Міне жылқы атауы халықтың күнделікті тұрмысына, әдет-ғұрпына, сән-салтына, сөз тіркесіне мықты енген. “Алыста жүрсе кісінескен, жақында жүрсе тістескен” деген мақал, “ат құлағы көрінбейтін боран”, не “ат төбеліндей байлар” деген теңеулер, “бие сауынындай уақыт” деген өлшемдер де күнделікті өмірден, тұрмыс-тіршіліктен алынған балама сөздер.

Адам қуанғанда “аузыңа май, астыңа тай” десе, жұбату айтқанда “ат тұяғын тай басар” дейді. Осының бәрі жылқы етінің жал-жая, қазы-қартасының дәмділігін немесе сары қымызының әрі ас, әрі сусын, әрі шипалы дәру болғандығын дәлелдеу ғана емес, жалпы жылқының адам өмірінде одан да зор маңызы барлығын дәлелдейді. Жылқы тіпті, жыл қайыруға да енгізілген.

Мәселен алдағы 2002 жыл “жылқы жылы” деп аталады. Осы ретте “Ат ердің қанаты” деген нақыл да көп жайды ұқтырары сөзсіз. Жаугершілік уақыттарда, тіпті, кешегі Ұлы Отан соғысында да атты әскердің құрылуы тегін емес.

Жылқы малының өзіндік тарихы да бар. Азия, Африка және Еуропа елдерінде тағы жылқылар біздің дәуірге дейінгі 7-6 мың жыл бұрын қолға үйретіле бастаған. Жабайы жылқылар Францияда, Монғолияда көп болған. Жылқының кең тараған тұқымдары көп. Олардың ішінде владимир, орлов, араб, орыс, дон, монғол,

казак, қырғыз, алтай жылқылары бар.

Халқымыз жылқыны бағалай да, баптай да, оның бар мүмкіндігін пайдалана да білген. Мініс малының жұмыс қабілетін арттыру үшін жылқыны тағалайды. Бұл мұзды жерде тайып жығылмау үшін, тастақты жерде тұяқ жарылып, мүжілмеу үшін қолданылатын әдіс. Ал жарысқа шабатын жылқыны алдын ала жаратады. Мұны “терін алып суыту” деп атайды. Бұл іс тек білікті бапкер адамдарға ғана сеніп тапсырылады.

Жылқы еті сапасы жағынан басқа малдардың етіне қарағанда әлде қайда жоғары. Оның қанынан емдік вакцина, емдік препараттар жасалатындығын әркім біле бермейді. Ал жылқы сүтінен жасалған қымыз көшпелі халықтардың дәстүрлі тағамы, қадірлі асы. Тарихи деректерге қарағанда грек тарихшылары, француз оқымыстылары көшпелі халықта бие сүтінен ағаш ыдысқа қымыз ашытатындығын жазып кеткен. Марко Поло (Италиан саяхатшысы) қымыздың жағымды, дәмді сусын, қыздыратын күші бар екендігін айта келе, оны “ақ шарап” деп сипаттаған. Қымыздың шығыс елінде кең тарауын Мұхаммед Хайдар Дулати (15 ғасыр) өз еңбегінде егжей-тегжейлі жазған. Кең сахара жапан жүзді жайлаған көшпелі елдің басты күнкөрісі жылқы малы екені осы мысалдардан да көрініп тұр.

Қазір де қымыз ашыту ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Кәрілері бар үйлерде әрқашан бие байланады, қымыз ашытылады. Елуінші жылдары ауылдарда әр он-он бес үйдің кемінде бесеуі құлынды бие ұстаушы еді. Мәселен біздің үйде қымызды баптайтын да, құрметтейтін де әкеміз болатын. Аздап ентікпе-көк жотел ауруы болғандықтан, қымызға сүрленген жылқы қазысын езіп әрдайым ішіп отырушы еді. Осы емді ғана мойындаған әкеміз жетпістен асып дүние салды. Көне көз қарттар кейбір ауруларды осылай қымызбен

емдеудің жолдарын айтып отырушы еді.

Мектеп қабырғасында жүріп, жазғы демалыс кезінде Ленин атындағы шаруашылықтың қымыз фермасында (50-інші жылдардың бас кезі) Өкеш, Ахметжан деген балалармен қосылып бие сауыстым. Қымызды қалай ашыту жолдарын жылқышы Қажкен (Мектеп ауылынан) және бие сауушы Сәмия апайдан үйрендік. Биелер саны 30-дан асады, күніне кемінде 10 рет сауылады, содан 200-250 литр сүт шығады. Торсық, күбі аталатын ыдыстарға бие сүтін салқындатып құямыз. Жылы қалпында құйса, қымыз ащы болады. Осы ыдыстардағы қымызды піспекпен әлсін-әлі пісіп тұрады. Қымыз не ғұрлым көп пісілсе соғұрлым тұщы, дәмді болады. Тайнақ ыдыстағы қымыз үлкен ожаумен сапырылады. Қозғалмай тұрған қымыз тез тұнады. Атап айтқанда жоғарғы жағы көгілдір сұйық, ал төменгі жағы қоюланып тұрады. Бұндай қымыз дұрыс ашымайды, соңында айнымалға айналады. Ал пісілген қымызға оттегі, азон көп сіңіріледі.

Қымыздың татымды, дәмді болуы оның ыдысына, ашытылуына, ұсталу бабына байланысты. Қымыз құйылған ыдысты мезгіл-мезгіл тобылғының, қайыңның, не мойылдың, кейде аршаның түтініне ыстап отырады. Еменнен жасалған күбіні, піспекті, қымыз ожауын, бие шелегін, тағы басқа ыдыстарын майлап отырып ыстайды. Бұл күндері жылқының терісінен жасалған саба, сүйретпе, торсық сияқты ыдыстар жоқтың қасы, тіпті құрып барады. Мұндай ыдыстарға құйылған ас ұзақ сақталатыны белгілі. Көкірек сарайыңды ашатын, хош иісі аңқып тұратын, тіл үйірілген ашымал қымыз кімге болсын қажет-ақ. Оның құрамында белок, май, қант, А, С, Д, Е, Р витаминдері, В витаминдер тобы, тағы сол сияқты адам организміне пайдалы заттардың мол екендігін ғалымдар дәлелдеп

отыр. Қымыз өте сіңімді тағам және майлы тамақты сіңіруді жеңілдетіп, денеде зат алмасуын жақсартта түседі. Қымыздың дәрулік қасиеті 19-ғасырда терең зерттеле түсті. Қымызбен емдейтін санаторийлер (курорттар) алғаш Самарада 1858 жылы ашылады. Одан кейін Орынборда, Қазанда, Уфада, Семей, Көкшетау, Қостанай облыстарында ұйымдастырыла бастайды. Қымыз өзінің құрамының күрделілігімен ішек-қарын жүйесінің сіңіргіштік қасиетін арттырады. Ондағы витаминдер науқастың төбетін ашады, организмнің инфекцияға төтеп беру қабілетін күшейтеді. Жүрек, қантамырлары жүйесінің жұмысы жақсарады. Қымызды аурулық салдарынан әлсіреген, арықтаған, қаны азайған, туберкулез ауруына шалдыққан адамдарға жиі ішкізу керек.

Жылқы еті жайлы өз пікірімді айта кетейін. Егер маған қандай тағамды жақсы коресің деп сұраса мен былай дер едім. Ішетінім қымыз бен күрт езген жылқы сорпасы, жейтінім қазы мен шұжық болса басқа тамаққа көңілім соға қояр ма екен. Шындығында жылқы еті сапасы жағынан басқа малдардың етіне қарағанда әлдеқайда жоғары. Жылқы қанынан емдік вакцина, емдік препараттар жасалады. Жылқы етінің сапасы тебіндік жердің отына, шөбінің құрамына, адамдардың жылқыны бағуына байланысты.

Ертеде Қарқаралының Сөкең деген бір ақсақалымен кездескенім бар. Көпті көрген, көп білетін адам екен. Әр сөзінде, әр әңгімесінде жылқыны сөз ғып айта береді. Ол өмір бойы жылқы малымен айналысып, оны көп зерттеген адам болып шықты, ғылыми атағы да бар. Бірде ол: “жігітім қай жердің тумасысын”, түстік жакта, жылқының саны, бағасы, бағылуы қалай, қалай семіртесіндер?” – деп сұрады.

-Жылқы саны бізде онша көп емес. Жайылым жер,

тебіндік алаң аз. Дегенмен өзімізге жетеді, өйтеуір соғымсыз болмаймыз. Ал семірту мәселесі аса қиындыққа соқпайды. Орта күйі бар малды 30-40 күн сұлы, арпа, бидай, аралас беріп семіртіледі. Екі, үш елі қазықартасы шығады, жал-жаясы өз алдына. Жаз айларында жылқының сүрленген қазысы мен шұжығын жейміз деп бар білгенімді айтып, мақтанып та қойдым.

Сондағы Сәкеңнің айтқаны мынау еді:

-Сенің борпылдақ бидай жеп семірген жылқыңның екі-үш-төрт елі шыққан қазысынан біздің жердің бір елі шығатын жылқысының еті артық. Тау бөктеріне жайылып, бар витаминді өз аузымен теріп жеген (жонышқы, көде, гүл, жеміс жапырақтары), бозға семірген жылқы еті қашан да құнды. Бұл жануар бойында жетпей тұрған витаминді алыстан іздеп, бөлен белді асуларды аралап шығады. Мұндай малдың еті борпылдақ болмайды әрі шымыр, әрі дәмді, әрі жұғымды келеді. Адам бойына витаминдерді жылқы өзі әкеп береді...”

Я, Сәкең айтқан сөзінің жаны бар. Оның уәжімен келіспеуге болмайды бәрі ақиқат. Ғылыми дәлелденген факт деп түсіндім. Алайда етті баптау жағына келгенде біздің елдің дәстүрі ол кісіге ұнағандай болды.

-Бізде, солтүстікте, қыстың аяғында соғымнан қалған, яки әдейі қалдырған етті: сан еті мен іш майы араластырып жасалған шұжық, шекке оралған қазыны, қартаны тұздап, тұзын өз сөліне қойып сіңіртіп, қайың отынның түтініне іледі. Онда майы шығып қызарғанша қыздырып ұстап, бірер тәулік қызуы аз түтінге ғана қақтайды. Одан соң желге тигізбей салқын сарайда түтінін кетіру үшін құрғатып кептіреді. Жазғы айларда тұрақты температуралы салқын бөлмеде, жерден қазылған қоймада немесе тоназытқышта сақтайды. Осы жағдайда ғана ет бүлінбейді, ұзақ сақталады, дөмі бұзылмайды.

Қазақтың ұлттық ойындарының ең құндыларының бірі ат үстіндегі ойындар. Олар аударыспақ, омырауластыру, теңге алу, жамбы ату, қыз қуу, көкпар тарту. Бірақ осы ойындардың көпшілігі (соңғы екеуінен басқасы) ұмытыла бастады. Халқымыздың әрі кәсібі, әрі өнері, әрі көңіл көтерерлік демалысы аңшылық, күсбегілік. Бұны ұлы Абай және басқа да ақындар әсерлеп-ақ жырлаған еді.

Елуінші жылдардың орта кезінен бастап жылқы басы күрт азайды. Тың игеру науқанына байланысты шабындық, жайылымдылық, тебіндік жерлер жыртылып, табиғи шөптің тамыры қырқылды. Соның нәтижесінде мал басы кеми берді. Дегенмен құны арзан, пайдасы мол жылқы малын көбейтуге әбден болады.

Жылқы ата малымыз, оны құрметтейік, пайдаланайық, сақтай білейік!



7. АҢСАҒАН МЕНІҢ АУЫЛЫМ

*Ауылым қалған дөңесте,
ала ма бірақ мені еске?
Ертерек ұшып ұядан,
ұмытты-ау ұлым, демес пе?*

С.Иманасов

“Ауыл”



Есіл өзені

Менің ауылым дегенім - туған елім, өскен жерім. Ауылым дегенім - құлын-тайдай тебіскен құрбы-құрдас замандастарым, елдің атын шығарған абзал азаматтар. Есіл де менің ауылым. Суын ішіп, шөлімді қандырған, балығын аулап, дәмін татқан, көгалында ойнап, жемісін терген, суына шомылып, бойымды сергіткен, ауасын жұтып, көкірегімді ашқан ерке Есіл – менің сылқым мінез қарындасым деуге болады.

Ауылым сол ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың тоғай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал желі, майда қоңыр лебі бойға қуат, жанға ләззат-тын! Өзен түбінде күмістей жарқырап түрлі-түсті жылтыр малта тастар жатса, бетінде күнмен шағылысқан су толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі жалт-жұлт етіп жылжып барады. Бір ғажабы бұл құбылыс жылан сияқты ирелендеген сұлу Есілдің тынымсыз ағысынан өзгеріп, мың құбылады. Осы бір тамаша көрініс көңілге шабыт береді:

Есіл бойы құлпырған жасыл желек,
Орман-тоғай, қырында қайың-терек.
Жұпар исі аңқиды саясында,
Алқасында тұнып тұр жеміс-жидек.

Таза ауа, мөлдір су, күннің козі,
Тіршілікке қажеттің нағыз өзі.
Ыстық күні барамыз Есіл жаққа,
Жасарсын деп тәніміз, беттің өңі.

Иә, біздің ауыл осы өзеннің оң қанатында күнгей жағында орналасқан. Есіл бойы ойлы-қырлы болып келгенімен өлкеміз жалпы жазық дала. Жазық дегенде мидай дала емес, өрнектеп тоқылған текемет-кілем сияқты, жағалай өскен тал, терек, мойыл, шілік, ақ қайың ағаштыры алыстан көз тартады. Соның ішінде, әсіресе көзге ерекше шалынатыны - қайың. Өңірімізді “Ақ қайындар өлкесі” деп атайтыны да сондықтан болар.

Ауыл маңында өркештенген тау, бүкірленген жон да жоқ. Дегенмен тастақты дөңестерден, Есілдің үлкенді-кішілі тармақтарынан сылдырап бұлақтар ағады. Олардың суы зәм-зәмдей шипалы, ішсең бал-сусын,

жуынсаң жүзің жасарады. Өттең, осы мөлдір бұлақтардың көпшілігінің көздері бұл күндері жерді жаппай жыртудың нәтижесінде бітеліп қалды. Ал көзі ашықтарының суы жолшыбай ылайға қосылып Есілге ағды. Аяусыз ластана бастаған одан жан - жануардың су ішетіні жанға батады.

Біздің жерге көктем лебі бірде ерте, бірде кеш соғады. Көктем ерте келсе, қар ағыл-тегіл күрт еріп, тез кетеді. Бұған жөңкіле көшкен қазбауыр бұлттардан төгілетін жаңбыр да көмектесе түседі. Сөйтіп, көктем Есіл өңірін құлпырта, жаңғырта келеді. Көктемде, өзен тасығанда сай-саланы, бүкіл алқаларды су басып, ауыл шетіне дейін жайылады. Кейін оның суы қайтып, арнасына түскеннен кейін ойдым-ойдым жерлерде, шұңқырларда “қарасу” деп аталатын колшіктер қалады. Ол шілденің ортасына дейін құрғамайды. Осы кезде балыққа, жуа мен жидекке қарық болып қаламыз. Ауылдан екі шақырымдай жерде “Ащы” деген алқа бар. Оның ұзындығы да, ені де ат шаптырымдай жер. Балтырымыздан су кеше жүріп, уыс-уыс жуа тереміз. Жұмсақ, дәмі тұщылау оның бақшада өсірілетін қол жуадан еш айырмашылығы жоқ. Сол “Ащыда” су құрғасымен өлең, жоңышқа, биік сыбызғы тәрізді, түрлі шөп өскен көкорайдың, жүпар исі аңқып тұрады. Былтырғы шөп шабылып, тырмаланып, жиналып алынғаннан кейін ескі шөптен қылтан да қалмайды. Сондықтан, Ащының астын су шайғандықтан тап-таза болып қалады. Осы алқадан шаруашылық малына да, жекеменшік малына да жететін жем-шөп дайындалады. Сол тілім-тілім болған Ащының қазіргі күйін көргенде жаның шошып, ішің ашиды. “Ой да көп, уайым да көп ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсең” дегендейін бүгінгі ауыл өмірі мен оның

казіргі табиғат жағдайы соңғы кезде мені көп ойландырып, толғандырады. Ащының жанынан өткенде оның бейшара жағдайын көргің келмей көзді жұмуға мәжбүр боламын.

Мен ауылда туып-өстім, Есілдің жағасында есейіп-ержеттім. Ендеше маған ауыл да, Есіл де жүрегіме ыстық.

Біз орта жүздегі Арғынға жатамыз. Оның ішіндегі Атығайдан тараған он екі атаның бір тармағы Құдайберді – Бәйімбет боламыз. Бұл Есілдің бойымен үш жүзден аса шақырым қос қанатын тұтас алып жатқан қалың ел. Осы елдің тармақтары Есілден алшақ басқа облыстарда да тараған. Сонау Құдайберді-Бәйімбеттен бері жылжып, жеті атаға жақындатсақ бізді Қабай-Түяқ руы деп атайды. Бұл ру алғашында бір жерде қоныстапса, кейін Кеңес үкіметі орнаған кезде тарыдай шашылып, бет-бетімен бөлініп кеткен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары әркім өз күн-көрісін ойлап-жан-жаққа бытыраған.

Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өңірінде қыстап, жазғы жайлауын Жаманкөлде өткізіпті. Бұл ара Есілден 120-150 шақырымдай жер, осы далада Қабай-Түяқ жұбы жазымай бірге өсіп, біте қайнаған екен. Бірақ ұжымдастыру, кеңес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды теңестіру науқаны күшейген кезде ел үшке бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы Қарағаш ауылы), екіншісі Боріліде (Шал ақын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Қабай руынан бұл күндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда Шал ақын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есіл ауданында т.б.

жерлерде тұрып жатқандары да жеткілікті. Ашаршылық пен қуғындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, күндерін көрген. Заман түзеліңкіреп, ел есін жинаған кезде қайта елге оралған екен.

Біздің ауыл көпке дейін “Бастау ауылы” деп аталған, ол ескі карталарда осылай көрсетіліп келген. Ал, Бастау деген біздің аталарымыздың бірі. Оның арғы жағында Бадана-Бастау ауылы деп аталған көрінеді. Бадана менің ұлы атам, яғни менің атамның әкесі. Сөйтіп, менің аталарым құнары мол, малға да, жанға да жайлы, орман-тоғайы қалың, нәрлі Есіл бойын мекендепті.



Тасыған Есіл өзені

Қазан төңкерісіне дейін атам Шеген би болыпты. Аса үлкен бай болмағанымен орта шаруадан жоғары аukatты адам болған. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы да, жөн білетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған

жерді игеру науқаны кезінде (кеңес Үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қақ ортасында үлкен жел диірмен тұратын. Оны кезінде атамыз салдырыпты. Сол жылдары Саумалкөлден ағаш бөренелер тасып сегіз бөлмелі үй салдырыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісімақтары диірмен мен салдырған жаңа үйді, мал-мүлкін түгел кәмпескелеп, мемлекет меншігіне алып қойған. Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі бір ауылға апарып, мектеп қылып қайта орнатады. Содан бері сол ауыл – “Мектеп” ауылы атанып кетеді. Бүгін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген көп жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп қуғынға ұшырайды, бай болған, би болған “нағыз құлақ” деп айып тағылады. Сондықтан ауруға шалдығып, қайтыс болады. Құлақтың баласы деп отызыншы жылдары менің әкем – Қадірәліні де біраз әуре-сәрсенге салады. Амалсыздықтан әкем қашып-пысып, қала маңында бойтасалай жүріп, отыз тоғызыншы жылдары ғана елге оралған екен.

Тағдырдың тәлкегіне түскен атамыз бен әкемізді біз ешқашан естен шығармақ емеспіз. Шеген, Беген, Нұртаза үш ағайынды аталарымыз жұбтары жазылмай, еншілері бөлінбей өткен адамдар.

Шегеннен – Қадірәлі, Бәтия деген екі бала туады. Қадірәліден – Қайыржан, Ғалым, Әлім, Сара туады. Бәтиядан – Тайжан, Қыдырма, Шөбдән, Талап, Уәзілө, Қайни, Зоя туады.

Менің ең жақын туыстарым осылар. Әкем бертін, мен институт бітіріп, жанұялы болған соң қайтыс болды, немерелерін де көрді.

Бірақ әжем Шәрбанды (Керейдің Ақбалық ауылы-

нан болатын) көрсем де, аталарымды көрмедім. Олардың қиын-қыстау кездерін әкем айтпады. Өзі де қасқырдан қорыққан қойдай жуасып, ләм-мим деп еш аузын ашқан адам емес. Дегенмен әкем ақылды, мәдениетті, елге жағымды адам болды. Ауыл ақсақалдары, көрі қарттары “бидің баласы не айтар екен” деген сөздерді естіп қалушы едім ішінара. Әкем дін оқуын да жақсы меңгерген еді. Шала молдалардың айтқан шариғаттары мен оқыған құрандарының қатесін түзетіп отырушы еді.

Шіркін, сол әкелердің, сол кездегі қариялардың өсиеттерін, шежірелерін, ақыл-кеңесін көңілге тоқымадық, елемедік. Сөйтіп көп нәрседен мақұрым қалғанымызды енді сезініп отырмыз.

Адам есейген сайын, шау тартқан кезінде ұмытшақтыққа ұрынады екен. Кешегіні бүгінде есіне сақтай алмай әбігер болады екен. Ал, жастық шақтығы, әсіресе бала кезеңдегі өмірің тайға таңба басқандай қоз алдында қалады. Тіпті компьютерге жазылып қалғандай бәрі де миыңда сайрап тұрады.

Алғаш көзімді ашып көргенім әке-шешем, ағайыным, туған-туысқандарым. Ес біліп есейген шағымда елдің азаматтарын таныдым. Бұл естелігімде ерекше есте қалған ел азаматтарын сөз етпекпін.

Ердің үш жұртының бірі – нағашы жұрты болса, ол жөнінде бірер сөз айтуға болады. Өйткені балғын бала кезімде нағашыларыма жиі-жиі барып, еркелеп, жылы-жұмсағын жеп, аунап-қунап қайтушы едім. Бала болсам да үлкен-кішісі қоғадай жапырылып, жиен келіп қалды деп аса құрметтейтін. Нағашыларымның тегі Бөрлідегі Қабай, Жаназар-Шортай әулетінен тараған.

Яғни Жаназардан Шабатай, ал одан Әуелбек туады. Сол Әуелбек жанұясы менің туған нағашыларым. Әуелбектен Кәли, Қабас, Әлпейіс деген үш ұл, Үмітжан, Кәмел деген екі қыз туады. Соңғысы менің шешем. Кәлиден бір ұл Қабдрахман, бір қыз – Қапия туады. Қабастан жалғыз ұл – Сәлім туады. Ал, Әлпейістен Шолпан деген бір қыз туады.

Нағашыларым тұратын жер – Неждановка селосы. Ол екі-ақ көшеден тұратын ауыл, оның жартысында орыс, жартысында қазақтар мекендеген. Олардың тілдері де аралас, яғни сөйлеген сөздерінің қойыртпақ екені бірден сезіліп тұрады. Бірақ екі көше бір-бірімен мейлінше тату тұрады. “Подруга” мен “Тамырлар” да жеткілікті болады.

Жас кезімде Неждановкаға жиі баратындықтан азды-көпті орысшаны осы нағашылардан үйреніп келуші едім.

Нағашыларыма барғанда “шермаш” келді деп қарсы алушы еді. Бұның мәнісі былай. Отыз тоғызыншы жылға дейін Қызылжар маңындағы (шойынжол бойында) Ауызтал деген жерде тұрыппыз. Онда Бөйімбет руынан жиналғандар бір ауыл болып отырады. Сол ауылдың атын “Бөйімбет” деп атап кеткен. Бұл күнде ол арада ескі жұрттың орны ғана бар. Айтайын дегенім, ауыл көрілері жиналғанда кебістерін талдың ішіне тығып қоятын көрінемін. Ал, кебісіміз жоқ іздендер деп у-шу болатын көрінеді. Алдымен “шермашты” табындар сол ұрлады! деп азан-қазан болады. Содан бері нағашыларым мені “шермаш” деп атап кеткен екен.

Шешем маркүм айтып отыратын бір сөзі әлі есімде.

“Баймұрат сенің аузыңа түкірді, әнші, домбырашы болсын деп. Ол сенің нағашың болады. Өзі де сегіз қырлы жігіт еді-ау...”

Рас, мен Баймұратты көргем жоқ. Сұрастыра келсем, нағашыларымның ағайыны екен. Әскерде-соғыста қаза болған. Артында Бизура деген қызы, әке-шешесі, екі інісі (Амангелді мен Жақсылық) және Сақыш деген сүйген жары қалады.

Бір ғажабы, Бизурадан туған Жұмабек деген ұл өткен жылда нағашы атасының қаза болған жердегі зиратын тауып (Ленинград қаласы маңында), бір уыс топырағын әкеліпті. Міне азаматтық деп осыны айт!

-Бизура, сен әкеңді білесің бе, есінде қалған жәйттер бар ма?-деп сұрадым бірде.

-Мен әкемді білмеймін. Мен туғанда ол өзінің міндетті әскери борышын өтеуге кетіпті. Одан оралғанда екі-ақ жаста екенмін. Мен үш-төрт жаста соғыс басталып, әкем соғысқа аттаныпты. Шынын айтсам, мен бертінге дейін әкем-Мейрам, шешем - Әмина деп жүрдім ғой (шынында олар атам мен әжем екен). Шешем – Сақыш әкемнен ерте қалды. Он екі жыл ата-енесінің қолында тұрды. “Қарағым келін саған рұқсат, көп күттің жарынды, жассың әлі, келешегің бар, құдай сені кешіреді, тұрмысқа шық, тек осы Бизураны бізге тастасаң құдай алдында ризалық батамызды береміз – деп оң баталарын берген екен ата-енесі. Сойтіп менің шешем тұрмысқа шығып, бірнеше бала өсірді. Жасы сексенге таяп, балаларының қызығын көру үстінде...”

-Бизура, әкеңнен қалған не бір сурет, я, жазған хаты сақталған жоқ па?-деп сұрадым. Сонда Бизура:

-Мынаны байқашы деп сарғайған, ортасынан бөлінген, сиясы бозарған екі-үш солдат хатын ұсынды. Ашып оқысам, өлеңмен жазылған хаттар сүйген жары

Сақышқа арналған екен. Жалынды жүректен, достық тілекпен, сағынышты үмітпен арнаймын осы хатымды сәулетай, Сақыш деген сөздерді ұққандай болдық.

Баймұрат соңғы хатында былай депті:

“Тіршілік болса, Сақыш, ұлы жеңіс тойында кездесерміз. Уәдеге берік бол. Сен әрқашан ойымнан кетпейсің. Хат күтемін!,-дейді де, алған сөлемдемеге бір ауыз өлең жазыпты.

Алдым мен асты жағымды,
Өзің салған қағынды.
Қолыңмен әкеп бергендей
Сүйсініп жедім дәмінді.

Қазақта “Ауызға түкіру” деген де салт-дәстүр бар. Баймұрат нағашым сияқты өнерлі болдым деп айта алмаймын. Дегенмен домбырадан ептеп хабарым бар. Оған көмектескен елдегі жақын ағаларым Қабдол Сайдуұлы, Ғазез Әбілмажынұлы сияқты өнерлі азаматтар болатын. Солардың әсері болар, есім кірген соң Жанажол ауылында тұратын шебер-Мәжен деген ақсақалдан екі қап бидайға домбыра сатып алдым. Ол домбыраны мектепті бітіргенше Өкеш екеуміз тартып тоздырдық.

Енді өз жұртыма келетін болсам, алдымен Есет үйін айту керек. Есет деген кісіні өзім көргем жоқ. Отызыншы жылдардың ұлы дүрбелеңінде “бай-күлак” деп ұсталып, айдалып, содан із-түссіз кетіпті....Ал, сол үйдегі әжеміз – Ұрзапия бертін қайтты. Осы жанұяны “атам үйі” дейді екен.

Ұрзапия әжеміз жеті күрсақ көтереді. Сол – жеті баланың ішінде Ережеп пен Қапия егіз туған. Осы жетудің соңғы тұяғы болып бүгінде жетпіс жастан асып отырған Ережеп қана қалды. Ережепті ауыл “Епел” деп кеткен.

Ұлы Отан соғысы басталардан бұрын біздің әкешеміз елге көшіп келеді. Онда мен үш-төрт жастамын. Әрі туыс, әрі пейілі кең болған соң осы Есет атаның үйіне орналасыппыз. Үкіштей ғана екі бөлмелі үй жанға да, малға да тарлық етпеді. Ол кездері жаңа туған мал төлі қыс айларында үйде ұсталатын.

Баланың аты бала ғой. Сол қиын күндердің өзінде біз тұрмыс тауқыметін сезіне қойғамыз жоқ. Жазда Есілден балық аулап ойнап-күле жүріп, ауыл мектебінен сауатымызды аштық.

Қиыншылық үлкендердің қабырғасын қайыстырады ғой! Әлі есімде – сол отты соғыс жылдары ауылда ер-азаматтар некен-саяқ қана қалған түс, көбіне шаруашылықтың ауыр жүгі әйелдердің, қарттардың иығына түскен кез. Таңның атысы, күннің батысы бел шешіп отыруы аз, соқа айдап, жер жыртып, шөп шауып, егін жинап әурешілік көрген де солар. Әжем де (Ережептің шешесі) ел қорғауға аттанған екі ұлын есінен бір сәт шығармай, қолы ұршық үйіргенімен көңілі қобалжып, ыңырысып ән салама-ау, әйтеуір терезе алдында көзін сығырайтып күн ұзаққа отырады. Қарт ананың көңіл-күйіндегі құбылысты пішінінен аңғарамыз да аяқты еппен басып, саябыр табамыз.

Соғыс өмірдің қыл көпірі емес пе. Сол көпірден жанның бәрі аман-сау өте бермейді. Үрзәпия әжеміздің тетелес екі ұлы Нұрахмет пен Қасими сол соғыстан оралмады. Жүрегін жарып шыққан төл перзенттерін ойлай-ойлай әжеміздің белі бүгіліп, қайғының зілмауыр салмағы еңсесін езіп кетті. Содан беліне ақау түсіп, Таяққа сүйеніп жүретін болды.

Соғыстың қиындығы ересектер мен қатар балалардың да жүрегін тырнады. Әжемнің егіздері Ережеп пен Қәпия да жастайынан тұрмыс қиыншылығын шекті.

Майданға кеткен әке-ағалардың орнын жоқтатпаймыз деп ақ қар, көк мұзда еңбек етті, көптің ауыртпашылығын олар да көтерісті.

Қиындық шынықтырады да, қиындық булықтырады да. Сол ауыр күндер оз зардабын салмаушы ма еді, бүгінде Епел де жетпістің жүгін арқалап, таяққа екі қолдап сүйенетін болды.

Жетпіске келген ағамызға жолығып, өткен өмір жайлы сыр шертуді өтіндім. Сол кезде бұрын қара нардай қайыспайтын Епел осалдық көрсетіп, ағыл-тегіл жылап жіберді.

-Әкемнен төрт-бес жасымда қалдым ғой. Түрі-түсін де білмеймін, білмегесін көз алдыма елестете де алмаймын. Бірге туған алты бауырымның бүгін бірі де қалмаған. Асқар тауға балаған екі ағамнан тірідей айрылдым. Нұрахмет – он алтыншы, Қисами – он сегізінші жылғы еді. Сүйектерінің қай жерде қалғанын да білмеймін. Елден топырақ бұйырмады. Арқамды аяздай қаритыны да осы. Адам қартайғанда туыс іздейді екен ғой, - деп ол жас үйірілген жанарын аударып әкетті.

Өмірдің соққысына тап болып, жас иініне ауыр жүк түскен Епел оқуды ерте тастап кетті. Мұндай, өмірдің өзі ерте есейткен балаларға ұжым жұмысынан басқа барар жол бар ма еді? Ол да жас басынан сол жүкті арқалады. Өзіндей балалармен бірге ол да ересектерге ілесіп, өмір жүгін өгіздей өрге сүйреді. Көнбістік, көңтерілік осы үйге бұйырған қасиет пе деп кейде таң қаламын. Бұған Епелдің кейінгі бүкіл ғұмыры айрықша айғақ болады. Тумасынан тұйық, сөзге саран, кеуде соққанды сүймейтін, төр тілеп тебінбейтін, адал еңбекті ғана білетін, ерінбейтін, тапсырғанды қанаты талса да тындырмай қоймайтын Епелді ел осы бір си-

паты үшін сүйеді. Ол қырық алты жыл механизатор болып еңбек етіп, омырауына “Еңбек Қызыл Туы”, Октябрь Революциясы, Ленин ордендерін таққан еңбек жүлдегері болған жан. Өзі тұратын Сергеев (бүгінгі Шал ақын) ауданында осы бәсте оның алдына түсетіндер кемде-кем десек асыра мақтағандық бола қоймас. Біреудің делебесін қоздырып, төсін соққылататын медальдардың, мақтау грамоталарының неше атасы бар десем, ол да жалған емес. Соғыс басталарда алғашқы тракторға отырған ол техниканың неше түрін меңгермеді.

Бір сөзбен айтқанда, оны “Қажымас қара нар!” дейді. Осының ақиқаттығына оны білетін ауылдастары, Шал ақын ауданындағы Ы.Ыбыраев ауылының азаматтары айғақ болар еді. Оның есімін кезінде аудан басшылары да талай-талай ірі мінбелерден көпке үлгі қылып, елге өнеге етіп ауызға алған-ды.

Бұл күнде шау тартып, ата болған Ережеп ағамыз өмірдің мына қиындығын да көріп отыр. Бірақ табиғатынан қайсар адам ғой, босқа налып, зар илеп отырған жоқ. “Көппен көрген ұлы той” деп ел басындағы қазіргі қиыншылыққа да төзіп келеді.

Осы жетпіс жасында талай сынды, өмірдің нешеме ауыртпалығын көрген Епел иманжүзді Дәкеш жеңгемізбен бірге шаңырағына күт қонып, береке мен ырыс дарыған отбасы болып отыр. Олар тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Ұлы ұяға, қызы қияға қонған бақытқа кенелді. Атам үйіне құдай берген қасиет әлі де сырт айналып кетпеген. Ол – сабырлылық. Сөзге құмар емес, аузы ауыр десек те айтар болса нысанаға дөп тигізетін өткір сөзді тұқым. Сол қасиет атадан балаға, баладан ұрпаққа дарыған.

Уақыт ұзақ болғанмен, өмір қысқа. Кешегі жарасы

жазылмаған сұрапыл соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан артық уақыт өтіпті. “Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – жер жаңа”. Егде тартып елу емес, алшыстан астық. Сонда немерем “ата соғыста болдың ба, не көрдің, есінде қалды ма?”-деп сұрауы хақ.

-Жоқ, мен соғыста болмадым. Ол кезде сен сияқты бала едім, мектепке де барғам жоқ. Дегенмен соғыс тауқыметін ерте көрдім, ерте сездім. Баласынан айрылған аналардың көзінен сорғалаған қанды жасын көрдім. “Біреудің жоқ қой баласы, біреудің жоқ қой ағасы” деген әнді тыңдадым. Әже деген асыл зат балапанын қорғаған тауықтай қанатының астына немерелерін жиып алып қамқоршы болады. Таяғына сүйеніп: “кұлыным, құлыным, қашан келесің”-деп бір айтқанын тағы-тағы қайталап, өзімен-өзі сөйлесіп жүрген әжелерді көрдім. Сиыр жегіп, соқа айдап, жер жыртқан аналарды, балаларды көрдім, сүйген жарынан айырылып аңыраған жеңгелерді көрдім. Түсінсең де осы, түсінбесең де осы, құлыным. Міне, соғыс дегенің осы....

Ауылдың атқамінер ер-азаматтары соғысқа кетті. Елде балалар мен жас жеткіншектер, әйелдер мен көрікұртан, әскерге жәрәмсіз деген бірең-сараң ағалар қалды. Сол бірең-сараң ауылды басқарып, билік тізгінін қолдарына алғаннан кейін адамдардың бірін алдап жұмсаса, екіншісін зекіп үрсып, боқтап та алатын, тіпті шектен шыққандарын аттың бауырына алып сабап, дүре соғатын. Қайтсе де жұмыс жүрді.

Жастықта, әсіресе, балалық шақта дүние кең, қызығырақ сияқты, ал зауал шақта дүние тарылып кеткедей болады, бірақ адам өмірдің қызығына тоймайды екен. Ал өмірдің қызығы не? Соғыс па? Жоқ. Жегенімізге тоқ, ойымызға мәз болып жүрген балалар – біздер со-

ғыс зардабын сезбеппіз. Асқар бел азаматтардың соғыста жүріп еліне жазған сағыныш хаттары ауыл қарияларына сүйеніш үміт лебізін әкеледі. Бір кез қайғы сейіледі.

Жадыраған жаз да өтер, кірбін тартқан күз келер, қылышын сүйретіп қыс та келер. Ала жаздай сабылып, мандай терін тогіп алас ұрған біздің апа-жеңгелеріміз бар ауыртпалықты өз мойындарына алып еді. Егін егу, шөп жинау, жанұяны асырау бәрі де солардың қолында, міндетінде болды. Шәу тартқан кемпір-шал да, ши борбай балалар да жаутандап соларға қарайды. Соғыс кезінде ауылды күйзелткен жоқтық, жетіспеушілік емес, әр жанұяның қабырғасын қайыстырып, жүрегін ортеген бір парак “Қара қағаз”. Соғыстың қызған кездерінде амандық хат аз келіп, қара қағаз жиі келетін болды. Енді біреулерден не өлі, не тірі деген хабар да жоқ. Халық соғыс жылдары қан жұтып, іштеріне шер бои қатты. Я, соғыс зардабы көпке дейін кетпеді, соғыс жарасы көпке дейін бітпеді.

Менің әкем соғысқа барған жоқ. Оған бір қолының кемдігі себеп болды. Ауыл балаларының көпшілігінің әкелері әскерге алынып, соғысқа кетті. Олардың көпшілігі оралмады. Бірақ қиыншылықты жетім-жесірлермен бірдей көрдік. Қанды соғысқа қатыспаса да ерлігін елде көрсеткен Шобек, Қабдірашит, Шал, Қажымұрат, Қажакмет, Бейсенбі, Уали, Есмағанбет, Сүлеймен, екі Садуақас, Майлан, Қадірәлі сияқты әкелерді атап өткен жөн. Қиын-қыстау кезде елді қиыншылықтан алып шыққан абзал адамдар еді. Әжелер болса соғыста жүрген балаларына жүннен қолғап, байпақ тоқып жатады. Жұмысқа жарамды ересек балалар мен қыз-келіншектер құмырсқадай жапырылып, қыбырлап еңбек етті.

Сұрапыл соғыстың дүмпуі мен түтіні әлі басылмай

тұрғанда мүгедек болып елге оралған азаматтарымыз да бір төбе. Оларды ақсақ, шолақ қол, басы-көзі тесілген, ауыр жаралы болса да жан олжа деп ел-жұрт қуана қарсы алып жатыр, тәубешілік деп әжелер көздерінің жасын сұртуде болды. Атап айтсақ елге тірі оралған әкелеріміз: Ишанғабыл, Қабдол, Қазі, Бекім, Бейсенбай, Әбу, Қабдылбари, Зұлқарнай, Жұма, Кенжеғара т.б. Аз да болса ауылдың кемтігін толтырған осы жауынгерлер елдің еңсесін бір көтеріп тастады.

Соғыстың басталуы біздің бала кезімізге түспа-түс келді. Соның әсері ме тез есейіп, буынымыз тез қатайды. Қаршадай кезімізден үй шаруасына араласып қана қоймай, апаларымыз бен ағаларымызға, шешелеріміз бен аталарымызға көмектесіп, ұжымдық шаруашылықтың жұмысына араластық. Шынын айтсақ сол соғыс кезінде 7-8 жастағы балалармыз. Сонда біз өзімізді үлкен кісідей сезінетін едік.

Ұйқылы ояу, көзімізді тырнап ашып, таң сәріден аттың басына мінеміз. Осы жаста ат құлағында ойнадық. Бұны үйреткен өмір. Шөп алқасын бір айналып шыққанда да ұйқы ашылып, бойымыз жазыла қоймайды. Дегенмен шабындық жерді бөлек-бөлек бөліп алып, орап шауып жүрген шалғышылар қатарласа таяп келгенде ат үстіндегі балалар шолақ қамшыларын жоғары үйіріп, мөз-мейрам болып қалады, ал шөп машинасының құлағын ұстап отырған үлкендер болса, бізге қосылып күлісіп рахаттанатын. Сөйтіп осыдан қас қарайып, көз байланғанша үлкеніміз бар, кішіміз бар дала жұмысынан қол үзбей қызу еңбек үстінде боламыз.

Ол кезде шөп шабатын агрегат өте жабайы еді. Шөп машинасын қос өгіз тартады, оның алдына ат жегіліп бағыттаушы қызметін атқарады, ат үстінде бала оты-

рады. Машинаның үстінде отырған ересек адам екі өгізді айдаумен қатар шалғы агрегатын реттеп, бақылайды. Таңғы салқында, яғни күн арқан бойы көтерілгенше және кешкі салқында – күн еңкейген кезде жұмыс онімді болады. Мал да, жан да қапаланбай еркін тыныстап жақсы жұмыс істей алады.

Шаңқай түсте дем аламыз. Алдымен күнімен күнге қызған денемізді салқындату үшін Есілдің салқын суына сүңгіп-сүңгіп аламыз, өзеннің арғы, бергі бетіне малтып өтіп, рахаттанамыз. Бұл кезде өгіздер өлгенше су ішіп, қарындарын қампитып судан шығады да дөңдегі көгалды жотап оттай бастайды. Жылқы жануары су ішінде суланған күйрығымен жауыр арқасына қонған сона мен шыбындарды шыпылдатып соққылайды. Балалар әбден салқындап жандары кіргеннен кейін әрқайсысы өз аттарына қарғып мініп, әрлі берлі жүзйтеді. Үсті-басы құлағынан бастап бүкіл жоны бойымен күйрығына дейін тазалап жуып терісін жылтыратады. Одан соң әр атты тұсаулап бозға айдап салады.

Дәл түсте тамаққа тойып, қымызға не сусын-айранға, я шәйға қанып ішкеннен кейін төбесі шошайған, жас шоптен жасалған қостың ішіне кіреміз. Жұпар исі аңқыған жұмаққа тап болғандайсың. Осында жатып әжептәуір ұйықтап дем аламыз. Кешке түс ауғасын тағы жұмыс, одан соң, шаңнан тазару үшін тағы шомылу. Қас қарая бергенде (күн батысымен) торт-бес шақырым жердегі ауылымызға атпен шаба жөнелеміз, ал үлкендер болса пар-пар өгіздерін арбаға жегіп, көк шөптің үстінде әңгіме-дүкенін құрып келеді. Ат үстінде алдыңнан майда қоңыр, салқын самал жел ескенде күні бойғы шаршағаның бірден басылып, бойың сергіп қалады. Шоп науқаны кезіндегі жұмыстың қиыны да, қызығы да осы болатын біздер балалар үшін.

Әлі күнге дейін есімде 1951,1952,1953 жылдардың жаз айларында біздің ауылдың оқушы жас жеткіншектерін шаруашылық басшылары әдеттегідей көмекке шақырады. Жұмыстың түрі мал азығын дайындау, яғни жем-шөп дайындау науқаны болатын. Жасымыз 15-16-лар шамасында болғанмен тепсе темір үзетіндей жағдайымыз бар сияқты сезінетінбіз. Шынында да буынымыз қатайып, бұлшық еттеріміз бұлтиып, өсіп қалған кез. Жастық жалын дегендей бойымыз бен ойымыз бірдей дамып, оның үстіне еңбекке ерте араласып шыныққан жастар едік. Біздермен жастар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасайтын Қабиден, Қаражан, Рақымжан ағаларымыз еді. Рақымжан Әбілов ағамыз істің бас аяғына дейін бізбен бірге болып, ишеншілер бригадасын өз қамқорлығына алды. Рақаң іскер, еңбекқор, білгір, сауатты, оқығанынан тоқығаны көп адам еді. Маяның төбесін шығаруды, оның массасын өлшеуді біз сол кісіден үйрендік. Кейде үйілген маяның, не шошақтың массасын көзбен де анықтай алатын. Сондағы қателігі көп болса 4-5 центнер ғана болатын.

Сол кезде шөп трактормен шабылып, трактормен жиналады. Осы жиналған шөпті біз қолмен айырлап, маялаймыз. Ауылдың жас жеткіншектері осы жұмысты тиянақты әрі сапалы атқарып отырдық. Жұртшылық, бұл игі іске дән ыриза, істеген ісіміздің қаншаға бағаланғанын да білмейтінбіз, әйтеуір жыл аяғында есеп жүргізіп еңбек күнге бидай алатынбыз. Дегенмен Рақаң жүрген жерде қарнымыз аш болмайтынын білеміз. Мәселен күніне 9-10 жігітке 40-50 литр қымыз, 4-5 кг ет, 2 кг сары май, 5-6 бөлке нан келетін жұмыс басына. Қымыз алғашқы кезде бойды алып, маужыратып ұйқыны келтіріп жүрді. Соңынан қымыз-

ды жарыса ішетін болдық. Үлкен емен бөшкеде шайқалып келген қымыз ашуы қайтып дәмі жұмсара түседі. Одан соң ағаш коленкесіндегі салқын шұңқырға бөшкені түсіріп, қымызды салқындатамыз. Кейін қымызға да, жұмысқа да үйреніп, шынығып алғаннан кейін ісіміз оне бастады. Күніне 350-400 центнер шөпті үйіп маялаймыз. Орта есеппен әр адам күніне 40-50 центнер шөп үйеді. Шындығына келгенде шөп қымыздың, тамақтың күшімен үйілді десе дұрыс болар. Әрі сусын, әрі тамақ, әрі қуат беретін қымыздың қасиетін сонда айқын байқаған едік.

Осы науқан кезінде тек тамақтың ғана қасиетін біліп қоймай бірге өскен ауылдас замандастарымызды, жақын-туыстарымызды білдік. Олар Ерғазы, Әбеш, Токен, Кенес, Өкеш, Әскер, Ахметжан, Герольд, Тыныс, Жұмаш, Қабыш, Хамит, Қайыржан т.с.с. Алғашқы төртеуі бірлі-жарымды жасы кіші, сондықтан мектепте бір класс төмен оқыды. Ал соңғы жетеуі менімен жасты еді, бірге оқыдық. Қайран осы достарым-ай, көпшілігі бұл өмірде жоқ! О дүниеге ерте кетті! Герольд, Хамит, Тыныс денсаулықтарына байланысты онша жұмысқа араласпады.

Осылардың ішінде Өкештің қолының қаруы бар еді. Жұмысқа тиянақты, қалжырамайтын. Төкен қарулы болса да тез алқынып қалады. Осы екеуі де тілге шорқақтау, сөзге сараң болатын. Бірақ шөп айырлауда болсын, қымыз ішуде болсын, күресте болсын жеңіп шығатын. Ахметжанның айыр көтеруге қарағанда сөзі, қылжыңы, күлкісі көп болатын, сондықтан оны маяның төбесіне шығаратынбыз, ал Әбештің жұмыс басында аузы күлгіден жиылмайтын, аңқылдаған ақжарқын адам еді. Әскер аздап тұйықтау, жұмысқа аса бірден кіріп кетпейді, артын бақылап, аңдып сөйлей-

тін. Бірақ темекі тарту, реті келсе арақты да тартып жіберу сияқты әдеті болатын. Сол әдетке жолдастарын да үйретуші еді. Әркімге әртүрлі мінез береді, әртүрлі қасиет береді. Осылардың ішіндегі марқұм Ерғазыны ерекше айта кеткен жөн болар.

Ерғазы толықша келген ақсары жігіт болатын. Денесі тығыршық, күреске ыңғайлы, іштен шалса лып еткізіп қарсыласының жамбасын жерге тигізетін палуан еді. Есейген соң денесі еңгезердей боп жуандап өсіп кетті. Ерғазының екінші бір қасиеті іліп-қақпа әзілі мен қалжыңы болатын. Ол шақпақ сөздің шебері үлкенмен әзілдесе білетін, кішімен қалжындаса білетін, замандасымен жағаласа жүріп ойнайтын адам. Сөйтіп, отырған жерін ойын, барған жерін базар қылатын. Бір жәйт есіме түсті. Үйленіп балалы болғаннан кейін жанұяммен елге келдім. Қарындасым – Сара мен жолдасы – Қайролла да қонақ болып жатыр екен елде. Көшеде Ерғазы кездесе кетті, амандықты сұраспай жатып ол:

-Қаланың қайыршылары келіп қалыпты-ғой! – деп іліп-қағып өтті.

-Я, келіп қалдық. Қайыршыға да бірдене беруші еді-ғой!-деп қарсы жауап бердім мен.

-Жарайды, айтуың дұрыс, – деп, амандықты сұрасқаннан кейін жөніне кете барды.

Кешке күн еңкейіп, батуға таянған кезде Ерғазы бізді үйіне шақырып, бір қойын сойып, арақ-шарабын қойып, қаланың “қуларын” қатырып қонақ қылды. Шіркін, Ерғазы ер еді ғой!

Балалық – бал дәурен, пәк көңіл. Өмірдің ащы-тұщысын, қулық-сұмдығын таңдамайтын ақ жүрек адал кез. Мен ауыл баласымын. Жастық шағым ауылда өткеніне қуанамын. Өйткені адалдықтың, адамдықтың

төркіні ауылда жатыр. Ауылдан шықсаң бір ірі академияны бітіріп шыққандай боласың. Мәселен, біздің ауылдың ақсақалдары көпті көрген, арапша діни оқыған, қиссалар мен шежірені жатқа білетін білімді адамдар еді. Олар Зікірия, Сералі, ақын Ерғали, бүркітші Әбілмәжін, Сәрсекей, Елемес, Жайлаубай, Тәжібай, Ырысбай, Бопат, Әлмағанбет, Құлмырза, Жұмағали, Таласпай, Бектұр тағы басқалар. Осы ақсақалдар отызыншы жылдары қуғын-сүргін көрген Үкілі Ыбырай, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфулин сияқты ақ саңлақтарымызды айтып отырушы еді. Шығармаларын, өлеңдерін естуші едік. Онымен қоса қиссалар, жыраулар, ертегілер т.с.с. Қазақ қазынасының байлығынан сыр шертілетін. Олар дүниелерді қалай жаттап алған деп танданатынбыз. Осы қариялардың ішіндегі аса алғыры да білгірі де Зікірия мен Ерғали болатын (екеуі де аталас ағайындар). Шірікін солардың айтқандарын кезінде ұғып ала алмадық. Мүмкін мән де бермеген шығармыз. Дегенмен рухани жағынан көмек берді деп айта аламыз.

Біздің ұрпақ тез есейді. Оның шыңдалып, шынығып өсуіне үлкен септігін тигізген алдыңғы толқын ағалар мен апалар себепкер болды. Дегенмен солардың аттарын атап кету артықшылық болмас:

Ағаларымыз Темірғали, Собит, Қабиден, Ережеп, Қаражан, Темеш, Аманжол, Қайнет, Қайыржан, Резиден, Ғазиз, Тарбақ, Қасым, Әшім, Сәлтәй, Хамза, Кейкуат, Зұлқан, Абылқайыр, Есләм, Сайран, Зият, апаларымыз Қания, Жамал. Соғыс кезіндегі осы бойжеткендер мен бозбалалар әкелерінің орнын басып, шаруашылықты мықтап ұстап тұрды. Әттең осылардың біразы өмірден ерте кетті.

Осы аталған ағайын ағаларымның ішіндегі еті тірі,

ең ет-ене жақын бауырым Қаражанды айтпай кетуге болмайды. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес дегендей мені сонау соғыс кезінен қасында ерте жүріп, тәлім-тәрбие берді. Ол Үкімет шаруасына беріліп, белі қайысып жұмыс істеген адам емес. Үнемі жеңіл жұмыстарды атқарды. Бірде шаруашылықтың кілтшісі, бірде ферма басшысы сияқты қызметтерді жүргізді. Сабақтан басым босап кетсе сол ағамның жанында боламын. Ақылын тындаймын, жұмысына көмектесем, көбіне атын жегіп божысын ұстаумен боламын. Стандағы жұмысшыларға нан жеткіземіз, тамағымыз да тоқ. Сол ағамыздың тәрбиесін, ақылын бүгінге дейін алып келдім. Мектепке соғыс қызған, от-жалынды жылда бардық. Көбіміз дәл оқуға барар жаста, ал кейбіріміздің жасымыз асып кеткен шақта білім ұясының табалдырығын алғаш аттаған едік.

1943 жылдың күзі болатын. Бір таба күлше нанды қолтығымызға қысып, 3-4 шақырым жердегі станнан ауылға келдік. Мен әжем үйіне орналастым. Нан демекші, бидай қамырынан иленіп, оқтаумен тегістелген дөңгелекше күлшені далаға жаққан оттың астындағы күлге тастайды. Ол пісті –ау деген кезде оттан алып, көк шөптің үстіне қоя береді. Суығасын олардың қарайып күйген тұстарын пышақпен қырып, тазалайды. Одан кейін оларға май-қаймақ жағады. Мұндай күлше бөтірдің дәмі ауыздан кетпейді, тамаша!

Егіс науқанының қызған шағы, 1–ші қыркүйек – оқу жылының басы. Алғаш оқуға келген 1–ші сыныптың оқушылары парталарға отырып жатыр. Жоғары сыныптарда оқушылар бірен-саран ғана. Тұрмыс ауыртпалығына байланысты оқуға келмей қалғандар да баршылық. Көбімізде оқулық пен жазу дәптеріміз, қаламымыз бола бермейді. Бар “байлығымыз” – қара

қарындаш пен жолдарының арасына жазу үшін әлде қайдан тауып, жинастырып алған орыс ертегілерінің сарғайып, тозған кітаптары.

Үсті-басымыз, киім-кешегіміз де оңып тұрған жоқ-жұпыны. Кигендеріміз бәрі дерлік жамау-жұмау, ескі-күсқылар. Бірақ бұған ренжіп жүрген, оған баса көңіл бөліп жүрген ешкім жоқ. Қазіргі уақыттағыдай оқу жылының басталуын алаулатып-жалаулатып, қоныраулатып дүрлігіп жүрген адам жоқ. Ұстаздарымыз орта мектепті өздері толық тәмамдап үлгермеген жас бойжеткендер. Зақу Шалқызы, Назиқа Көлдейқызы, Күлшара Қасымқызы, Шора Ақанова (соңғы екеуі бүгіндері дүние салған) сияқты елдің таныс өрімдей қыздары. Әрине, орта мектеп болған соң мұнда Сейпи, Ақия, Қажия сияқты тәжірибелі қартаң мұғалімдер де болды. Өкінішке орай, олардың кейбірінің есімдері бүгіндері есте қалмапты.

Ең алғаш әліппені үйреткен, саусағымыз бен аяқта-рымыздағы бөшәйләрімізді саната жүріп, есеп үйреткен сол жаны жайсаң жандарға мен осы күнге дейін мың бір алғыс айта жүремін. Басқа ауылдардан келіп оқитын балалар үшін мектеп-интернат ашылып, жұмыс істеді. Онда оларға үш мезгіл тегін тамақ берілетін. Сондай-ақ мұнда жергілікті балалар үшін де түстік ас дайындалып, берілетін. Суы мен тұзы мол қара нан-ды қолмен сықсаң, саусақтарыңның арасынан су тамшылап тұратын сол нан кезінде талай баланың жанына қуат беретін. Соның арқасында ешкім аштан өліп, көштен қалған жоқ десек болады.

“Жыл деген ат басын бүрғанша, “ай” деген аунап тұрғанша”- дегендейін сол айлар мен жылдардың зымырап өте шыққанын да кезінде байқамай қалдық-ау! Жастық шақта онша еленбеген көп жәйіттерге ғұмыр

жасың ортадан асқанда басқаша қарап, сағынышпен еске алады екенсің! Бір қызығы - сол тәтті балалық дәуреннің қызықты күндері қазір компьютерде жазылып қалғандай көз алдыма жиі елестейді. Жүріп өткен жолың, соңында қалдырған ізің осы күні қаперде айна-катесіз көлбеңдейді.

Менің алғашқы парталас дос-жарандарым Өкеш, Ахметжан, Болат, Хамит, Тыныс, Әскер, Маймақ, Герольд еді. Алғыр ойлы оқу үздігі болған неміс баласы – Герольд кейін жақсы барлық пәндер бойынша үлгерімі себепті бір сыныпты аттап өтіп, мектепті бізден бір жыл бұрын тауысты.

Соғыс жылдарындағы жоқшылық пен жетіспеушілік зардабы халықты мәдени-рухани жағынан да күйзелтті. Пионер, комсомол ұйымдарының бірен-сараң жиындары мен шағын-шарпы концерт-ойындары болмаса, басқа көңіл қотеретін мазмұнды шаралар жоқтың қасы болатын. Рас, айына 2 рет ауданнан кино әкелініп тұратын. Ол кезде қазіргідей жоғары вольтты электр желісі болмағандықтан киноны мотормен көретінбіз. Ол өзі жиі соніп қала бертін, біз киноны аяғына дейін көру үшін оның құлағын кезек-кезек бұрап әлектенетінбіз. Сонда көп қызықтайтындарымыз: “Катюша”, “Марина” сияқты соғыс туралы кинофильмдер. Әрине, біздер үшін олар өте қызықты көрінетін. Сондай-ақ жылына бір рет ауылымызға Қызыл-жар қаласы филормониясының әртістері концерт қойып кететін. Олардан менің есімде қалғандары: Ысқақ және Мархаба Иманкүловтар мен Игібай Әлібаев. Рас, өнерлі адамдар ауыл ішінде де болатын. мысалы Ерғали Асылтаев әнші, әрі суырып салма ақын еді. Түрлі жиын-тойларда біз оны сүйіп тыңдайтынбыз. Кейін оның қызы – Зураш та өлең айтып, әншілігімен

көзге түсті. Айтпақшы, ақын әрі жазушы Ғалым Малдыбаев та біздің ауылда тұрып, біраз жылдар мәдениет ошағына үйтқы болды. Кейін ол Зураш апайымызға үйленді. 1942 жылы көшіп келген Бельгер Карл Федорович дәрігер ғана емес, музыкадан да хабары бар адам екен. Ол бұрын біз онша көре қоймаған скрипка мен баянда қосылып айтатын отбасылық ансамбль ұйымдастырды. Әлі есімде бірде мектебімізде Молдахмет Тырбиевпен (оны Тырбидың Молдахметі дейтін) кездесу кеші болды. Оқушылар залға лық толды. Кішірек балалар алда, сәкі үстіне отырдық, ал үлкендер артында тұрды. Алдағы жақта түс киіз төселіп, оның үстіне Молдахметті қолтықтап әкеліп отырғызды. Ол кісі аласа бойлы, толық денелі, пысықша адам екен. Есімі облысқа, республикаға таныла бастаған облыстың белгілі ақындарының бірі болатын. Ортаға шығысымен ол домбырасының құлағын бұрап, бабына келтірді де шертіп-шертіп жіберіп, домбыраға қосылып әнді әуелетіп әкетті. Әлден соң екі беті жайнап, дауысы ашылып, залдың ішін әсем әнмен дабылдатып жіберді. Тыңдаушылар «Әп, бәрекелді!» деп риза болып кетті. Әбден шабыттанған кезде ол ән әуенімен бірге қозғалақтап отырған күйі жылжи-жылжи біздің тіземізге келіп тірелді. Өнеріне тәнті болған халық қолпаштап, қолдарын аяусыз соғып жатыр. Бала болсам да ақынның халық алдындағы беделін, оның шеберлігіне деген шынайы ризашылықтарын анық сездім.

Міне, қазір алдымда сол Молдахмет Тырбиевтың Кенен Әзірбаевпен түскен фотосуреті жатыр. Бұл оның облыстық, Республикалық ақындар айтысына қатысып, талай өнер көрсеткендігінің айғағы. Осындай тұма дарын иесінен «бір мұра қалмады-ау» деген ойда

жүргенімде, Молдекең туралы бір шағын естелік кітап (Қ.Салықовтікі) көзіме жарқ ете түсті. Қатты қуандым!

Қыркыншы жылдардың соңы. Жас жеткіншектердің оқуға, білімге деген құштарлығы, еңбекке деген талпынысы аса арта түскен шақ. Мүмкін бұл соғыстан қалжыраған халықтың рухани қажеттігі ме, білмеймін. Әйтеуір, жана бетбұрыс басталғандай болды. Ауылдағы өмір бізді еңбекке ерте баулыды. Беліміз қатаймай жатып, қандай-да болмасын жұмысты (үйдің, я қоғамның) тартынбай істейтін болдық.

Соғыстан оралған Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Есім Смағұлов, Қалау Тайжанов, Ахметжан Қалиахметов, Сәден Байбатыров сияқты жараланып қайтқан ардагер ұстаздар мектепке оралып, ортамызды толтырды. Олар мектебіміздің іргелі білім ошағына айналуына сүбелі үлес қосты.

Ленин ауылының сән-салтанаты мен мәдениеті ежелден сол аймақтағы елдерден оқ бойы жоғары болатын. Оның себебі географиялық орналасуы немесе халықтың шоғырлануы ғана емес. Бастысы - онерлі адамдары. Нақтылап айтсақ, сол кездегі ауыл мәдениетінің ұйытқысы – мұғалімдер. Ол кезде орта, арнаулы орта, жоғары білім тек мұғалімдерде ғана болатын. Есілдің қос қанатында қоныстанған біраз ауылдардың балалары осы Ленин орта мектебіне оқуға келетін. Облыс бойынша орта білім беретін қазақ мектептері соғыс жылдары, одан кейінгі жылдары санаулы-ақ еді. Ауылымызда бірлі-жарым басқа ұлт өкілдері де тұратын. Олар: орыс Журавлевтар мен Эльковичтердің жанұялары және соғыс жылы көшіп келген неміс Бельгерлер жанұясы. Олардың балалары қазақша оқып, қазақша сойлейтін. Яғни олар жергілікті ұлтпен етене жақындасып, біте қайнап, сіңісіп кеткен.

Кейінгі жылдары басқа ұлттардың саны арта түсіп (тың көтеру кезінде), ауыл халқының ұлттық құрамы күрт өзгерді.

Ертеде ақсақалға сәлем берсең, «молла бол» дейтін. Біз оны мұғалім бол дегендей түсінетінбіз.

«Ұстаздық қылған жалықпас... Баламды медресеге біл деп бердім...» деп Абай айтқандай әрбір ата-ана баласын жақсы мектепке беріп, тәжірибелі ұстазға оқытқысы келеді. Мысалы кезінде мұғалімдік қол жетпейтін мамандық болып саналатын. Олардың жүрісі де, сөзі де, ақылы да, киген киімі де бізге үлкен үлгі, өнеге болатын. Сондықтан да болар 50-60 жылдардағы мектеп түлектерінің дені мұғалім мамандығын таңдайтын.

Мектебіміздің сол кездегі директоры Шияп Садықұлы орта бойлыдан сол жоғары бойы бар, шашын артына қайырған ақ сары, арықша келген әдемі адам еді! Сырт бейнесіне қарасаң асқан сабырлықты, үстіне шаң жұқпаған тазалықты көресің, ал ішкі дүниесіне үңілсең де байсалдылық пен ақылдылықты байқайсың. Бұның өзі мұғалімдер ұжымын, балаларды, мектепті тәртіптілікке, жинақылыққа, творчестволық жұмысқа бағыттады. Мектеп ішін былай қойғанда, көшеде жүріп келе жатып түкіруге, шемішке шағуға, дөрекі сөйлеуге болмайды! Ондай ерсі қылықты Шияп ағай көрсе немесе естісе қатты ренжитін. Ұрыса ма? Жоқ! Ол ондай баланы кабинетіне апарып, екі көзін қысыңқырап, жанына келіп, ақырын ғана «Осы ұят емес пе?»-деген сөзі етіннен өтіп, сүйегіңе жетеді. Балаларды былай қойғанда ауыл адамдары Шәкенді көргенде тоқтап, иіліп сәлем беретін. Ауылдың атқа мінір азаматтары, тіпті ауыл басшысы басқарма да мектеп директорымен ақылдасатын, санасып отыратын. Шіркін,

Шияп ағайдың жұбайы Мүсәлім жеңгейді айтсаңшы! Аса мәдениетті адам еді-ау! Сабақта да (тіл маманы), көшеде де өзінен үлкен-кішілермен, шәкірттерімен «Сіз» деп сөйлесіп өткен адам! Шияп Садықұлы математикадан сабақ берді. Ол жоғары білімді Омбы қаласында алған. Мен ол кісіден көп дәріс алғамын жоқ. Себебі басқа мұғалімдерден оқыдым. Кей ретте ол бізге де сабақ беретін. Бір теореманы айтады да, оның берілуін, дәлелденуін тақтаға әдемілеп жазады, суретін салады. Өз жазғанын арт жаққа барып қарайды. Сосын барып оқушылармен жұмыс істейді. Сабақ берудегі дәлдігі (сойлеу, жазу мәнері) математика пәнінің талабына тура сәйкес келуіне таңданады.

Тағы бір айтулы тұлға тарих пәнінің мұғалімі, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Жанғали Құсайынов. Соғыс ардагері. Шияп ағамыз соғыста бір бармағынан айырылып келсе, Жәкең бір қолын майдан шебіне қалдырған солдат – мұғалім.

Жуас, қыз мінезді, аңқаулығы да бар, бірақ мейлінше адал адам болатын. Оның есесіне зайыбы Нұрсұлу жеңгеміз – адуынды, өткір. ашық та, пысық кісі еді.

Кезінде Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің депутаты болғаны белгілі. Ол кезде мұғалімдерден депутат болып сайлану сирек құбылыс-тын. Бұл ретте озат диқаншы, механизатор, сауыншыларға басымдылық беріліп, депутаттыққа жиі сайланатын.

Есімде қалғаны – Нұрсұлу апайымызды депутат болғанда маңайдағы ауылдарды пар ат жегіп көшпәуәшанаға отырғызып аралатқаны, шаруашылық кеңсесіне кілеммен көтеріп әкелгені. Ауылдас ағаларым, соғыс ардагерлері Ахметжан мен Сәден де осы мектепке көп қызмет етіп, ұлағатты ұстаздар аталды.

Елуінші жылдары (жоғарғы сыныптарда оқимыз)

біздің бағымызға қарай жаңа бір толқын жігерлі, жаңашыл, білімді мұғалімдермен толықты. Олар: Жылкелді Мұқанов оның жұбайы Зура, Ермұқан Сейдахметов, Шаймұрат Қарабеков, Қажен Базарбеков, Жасұлан Қадыров, Есмақан Қожақов, Ғазез Жахин, Құрмаш Баязиев, Темірғали Бектұров, Шәкім Нұртазин, Кейкуат Асылтаев, Ғазез Әбілмәжінов, Қайрош Қоспанов, Жұмаш Сейітпеков, Дүйсе Әбілов сияқты ұстаздар еді. Алпысыншы жылдары Шекен Қасымов, Шалбай Смағұлов, Қағида Базарбаева, Ермек Қонарбаев, Жараспай Нұрқанов, Мейраш Әбілқәрімов, Әлім Шегенов алғашқы ағалардың ісін жалғастырады. Осы аталғандардың көпшілігі осы мектептің түлектері. Егер жақсы ұстаз ұстаздыққа тәрбиелесе, оның жақсы ұстаз екеніне кімнің дауы бар. Алғашқы ұстаздар кейінгі мұғалімдерге тәлімгер болды.

Мен өз ауылымдағы осы Ленин орта мектебінде оқып-тәрбиеленгенімді өзіме мәртебе санаймын. Менің де кейін ұстаздықты қалауыма, өзім тәлім алған сол абзал жандардың білім беру саласына жан-тәндерімен берілген мұғалімдерімнің әсер еткені сөзсіз. Яғни Ленин орта мектебінің мақтаулы педагогикалық ұжымының шапағаты. Қандай да болсын мектеп даңқын оның түлектері шығарады, ал түлектерінің есімін ұстаздар мактан етеді. Бүкіл саналы өмірімді сол ұстаздарыммен өзімнің шәкірттеріммен, еңбектес әріптестеріммен қатар өткізгенімді бақыт деп санаймын. Кошеде кездескен бір шәкіртім шын көңілімен амандасып, жылы шырай берсе еңбегімнің қайтқаны деп есептеймін.

Қыркыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында мектебімізге Егорова Мария Петровна деген мұғалім орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді.

Орта жасқа келген кезі болатын. Өте жабайы, жұпыны киінетін адам еді. Бұл кісі жөнінде Герольд Бельгер өз шығармаларында жақсы жазды. Мария Петровна сонау Ресейдің Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербург) қаласынан келген. Ол бұл жерге тегіннен-тегін келген жоқ екен. Коммунистік партия серкелерінің бірі Сергей Миронович Кировтің қаза болуына осы Егоровтар жанұясының да қатысы бар деп жер аударған. Сол үшін Мария Петровна Қазақстанға, ал оның жұбайы (оқымысты) Сібірдің бір қаласына кеткен. Сол жақта қалған екі ұлы кейін (оқымысты болып шыққан) елге шешесін іздеп келіп кеткенін де көзім көрді. Бізге сол Мария Петровна сабақ берді. Ол орыс жазушылары Гогольдың, Островскийдің (драматург), Чеховтың т.б. еңбектерін миымызға тесіп құйғандай жеткізетін. Мария Петровна сабақ берген күннен бастап қалың дәптерлерге түсінгендерімді қалдырмай жазып отыратынмын. Сонан кейін ол жоғарғы оқу орнына түсуіме жап-жақсы септігін тигізді. Мария Петровна сабақ бергенде көзі жайнап, айтып тұрған шығарманың кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін әртісше ойнап, олардың өндерін көз алдыға елестете білетін.

Кей кездері сол кейіпкерлерінің бейнесіне беріле еніп, түсіндіру кезінде жүрегі қысып, тынысы тарылып, ауа жетпей орнына шаршап отыра кететін. Ондай сәтте біз дереу бетіне су бүркіп, бөлменің есік терезесін ашамыз, ауасын тазартамыз. Сонда ғана есі кіріп, бойын жинайды.

Ие, жазықсыз жазаланған жандардың жүрегі қыспағанда қайтсін! Нәзік жүрек қанша шыдасын. Оның үстіне Мария Петровнаның алғашында тұрмысы да мәз болмады. Ауыл балалары кейде үйден жұмыртқа жинап апарып береміз. Біз ол кісіге сабақтан тыс уа-

қытта шаруасына қолқабыс етеміз. Небары екі-үш жылдың ішінде сол мейірімді де, білімді ұстаз арқасында орыс әдебиетінен тәп-тәуір білім алдық, орысша сауатымызды көтердік. Келешек институтқа түсуге жол ашылды. Себебі ол кезде қай оқу орнына барсаң да, қай факультетке түссең де орыс тілінен емтихан тапсыру міндетті болатын.

Оқуға түскеннен кейін де кейбір пәндер (сонын ішінде математика) орысша жүргізілетін. Сол Мария Петровнаның бізге сіңірген еңбегі арқасында біз орыс тілінен еш кемдік көрген жоқпыз. Аяулы осы ұстазыммен студенттік кездерден кейін де, қашан ол кісі еліне қайтқанша, хат жазысып тұрдым.

Кезінде мектепте білім сусындатқан кәдірменді мұғалімдерімді еске алғанда Жылкелді Мұқановты атамай өте алмаймын. Өзі де осы мектептің түлегі. Ол Алматыдан мұғалімдік институтты бітіріп, мектебімізге 1951 жылы оралған еді. Сол жылы күзде біздің 8 сыныптың жетекші және қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды.

Бірінші қыркүйек, бірінші сабақ. Ұзын бойлы, арықша келген, тап-таза киінген, ақ көйлек, галстук, көк шалбарының қыры пышақтың жүзіндей. Журналды үстелдің үстіне тастай берді, балаларды көзімен түгендеп, бір шолып, сабақты бастап жіберді. Исатай-Махамбет көтерілісі жайындағы жырды тасытып, құлпыртып, түйдек-түйдегімен ойнатқанда бойымыздың ұйып қалғанын сезбей қалыппыз. Бір ғажабы ертегіге тап болғандай сүйсініп тындадық. Қырық бес минут бір сәтте өте шықты. Тағы бір қызығы – ол кісі қоңырау соғылысымен журналды алып, шығып жүре беретін. «Сабақта кім бар, кім жоқ» - деп тексермеді. Тіпті сабақты түсіндің бе, түсінбедің бе, - деп те сұра-

мады, бізді қатты таң қалдырды.

Япырай, бұл сабақ басқаларға мүлде ұқсамайды, дегенмен бізге ұнап қалды.

Ауылда шляпа киетін екі адам болды: Шияп Садықов қара шляпа кисе, Жылгелді боз шляпа киетін. Сол кезде, шіркін біз де осындай шляпа киер кез туар ма екен деп ойлаушы едік. Сол кісілердей білімдар мұғалім болуды армандайтынбыз.

Ауыл мәдениетіне Жылкелдінің қосқан үлесі аз емес. Бойындағы бар білімімен ол халқына (жастарға) өнерін үйретуден жалыққан жоқ. Бас режиссері бола жүріп, жастар театрын ұйымдастырды. Кейіннен осы ұжым халық театры атағын алды. Ол қол өнерінің де шебері еді. Әттең, денсаулығы төмен болып, ерте кетті.

Кезінде Абайдың ролін ойнап, бүкіл Алматы студенттерін аузына қаратқан адам. Өмірінің соңғы жылдары олең, әңгіме де жазды. Жылкелді нағыз сегіз қырлы жігіт болатын. Әрине, ол ең алдымен тамаша ұстаз еді. Сондай ұлағатты ұстаздардан дәріс алғанымды мақтан етемін.

Шынын айтсам ұстаз боламын деп ойлаған жоқпын. Әке-шешем де кім болғың келеді деп сұраған емес. Он жыл оқығанда баламның жайы қалай деп мектепке де келген емес олар. Соған қарағанда оқуым да, тәртібім де нашар болмаған ғой деп ойлаймын. Кейбір ата-аналар баласының қабілетін, табиғи сапасын анық байқамай жатып менің балам ғалым, ақын, сутерші т.б. болады деп күні бұрын айдар тағып қояды. Бұл әрине, үлкен қателік деп есептеймін. Балаға мамандықты өмірдің өзі таңдайды.

Елу төрттің жайдарлы жазында мектепті бітірдік, 44 оқушы едік. Өгіз сойып, қаладан екі бөшке сыра алдыртып, бие байлап, қымыз ашытып, дүрілдетіп той

өткіздік. Әскер Жұматаев қымызға арақ қосып бәрімізді мас қылғаны есімде. Бұл есейіп, ер жетіп, арақты алғаш татқан күніміз болатын.

Атестатты алғаннан кейін бәріміз де тарам-тарам жолға шықтық. Он бір қыз және арасындағы жалғыз жігіт – мен шахтерлар қаласы – көмірлі Қарағандыға тарттық. Шешелері «алдымен аллаға, сосын саған тапсырдық қыздарымызды» деп жылап-сықтап шығарып салды. Қарағанды бай қала. Адамдары да ақжарқын, ниеті кең, көңілі ашық. Біздің елден шахтерлер де, студенттер де, қызметкерлер де аз болмай шықты. Бәрі де күшак жая қарсы алды. Олар: Бірлік Ақанов, Еслям Ақбасов, Құймаш Мұқалиев, Бейсен Алжығанов, Қайрош Қоспапов, Қамзабай Бөкетов, Базарбай Махметов, Қайыржан Бегенов (менің ағам), Қамия апамыз бен Ықыжан жездеміз т.б. Құдай сәтін салып Педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсіп кеттім. Оқыдық. Бес жылымыз студенттік өмірге кетті. Қарағанды қаласының ауасы метан газымен (шахта астынан шығатын) араласып иіс-қоныс болып тұрады. Оның үстіне жер астынан шыққан көмір қоқыстары күні-түні жанып жатады. Осының бәрі ескі Қарағандының берекесін кетіріп, адамның басын ауыртады. Бір сәт ауыл еске түседі. Ауылдың жасыл шөбін, ақ қайыңдарын, Есiлдiң мөлдір суын, жұпар иісті ауасын сағынышпен аңсайды адам. Әсіресе алғашқы жылдары сағыныш сезімі жиі-жиі оялатын.

Уақыт деген жүйрік-ақ. Бес жыл ілезде өте шықты. Студенттік өмірдің қызығы мол. Бірақ бұл өтпелі кезең. Біз мектепке баруымыз керек. Бізді педагогтікке дайындады. Ұстаз болу үшін жалғыз оқу жеткіліксіз, оған қоса тәжірибе қажет, тереңірек айтсақ әр адамның бойына берген табиғи педагогтік дарындылық

кажет. «Педагогтік парызынды адал атқарсаң, педагогтік мәдениетің жеткілікті болса, сонда ғана беделің артады»-деген еді Сәкен Балаубаев п.ғ.д. профессор, пед.практиканың жетекшісі, институтта бізге үлкен дәріс, ақыл, кеңес берген адам.

Ақылды қария – ағынды дария деген, Сәкен сондай адам еді.

Ең алғаш журнал ұстап, сабаққа кіруім 3 курста жүргенде болды. Қарағанды қаласындағы № 2 қазақ мектебі болатын. 30-35 оқушы бәрі жаутандап, мөлдір көздері саған қарайды. Оның үстіне он шақты студент - әріптестер артында отырып, ауыздан шыққан әр сөзінді аңдиды. Бар сенетініміз жетекші С.Балаубаев қана. Асықпа, саспа, бар ісінді жоспар бойынша орындап шығуға тырыс деп алдында ақыл кеңес берген еді. Жалғаймын деп үзіп алма, түзеймін деп бұзып алма деген мақалды есінде мықтап ұста деген еді. Сөйтіп бірінші және одан кейінгі сабақтар да өтіп жатты. Бой үйренді. Сабақ бере аласың деген пікірге ыразы болып қалдық.

Соңғы курс. Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданының орталығы Атасу, жеріндеміз. Ондағы Ленин орта мектебіне 17 студент соңғы практикаға келдік. Құдайдың берісі ғой мұнда менің апа-жездем тұратын. Тұрмысымыз да, құрметіміз де жаман болған жоқ. Осы мектептің мұғалімдеріне де, оқушыларына да, ата-аналарына да мың бір рахмет. Сыйлады, үйретті, аса құрметтеп шығарып салды. Өз оқыған Ленин орта мектебіме ұқсайтынына таң қалдым. Жігерлі жастар сабақтан тыс жұмыстарды домбыра ансамбілін, спорт секцияларын құрып, түрлі кештер өткіздік, пьесалар қойдық. Сол екі жарым айда оқытушылардың да, оқушылардың да, ата-аналардың да көңілін көтеріп, ойы-

нан шықтық.

Институтты аяқтадық. Өмірге жолдама алдық. Содан бері талай-талай тағдырларға жолықтық. Қарағанды қаласындағы № 32 қазақ-орыс аралас мектебінде математика пәнінің мұғалімі және директордың өндірістік оқу ісі жөніндегі орынбасары болып алғаш еңбегімді бастадым. Онда бес жыл қызмет істеп, ауа райының әкс-шешеме жақпауына байланысты Қызылжарға көшіп келдім. Іні-қарындасым оқуға түсіп, қызметіне шығып, өз қолдары өз аузына жеткен кезі болатын.

Қызылжардағы № 2 мектеп-интернатына сол бұрынғы қызметім бойынша орналастым. Шіркін елімнің ауасы да, топырағы да өзгеше-ғой!

Ақыл-кеңес берген сол кездегі мектеп-интернат директоры Ғалым Хамзин және облыстық оқу бөлімінің басшысы Виталий Иванович Сақун болатын. «Еліңді қайтесің қалада қал, қызметсіз болмайсың, пәтер кешікпей болады» – деген соң келіспеуге шара болмады. Осы оқу орнында табаны күректей сегіз жыл істеп, үлкен сыннан, үлкен өткелден өткенімді өзім де байқамаппын. Кемеліме келіп, толығып, ұстаздық шеберлігімді ұштап, Ғалым Хамзин, Бөрменбай Темірболатов, Ғиззат Ғаббасов, Василий Петрович Курилов, Шәміл Құсаинов, Мұхаметқали Ибраев, Ескендір Дәрібаев сияқты ағалардан Рашида Азаматова, Мәриям Мырзатаева, Күлбарам Қасимова, Қайнен Жаманбаева, Алма Сәдуақасова, Жәмилә Сүлейменова, Алма Ниязова сияқты апалардан үлгі алғаныма аса қуанып, мақтаныш сезіммен қараймын. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы, біреудің ақылы мол, біреудің қасиеті зор дегендей сол кезде әр түрлі, әр қилы адамдар бір ұжымға біріктік. Өзіңді зор тұтпа, өзгені қор тұтпа

дейді халық. Алғашқы толқын ағалар, одан соңғы құрдастар, соңғы толқын інілер бір-бірімізді толықтырып, қызмет істедік. Солардың ішінде көңілдес достарым Ертай Оспановты, Шәйза Оспанованы, Алла Абдрақованы, талапты, талантты, кіші әріптестерім Сабыр Сеңкібаевті, Зәуреш Қайырбекованы, Серікбай Құсайыновты, Жақсылық Ғалиевті атап өтпеуге болмайды. Ұстаз болдық, сонда да ұстаздардан үйрендік. Су ағады, тас қалады, кәрі кетеді, жас қалады деген сөз бар. Сол рас, кәрілердің көбі кетті. Бірақ олар біздің көкірегімізде көпке дейін сақталады.

Табаны күректей сегіз жыл ұстаз болыппын осы аталмышты мектеп-интернатта. Өндірістік оқудың басқарушысы болғаннан кейін еңбекке тәрбиелеу басты міндетім болатын. Қыздарды тігіншілікке, үй шаруашылығына баулу, ұлдарды автомобиль жүргізушілікке үйрету, лагерь арқылы қол еңбегіне тарту деген (ол кезде) үлкен іс болатын. Солардың бәріне оқушы да, ұстаз да шаршамайтын. Сүйіп істеген іс шаршатпайды. Қалың ағаштың қисығы болмайды дегендей, жастардың күш-қайраты болғандықтан еңбектен тайынбайды, бәрі де белсене бір кісідей еңбек етті. Өмірге үйренді. Өнерлі баланың он саусағы тең, өнерсіз баланың бір саусағы кем деп қазақ тегін айтпаған. Баланың бәрі өнерлі болып тумайды. Қолына балға, балта ұстап көрмеген балалар лагерьде асхана, жатақхана, клуб салып, ойын, шомылу алаңдарын жабдықтады, жеміс, жидек ағаштарын отырғызды, картоп пен бидай өсірді. Осындай жан-жақты тәрбиенің арқасында түлектер көп нәрсені үйреніп шықты. Солардың ішінен Шопанаев Қайырлы (Республикаға еңбек сіңірген құрылысшы, парламент депутаты болған), Ғайсин Ғалымбек (облысқа белгілі қызметкер), Омаров Ербү-

лан (белгілі инженер), Есенбеков Темірғали (филология ғылымының докторы, профессор), кәсіпкерлер: Баймұқанов Дәстен және Қайрат Қадіралин, өнер иелері: Омаров Ұлан, Әлтаев Жәдігер, Бердібеков Қайырлы сияқтыларды айтса да жеткілікті болар.

«Ұстазсыз шәкірт тұл». Бірақ бір адам бір шәкіртті де тәрбиелей алмайды. Ол көптің ісі. «Аққу құстың төресі, жалғыз жатып оттамас» деген мақал бар. Сондықтан «мынау менің шәкіртім, мен тәрбиелеп шығардым» деген ұстаздың астамшылық жасағандығы болады. «Бала тәрбиесі – ұлы өнер, оны меңгеру үшін бір өмір аз болар» - деген екен бір ғұлама. Сол ұлы іске үлес қосқаныңа ғана мақтануға болады.

Мен педогогтік жолды таңдадым. Оған өкінбеймін. «Мен» десем өзіме тиеді. Ал осы жолда аз шығындалмадым. Макаренко, Сухомлинский, Бабанский, Алтынсарин сияқты ұлы педагогтардың еңбектерін оқыдым. А.С.Макаренко системасын енгіземін деп екі-үш жыл әуреде де түстім. Оның «Педагогикалық поэма» деген кітабының басты кейіпкері Семен Калабалинмен (шын фамилиясы Карабалин) кездестім. Ол баяғыда (колонияда тәрбиеленіп жүргенде) көршілерінің шошқасын ұрлап, ойгілі ұры атанған еді. Соғысқа қатысып, жаралы болып оралады. Өмірінің соңғы күніне дейін жетім балалар (панасыз балалар) үйін басқарады. Әрине босқын балаларды тәрбиелеу жөнінде көп ақыл-кеңес алдық ол кісіден.

Еңбек жолым үш-ақ жерде өтті: Қарағандыдағы № 32 орта мектеп (5 жыл), Қызылжардағы № 2 облыстық қазақ мектеп-интернаты (8 жыл директордың орынбасары, 11 жыл осы мектептің директоры), облыстық оқу бөлімінің инспекторы (10 жыл). Оқу бөлімінде екі рет болып, мектеп-интернатқа екі рет ауыстым. Қызметі-

мнің көпшілігі жетім, жартылай жетім балалармен, көп балалы аналармен байланысты болды. Сондағы кокейде жүрген түрлі ойлар, болушы еді. Оның ең бастысы жетім балалар үйін жауып, балаларды жанұяларға таратып беру болатын. Бұл ой жалғыз менің ғана мақсатым болмайтын. Өмір талабынан туындаған жалпы арман болатын. Осыған орай ұйымдастырылған Дудников, Гордеев, Корольков, Құлыбеков «Жанұялық балалар үйлерін» ұйымдастыруға қатысқаным қуаныштымын. Казармалық балалар үйінен жанұялық балалар үйіне көшу имандылықтың аса бағалы түрі деп есептеймін. Әттең бұл жұмыс әлі күнге дейін аяқтала қойған жоқ. Өмір бойы басшылық жұмыста болдым. Бірақ балалардан алшақтап кетпедім. Қайта оларға жақындай түстім. Мәселен интернатта жүргенде мұғалім сабағын беріп кетеді, тәрбиеші сабақтан кейін келеді, ал директор болса осы екі мезгілде де жұмыс істейді. Бөлменің жылуы, тамақтың дер кезінде дайын болып, дәмді дайындалуы, тәрбиеленушілердің таза жүріп, дұрыс дем алуы т.б., тікелей директордың бақылауында болады. Интернат жағдайында балалар директорды өз әкесіндей жақын көреді, онымен мұң-мұқтажы жайында сырласа алады. Өйткені директор алдымен ұстаз, әрі тәрбиеші, қолында билігі бар басшы – қамқоршы. Оған балалар үлкен үмітпен, сеніммен қарайды. Сол сенімді, сол үмітті ақтай алдық па деген сұрақ туады. Өйткені балаларға берген жақсы жылуыңда, сүреңсіз берген ызғарың да оның жадында жатталып қалатыны сөзсіз.

Менің түсінігім бойынша көп жылдан алған іс-тәжірибем бойынша байқағаным – балаға ұрсып-зеку дұрыс тәрбие бермейді, қайта оның адамгершілігіне нұқсан келтіреді. Ұстаз білімімен, жанжақтылығымен,

бүкіл болмысымен тәрбиелейді. Ұстаздың биязылығы, әдептілігі, кішіпейілділігі, мәдениеттілігі тәрбиенің нағыз көзі болмақ.

Иә, “...қалдырған ізің мәңгілік” деген ән жолдарындағыдай 35 жылға тарта өмірімді балалар тәрбиесіне, педагогтық қызметке арнаппын. Бұл менің артымда қалдырған ізім екені талассыз. Кеуделерінен жалын атқан, болашақтарынан үміт күттіретін арыстандай айбатты бүгінгі жас түлектердің арасында кезінде алдымнан дәріс алып, білім сусындап шыққан менің де оқушыларымның бар екендігі кеудеме қуаныш ұялатады.

Зейнетке шығып, қазіргідей арқа кеңіп, бос уақыт молая түскен шақта олардың өсу-өрлеу жолдарын әрдайым жіті қадағалап отырамын. Олардың бірі туралы қандай да бір жақсылық ести қалсам, төбем кокке жетіп, көңілім өсіп қалады. Оқушыларымның алған биігіне өзім шыққандай күй кешемін ондай сәттерде. Ал, анда-санда, мерекелер тұсында олардан хат-хабар, құттықтаулар келген жағдайларда тіпті де мерейім тасып, марқайып қаламын! Мұндайда “Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан” болады деген Абай атамыздың сөзі оралады көкейге.

Соңғы жылдары қалаға – Петропавлға бұрнағы жылдары облыстың әр аудандарында мұғалім, мектеп директоры болып қызмет істеген көптеген әріптестерім қоныс аударып келіп жатыр. Әрине зейнетке шыққан олар қартайған шақтарында кіндік қандары тамған туған елін, жұртын тастап, қалаға бұлауға (ван-ныйға) түсіп, қалғып-шұлғып жан бағу үшін келіп жатқан жоқ. Бұл да болса, уақыт қыспағы, нарықтың ауыл өмірін түмшалай түскен ауыртпалығының бір салдары деп ұққан жөн. Қартайған шақтарында түр-

мыстың қиындық қамыты жүйкелерін қалжыратқан олардың қала, қала маңындағы балалалары мен туған-туыстарының қанаттарының астына жақындаулары, әрине табиғи заңдылық.

Мектепте істеген жылдарымның, әсіресе басшылықта істеген – мектептің педагогикалық ұжымын басқарған жылдарым айтарлықтай жемісті және қызықты болады десем жаңсақ айтпаймын. Себебі бұл жылдары мен негізгі міндетім – оқушыларға білім берумен қатар үлкен педагогтар ұжымын творчестволық істерге жұмылдыруға жауапты болдым. Оқыту-тәрбие үрдісін біліктілікпен сапалы жолға қою, ұжымды қайтарымды еңбекке бастау көп ретте мектеп директорының іскерлік талантына байланысты екені жасырын сыр емес. Осы орайда мен еңбектес әріптестерімді уақыт талабына, заман ағымына қарай бейімдей түсу үшін басқа мектептермен тәжірибе алмасу, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру мақсаттарында түрлі ашық сабақтар, оқыту-тәрбие жұмысының өзекті проблемаларына арналған конференциялар ұйымдастыруды кеңірек практикаға енгіздім.

Соның арқасында облыс аудандары мен қала мектептерінің мақтаулы ұстаздары, тәжірибелі директорлары мен олардың оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары біздің мектепке жиі қатынап тұрды. Кезегі келгенде біздің мектеп мұғалімдері де аудандарға іс сапарларға шығып тәжірибе алмасып жүрді. Өз басым ұйымдастыру, шаруашылық мәселелері бойынша облыс басшыларына, облыстық білім беру басқармасы басшылығына, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының және педагогикалық институттың басшылығына жиі шығып, олармен қоян-қолтық жұмыс істедім. Мұндай екі жақты және үш жақты

кездесулердің мектептің жалпы жұмысын жақсартумен қатар, адами таныстық-білістік үшін де оң ықпалдар тигізгені даусыз. Түрлі бұқаралық шараларға қатынасу барысында біз бір-бірімізді тереңірек тани түсетінбіз. Осындай жиі жолығысулар нәтижесінде жолдастарым мен достарымның адамгершілік парасатпайымдары, олардың өмірге деген көзқарастары туралы тың ойлар қорытындылайтынмын. Ал, көп жүріп, мол байқау, аз сөйлеп көп тую мұғалімдер үшін де, басқалар үшін де маңызы зор.

Көңіл қошын көркейте түсетін сондай кездесулерде мен облыстың тандаулы мектептерінің бірінен саналатын Николаевка орыс-қазақ орта мектебінің директоры “Ленин” орденінің иегері Асқар Игібаевпен жүздесуге асығатынмын. Білім беру саласының тарланы саналатын Асекенмен ой бөлісіп, пікір таластыру бір ғанибет-тін! Сондай-ақ, мен басшылық жетегіне жегілген сол кезеңдері осы салада көп жыл бойына адал да абыройлы еңбек етіп, шәкірттері мен халық алғысына бөленген талай мектеп директорларымен достық көңілдегі қарым-қатынаста болдым. Олардың әрқайсысы өмір жолдарын кестелі істерімен көмкерген, мақтауға да, мақтануға тұрарлық ұстаздар болатын.

Мәселен, Шекен Қасымов (кезінде мен оқыған мектеп) Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінің директоры, шебер ұйымдастырушылық қабілеті, тәлімді тәрбисі арқылы мектеп туын жоғары ұстаған директор. Ол кезінде осы мектепке басшылық еткен Шияп Садыков ағасының өнегелі де бай дәстүрін жетілдіре, өркендете түскен тынымсыз, ұйымдастырушы ретінде лениндіктердің есінде мәңгі сақталады.

Оқушылар алғысына бөленіп, түлектер жадында мәңгі жатталған тағы бір директор әріптесім – Қайрош

Қоспанов. Алғашында Кривошеков, кейін Арқан арнаулы мектеп-интернатының педагогикалық ұжымын басқарған ол тағдырлары жүрек жылуын мол қажет ететін, қайырымды да кең пейілді жандарға үміт артқан жәудір көздердің ыстық ілтипатына боленген мерейлі ұстаз.

Қай мұғалім болмасын бала оқытқанда оны жақсы етейін, оның санасына адамгершілік, ізгілік нұрын себейін деп талпынады. Алайда олардың табиғат сыйлаған таланттары әртүрлі. Сондықтан біреу қанша ұмытса да шәкірттеріне жүрек шуағын жеткізе, бойындағы білімін оның түйсігіне қондыра алмағандықтан тез ұмытылады. Ал бәз біреулер, баланы шынай сүйетіндіктерінен, оқыту-тәрбиесін шебер меңгергендіктен оқушыларды сабақта болсын, сабақтан тыс шараларда болсын тез үйіріп, олардың білімге-ғылымға деген құштарлықтарын қапасыз оятып, жүрек қылын дәл шертетіндіктерімен шәкірттерінің көңіл төрінен орын алады. Шексіз алғысқа ие болады. Ал, ол дегенің педагогикалық өнердің шыңын меңгерді деген сөз.

Ал бала жүрегінің мұндай инженерлері зерделеп қарар болсақ облысымызда тіпті де аз емес. Мен жоғарыда есімдері аталған педагогикалық еңбектің тамаша шеберлерінің қатарына, сол 60-80 жылдарда өзіммен еңбектес болған Мағел Басыбаев, Елтай Жүсіпов, Жасұлан Қадіров, Әбжан Қожабеков, Ғазез Жахин, Құрмаш Баязиев, Әбжан Ыбыраев сынды ж.б. бірқатар мектеп директорларын ойланбастан қосар едім.

Облысымыздың балаларға білім беру жүйесі саласында шаршамай-талмай татымды еңбек еткендер туралы ой қозғағанда, сол жылдары облыстық білім беру басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген, еңбек адагері, осы саланың үздігі Қайролла

Мүқанұлы туралы жылы сөз айтпай кету қиын. Ширек ғасыр өмірін ұстаздардың “ұстазы болып” басқару саласында тындырымды істерімен көзге түскен бұл азамат қазірде зейнеттік демалыста болса да, осы күнге дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, оқыту-ағарту ісіне атсалысып келе жатыр.

Сөз соңын жақында ғана Аламаты қаласында өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің кезекті съезінде сөйлеген елбасымыз - Н.Ә.Назарбаевтың “Заманның сыншысы да, тарихшысы да – бүгінгі жастар” деген баяндамасындағы мына сөздермен аяқтағым келеді:

Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең “сынампаз” бөлігі болып табылады. Білім саласы қызметкерлерінің отаншылдығы халықтың басқа буындарымен салыстырғанда анағұрлым ауыр қиындықтарды бастан кешіре отырып, жастарға өзінің бойындағы бар білімін беріп қана қоймай, оларды адалдық, адамдық, тазалық, гуманизм, Отанды сүйе білу секілді асқақ сезімдерге тәрбиеленуінен де танылады. Патриотизімнің биік бір белгісі осы емес пе?

Міне, еңбек бағаланды деген осындай-ақ болар! Қатардағы мұғалімін Президенті ардақ тұтқан, көшедегі жастарды мақтаныш еткен осындай елде – Қазақстанда туып, еңбек еткенімді мен әрқашан да өзіме бақыт санаймын және мақтан етемін.



8. АТА ТЕГІМ - ТҮП ТАМЫРЫМ

Жеті атасын білген үл

Жеті жұрттың қамын жер... деген халық мәтелі бар. Бұл жерде ата-бабалар дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру хақында болып отыр. Бұл дәстүрдің түп тамыры – шежіре. Сол шежірені тармақтап таратқан талай тарихшылар болған. Бірақ халқымыздың ши-майланып қалған тарихы, үзіліп қалған салт-дәстүрі шежіреге де әсер етпей қойған жоқ. Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі деген сөз де тегіннен айтылмаған. Сол жетімдікті 20-ғасырда көрдік. Жаңа ғасырда жаңарып, есімізді жиып, егемендікті алғаннан кейін ата тегімізді іздеуге кірісіп жатырмыз. Бір атамyz айтқан екен:

Атамыз Арғын, Қыпшақ, Қоңрат, Найман,
Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған.
Бабамыз Арғынан Ағжол туып,
Тарадық он екі ата Атығайдан

(ел аузынан)

Бұл шумақ Орта жүздің біразын қамтып отыр. Оны жазған кісі Арғын ішіндегі Атығай елінен екендігі көрініп тұр. Бірақ Орта жүзден Керей, Уак рулары айтылмаған. Шежіре зерттеп, ата қуған адамдар аз болған жоқ. Батыс пен Шығыс ғалымдары, оның ішінде Дулати, Шоқан одан соңғы Шөкәрім, Мұхаметжан, Мәшһүр Жүсіп шежіре зерттеп жазды. Абай мен Марғұлан да көп мәселені айтып кетті. Әрине Араб, Грек, Қытай, Парсы т.б. жазу мәдениеті ерте дамыған елдерде тарихи шежірелер, түрлі тасқа басылған жазылымдар халқымыздың көне халық екендігін дәлелдейді.

Біздің ата тегіміз – қазақтар көшіп-қонып жүрсе де түркі тілдес тайпалардың негізінде пайда болған біртұтас қалың ел. Бұл Абай айтқандай жерінің аумағы ұланғайыр, өз жерінде өзі көшіп-қонып жүрген ел, жаз

жайлауы, қыс қыстауы дегендей!

Қонысы, жер аумағы, ежелгі ру-тайпалар құрамы бойынша қазақ жері үш жүзге бөлінген.

1. Ұлы жүз – төрт ата: Қаңлы, Үйсін, Жалайыр, Шанышқылы.

«Ұлы жүз – Үйсін» деп атайды. Ақ Арыс, Төле би шыққан жер. Халық «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой» дейді.

2. Орта жүз – алты ата: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңрат, Керей, Уақ. Оны «Орта жүз – Арғын» - деп атайды. Бек Арыс, Қазбек би шыққан жер. Халық «Орта жүзді қалам беріп, дауға қой» – дейді.

3. Кіші жүз – үш ата: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру. Оны «Кіші жүз – Алшын» - деп атайды. Жан Арыс, Әйтеке би шыққан жер. Халық «Кіші жүзді найза беріп, жауға қой» – дейді.

Осы үш жүздің ұрпақтарын жиып теріп, тізе берсен бірнеше миллионға кетері сөзсіз. Сондықтан осы көптің арасынан өз ата-бабаларымызды тауып алуға тырысайық. Шым-шытырық шежірені қаз қалпына келтіру мүмкін емес. Мәселен бір атадан тараған тұқымды әр түрлі атпен жазады, яғни не ағасын, не інісін, не баласын жиі атайды. Екінші біреуі керісінше ауыстырып қояды. Дегенмен екеуінде де қателік жоқ. Шындығында зерттеуші ғалымдардың жазып кеткен мұрасын (шежіресін) теріске шығаруға да болмайды, оған біздің шамамыз да келмес.

Сайып келгенде аздап қалам тартып жүрген біздерге жеті атамызды дәлірек жазып кетсек болашақ алдындағы борышымыз аз да болса ақталды деп айтуға болады.

Орта жүздің бір тармағы Арғын. Оның қай жерлерді мекендегені, қалай тарағаны туралы талай тарихи деректер мен аңыз, ертегілер бар. Арғыннан қанша бала туғаны жөнінде деректер көп емес. Алайда Арғыннан туған Дайырқожа (Екінші балама аты Ақжол) екені көп жерлерде айтылады. Сол Дайырқо-

жадан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбіссопы, Болатқожа, Мейрамсопы тарайды. Осы алты атадан он екі ұрпақ тарайды: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек, Қанжығалы, Тобықты, Бәсентйін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ.

«Он екі ата Атығаймыз» дейтіні де осы туыстарының санына қарай айтылған шығар. Одан соң бір атамыз соның ішіндегі беделдісімен атау қазақта ежелгі дәстүр. Екінші бір деректерде Атығайдың өз балаларының саны он екі болған, сондықтан «Он екі ата Атығай» деп аталады делінген. Қалай десе де қателік жоқ.

Сонымен Қарасопыдан Қарауыл, Сарысопыдан Атығай туады. Атығай мен қарауыл Қазақстанның Солтүстік (Қызылжар, Кокшетау, Ақмола) өңірін мекендеген ел. Омбы жерінде де бар.

Ата тегіміз Арғыннан басталады деген сызбада кейбір аталар жол-жөнекей қалып отырады. Осы тізбектен өз аталарымызды шығарып алу үшін жасалған бұл әдіс дұрыс та болар. Қабайдан тарайтын Айтқожа, Барғана, Натақ, Нарбота аталарымыздың осы сызбасында көрсетілмеген бүгінгі ұрпақтардың кейбірін атап өткен жөн болар.

1.Шабатайдан - Нөгербек, Әуілбек, Токтарбек туады. Нөгербектен-Бөлкей, Нұрмақан, Жөнпейіс туады. Әуілбектен-Кәли, Қабас, Әлпейіс, Үмітжан, Кәмел туады (соңғысы менің шешем). Кәлиден-Қабдірахман мен Қапия туады. Қабастан-Сәлім, ал одан Абай, Сәбит, Жұма, Бибігүл, Айгүл, Әлия туады.

Қалқадан - Бекмырза мен Токмырза туады. Токмырзадан-Нұрпейіс, Алғожа, Мұқан, Ғалымжан, Хамит туады (соңғысы менің жездем).

2.Бейсенбіден - Тәркеш, Дәукен, Қаби, Жібек, Марал... туады.

Қабділбәриден - Төкен, Сәуле, Бақыт туады.

Жұмадан - Темірболат, Айдос, Жомарт және Құлбәршін, Көгершін, Зере туады.

Ғазезден-Нұрлан, Нұрболат және бірнеше қыз.

Қабыштан (Зейнілғабиден)-Ербол, Ерген,... туады.

3.Қазиден - Кеңес, Майраш, Бақыт туады. Садуақастан-Зият, Жөния туады.

4.Зікіриядан - Сәлтай, Ермағанбет (Ермөшке), Төлеген (Төлеш), Жиренше (Танта) және 4 қыз: Мәки, Шайзада, Мұхтар, Мәуеш туады.

5.Ақпанбеттен: Есқак, одан Мағауия, Ерғали, одан Шияп, Жар одан Мұқаш пен Бекет, Әлмағанбет одан Мереке, Уәп одан Серік туады.

Күләндем туады. Мұқаштан-Есілгөл, Бекен, Сейдіғали, Қайыржан туады.

6.Қази мен Бәйтеннен ұрпақ жоқ. Рақымжаннан - Дулат, Талғат, Қанат, Талғар; қыздар - Раушан, Балғын, Құрақ, Әйгерім, Райхан, айдын туады. Дүйседен-Болат, Марат және Алма мен Көгершін туады.

7.Әміржаннан (Майлан) - Қаршыға, Сыздық, Қайрат, Қайыргелді және 2 қыз туады.

8.Имактан - Қабдуәли (Тарбақ), Ахметжан, Мүкамедия (Мөтөк) және Дөрмен мен Бикеш туады. Қабдуәлиден - Қайыржан, Нұржан, Айгүл... туады. Ахметжаннан-Дәуренбек, Болатбек, Руслан және Сәуле, Баян, Әсем, Аққоян туады. Мүкамедиядан- 3 ұл, 2 қыз туады.

9.Махметтен - Қамаш пен Әйкеш туады.

10.Тәжібайдан - Өкеш пен Тойжан және Айжан туады. Өкештен-Манарбек, Бауыржан, Қорған, Махамбет және Қарлығаш, Бұлбұл, Алмаұл, Орынша туады.

11.Ырысбайдан - Шопан, Шоқан және Бөпеш, Сәли туады.

12.Қаражаннан - Борап, Амангелді, Аманжол және Ләззат туады.

13.Ишанғабылдан - Бәйкеш туады.

14.Есеттен - Ережеп мен Қапия туады. Ережептен - Ербол мен Серік және Роза, Жуза, Ботагөз, Дөмеш, Ұлболсын, Зоя, Айман, Шолпан, Раиса туады.

Ербол мен Серік және Роза, Жуза, Ботағоз, Дәмеш, Ұлболсын, Зоя, Айман, Шолпан, Райса туады.

15. Мүсеттен - Әлти, Мағрипа туады.

16. Шалдан - Темеш, Игібай және Заку туады. Темештен - Дәулет, Думан, Қайрат, Қанат, Дәуренбек және Күләй, Бекзат, Самал туады. Игібайдан - Жанат пен Шота және Гүлнәр туады.

17. Жағышардан - Мәруар мен Жамал туады.

18. Таласбайдан - Қуанышбай, Аманжол, Қайнет және Мәриям туады. Аманжолдан - Ғабиден, Димаш және Әлия, Ғалия және Бақыт туады. Қайнеттен — Ғаббас (Жарқын), Науқан, Еңбек және Нүрия, Ботағоз, Дина, Данагүл туады.

19. Нұртазадан - Қамия туды, одан Зейни туды.

20. Бегеннен - Естекен және Нақия, Байшым, Сәмия туды. Естекеннен - Мәриям, Нағима, Бақыт деген үш қыз туды.

21. Шегеннен - Қадірәлі, Бәтия туды. Қадірәліден — Қайыржан, Ғалым, Әлім, Сара туды. Қайыржаннан — Қанат, Салауат және Салтанат туды. Ғалымнан — Қайрат, Азамат және Айман туды. Әлімнен — Бүркіт және Шолпан, Күнсулу, Айгүл туды.

Ауылым — түп қазығым, ата тегім — түп тамырым. Екеуі де маған, менен кейінгі балаларыма, немерелерім мен олардан кейінгі ұрпақтарыма қажет. Ата тегімізді ұзартып, ұрпақ жалғастырған жеңгеміз Ырымтай, келініміз Үмітжан, жұбайым Рауза. Ендігі әулет жалғасымыз - Қызым — Айман, ұлдарым — Қайрат пен Азамат және олармен қосылып жанұя құрып жатқан күйеу балам — Абылайхан, келін балаларым — Гүлхан мен Жанат. Ал олардың балалары, мен үшін балдан тәтті немерелерім — Руслан, Жасұлан, Әйгерім, Темірлан да сртең-ақ ержетіп, ата даңқына сай азамат атанып, Қадірәлиндер әулетінің отын мәңгі маздата береді деп үміттенемін және сенемін. Құлыншақтарым тек өз атасын ғана емес, сондай-ақ арғы ата-тегін жан-

жақты біліп жүрсін деген асыл оймен жаздым осы шежірені.

Ата-тегін түгендей жүрген жағдайда, баларым мен немерелерім негізінен мына нұсқаны естерінде сақтаса абзал:

Арғын – Дайырқожа (Ақжол) – Сарысопы – Атығай – Бәйімбет – Жоламан – Дәулетей – Қалқас – Қабай – Нарбота – Мыңқара – Мыңбай – Бадана – Шеген – Қадірәлі – Ғалым.

Әрине, шежіре жазу жеңіл емес, ал оны тырнақтап жинау одан да ауыр жұмыс. Бұл тектік сызба өткен шежірелерге сүйене отырып, көнекөз адамдардың айтқандарын, жазып кеткендерін ескере отырып, құрастырылды.

Осы орайда, әсіресе бірқатар нақты деректер мен пайдалы кеңестер берген ағамыз Әміржан Әубәкірұлына үлкен алғыс білдіремін. Сонымен қатар осы еңбекті жазу барысында топырағы торқа болғыр, марқұм Рақымжан Әбілұлы мен Мәжит Мұқанұлының ұрпақтарына тастап кеткен қолжазбалары да осы кітап үшін сүбелі септігін тигізгенін айта кету ләзім.

Талай жылдан бері ойға алып, марғайған шақта ғана сәті түсіп, оң шешімін тапқан осынау азын-аулақ еңбегімді, өз басым балаларым алдындағы орындалған көп парызымның бірі деп білемін. «Өлгендердің өлмей тірі қалуы - тірілердің жиі еске алуы» дегендейін, бастысы- ұрпақтар сабақтастығы ұмытылмаса екен.

Көкірегі ояу, көзі ашық оқырман сіздердің парыздарыңыз – атадан-балаға, баладан-немереге мұра болған қазақи шежіре тарату сырын терең ұғынып, мүлт кеткен жері болса, толықтыра жүріп, келесі ұрпаққа із тастау.



**Менің әкем Шолпан, Күнсұлу, Қайрат
немерелерімен**



Жасұлан немереммен



Руслан



Тимур

немерелерім



Әйгерім немереммен

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
1. Біздің Сәбен	6
2. Жарқыраған жұлдыз еді	13
3. Гера	37
4. Абай жеріне сапар	48
5. Жайлаубай	56
6. Жылқы - ата малымыз	62
7. Аңсаған менің ауылым.....	68
8. Ата тегім – түп тамырым.....	111
9. Ата тегіміз Арғыннан басталады (сызба түрінде).....	119

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

«АҢСАҒАН МЕНІҢ АУЫЛЫМ»

Редактор: Амантай Арықбаев

Корректор: Социал Жұмабаев

Басылымды дайындаған: Бибүгіл Құлымова

Техникалық редакторлар: Назаренко В.В.

Техникалық редакторың орынбасары: Красников Е.А.

Теруге 20.04.2001 ж. жіберілді. Басуға 20.05.2001 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 4/16, қағазы офсет. Қаріп түрі "Таймс".

"RISO" аппаратында басылған. Шартты баспа табағы 7,6.

Таралымы 500 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Қазақ мемлекеттік заң академиясы Солтүстік Қазақстан филиалының

жедел полиграфиялық бөлімі,

Петропавл қаласы, Мир көшесі 91 үй.